

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы  
JOURNALISM Series  
Серия ЖУРНАЛИСТИКА

№4(153)/ 2025

1995 жылдан бастап шығады  
Founded in 1995  
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза в год

**Бас редакторы:** Қайрат Сақ, *филол.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан*  
**Бас редактордың орынбасары:** Амангелді Шурентаев, *PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан*  
**Бас редактордың орынбасары:** Татьяна Лебедева, *филол.ғ.д., профессор Еуропа PR институтының атқарушы директоры, Франция, Париж*

**Редакция алқасы:**

|                               |                                                                                                                                |
|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Авшар Закир</b>            | PhD, профессор, Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия                                                                  |
| <b>Алиев Вугар</b>            | PhD, профессор, Баку мемлекеттік университеті, Әзербайжан                                                                      |
| <b>Асанов Камашке</b>         | филол.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қазақстан                                                      |
| <b>Әбішева Вера</b>           | филол.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қазақстан                                                      |
| <b>Әуесбай Қанат</b>          | филол.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан                                                    |
| <b>Әшірбекова Гүлмира</b>     | филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                                    |
| <b>Байғожина Дана</b>         | PhD, қауымд. профессор м.а., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                           |
| <b>Гавра Дмитрий</b>          | ә.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей                                                             |
| <b>Есдәулетов Айтмұханбет</b> | филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                                    |
| <b>Есенбекова Ұлбосын</b>     | филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                |
| <b>Зор Локман</b>             | PhD, қауымдастырылған профессор, Нийде Өмер Халисдемир университеті, Түркия                                                    |
| <b>Кендірбай Гүлнар</b>       | PhD, профессор, Колумбия университеті, Нью-Йорк, АҚШ                                                                           |
| <b>Қуантаев Нұржан</b>        | филол.ғ.к., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                                            |
| <b>Ниязғұлова Айгүл</b>       | PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан                                                      |
| <b>Окай Айдемир</b>           | PhD, профессор, Абант Иззет Байсал ат. Болу университеті, Түркия                                                               |
| <b>Омаров Бауыржан</b>        | филол.ғ.д., профессор, ҚР Президентінің кеңесшісі, Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры, Астана, Қазақстан |
| <b>Пронин Александр</b>       | филол.ғ.д., профессор, Гранада университеті, Испания                                                                           |
| <b>Сайлауқызы Алма</b>        | PhD, Adjunct Assistant профессоры, MNU, Астана, Қазақстан                                                                      |
| <b>Сердәлі Бекжігіт</b>       | филол.ғ.к., профессор, Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан                                                               |
| <b>Тахан Серік</b>            | филол.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                                 |
| <b>Тоқтағазин Мұратбек</b>    | филол.ғ.к., проф. м.а., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                                |
| <b>Тұржан Оңайгүл</b>         | филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                                    |
| <b>Халилов Әбдігани</b>       | PhD, профессор, Ж.Баласағұн ат. Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан                                            |
| <b>Шестеркина Людмила</b>     | филол.ғ.д., профессор, Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, Челябин, Ресей                                                  |
| <b>Шиндалиева Меңдігүл</b>    | филол.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан                                                                 |

**Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова**

**Техникалық хатшы: Рима Шакуова**

**IT-маман: Нұржан Көшкенов**

**Редакцияның мекенжайы:** 010008, Қазақстан, Астана қ., Янушкевич к-сі, 6, 304 каб.  
**Тел.:** +7(7172) 709-534, (ішкі: 35 301). **Сайт:** [buljourn.enu.kz](http://buljourn.enu.kz). **E-mail:** [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген.

15.02.2021 ж. № KZ07VPY00032398 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 17 дана.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

Тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі 31-413)

**Editor-in-Chief: Kairat Sak**, *Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**Deputy Editor-in-Chief: Amangeldy Shurentayev**, *PhD, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan*

**Deputy Editor-in-Chief: Lebedeva Tatiana**, *Doctor of Philology, Prof., European PR Institute, Paris, France*

#### **Editorial board:**

|                              |                                                                                                                                                                     |
|------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Avshar Zakir</b>          | PhD, Professor, Hadji Bayram Veli University, Ankara, Türkiye                                                                                                       |
| <b>Aliev Vugar</b>           | PhD, Professor, Baku State University, Azerbaijan                                                                                                                   |
| <b>Asanov Kamashke</b>       | Doctor of Philology, Professor, Buketov Karaganda University, Kazakhstan                                                                                            |
| <b>Abisheva Vera</b>         | Doctor of Philology, Professor, Buketov Karaganda University, Kazakhstan                                                                                            |
| <b>Auesbay Kanat</b>         | Candidate of Philology, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan                                                                                                         |
| <b>Ashirbekova Gulmira</b>   | Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                         |
| <b>Baigozhina Dana</b>       | PhD, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                                                          |
| <b>Gavra Dmitry</b>          | Doctor of Sociological Sciences, Professor, Saint Petersburg State University, Russia                                                                               |
| <b>Yesdauletov</b>           | Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                      |
| <b>Aitmukhanbet</b>          |                                                                                                                                                                     |
| <b>Yessenbekova Ulbossyn</b> | Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                      |
| <b>Zor Lockman</b>           | PhD, Associate Professor, Nigde Omer Halisdemir University, Türkiye                                                                                                 |
| <b>Kendirbai Gulnar</b>      | PhD, Professor, Columbia University, New York, USA                                                                                                                  |
| <b>Kuantayev Nurzhan</b>     | Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                         |
| <b>Niyazgulova Aigul</b>     | PhD, Professor, International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan                                                                               |
| <b>Okay Aydemir</b>          | PhD, Professor, Abant Izzet Baysal University, Bolu, Türkiye                                                                                                        |
| <b>Omarov Bauyrzhan</b>      | Doctor of Philology, Professor, Advisor to the President of the Republic of Kazakhstan, Professor, Department of TV, Radio and Public Relations, Astana, Kazakhstan |
| <b>Pronin Alexander</b>      | Doctor of Philology, Professor, University of Granada, Spain                                                                                                        |
| <b>Sailaukyzy Alma</b>       | PhD, Adjunct Assistant Professor, Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan                                                                                  |
| <b>Serdali Bekzhigit</b>     | Candidate of Philology, Professor, A. Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan                                                                                     |
| <b>Takhan Serik</b>          | Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                               |
| <b>Toktagazin Muratbek</b>   | Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                                |
| <b>Turzhan Ongaigul</b>      | Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                                      |
| <b>Khalilov Abdigani</b>     | PhD, Professor J. Balasagun Kyrgyz State University, Bishkek, Kyrgyzstan                                                                                            |
| <b>Shesterkina Ludmila</b>   | Doctor of Philology, Prof., South Ural State University, Chelyabinsk, Russia                                                                                        |
| <b>Shindaliyeva Menlikul</b> | Doctor of Philology, Professor, Turan University, Almaty, Kazakhstan                                                                                                |

Executive Secretary: **Gulzhazira Yertasova**

Technical Secretary: **Rima Shakuova**

IT Specialist: **Nurzhan Koshkenov**

Editorial office address: 6, Yanushkevicha str., Astana, Kazakhstan, office 304, 010008.

Tel: +7(7172) 709- 534, (internal: 35 301). Website: [buljourn.enu.kz](http://buljourn.enu.kz). E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

#### **Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series**

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.

Rediscount certificate

№KZ07VPY00032398 dated 15.02.2021.

Periodicity: 4 times a year. Circulation: 17 copies.

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 3 (ext.31413)

**Главный редактор: Кайрат Сак**, к.филол.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Зам. главного редактора: Шурентаев Амангельды**, PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Зам. главного редактора: Лебедева Татьяна**, д.филол.н., проф., Европейский институт PR,  
Париж, Франция

**Редакционная коллегия:**

|                               |                                                                                                                                                                                |
|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Авшар Закир</b>            | PhD, профессор, Университет Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция                                                                                                                  |
| <b>Алиев Вугар</b>            | PhD, профессор, Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан                                                                                                       |
| <b>Асанов Камашке</b>         | д.филол.н., профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Казахстан                                                                                                 |
| <b>Абишева Вера</b>           | д.филол.н., профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Казахстан                                                                                                 |
| <b>Ауесбай Канат</b>          | к.филол.н., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан                                                                                                                            |
| <b>Аширбекова Гулмира</b>     | к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                                   |
| <b>Байгожина Дана</b>         | PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                                                  |
| <b>Гавра Дмитрий</b>          | д.соц.н., профессор, Санкт-Петербургский государственный университет, Россия                                                                                                   |
| <b>Есдаулетов Айтмуханбет</b> | к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                                   |
| <b>Есенбекова Улбосын</b>     | к.филол.н., ассоциированный профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                |
| <b>Зор Локман</b>             | PhD, ассоциированный профессор, Университет Нийде Омер Халисдемир, Турция                                                                                                      |
| <b>Кендирбай Гульнар</b>      | PhD, профессор, Колумбийский университет, Нью-Йорк, США                                                                                                                        |
| <b>Куантаев Нуржан</b>        | к.филол.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                                           |
| <b>Ниязгулова Айгуль</b>      | PhD, профессор, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан                                                                                         |
| <b>Окай Айдемир</b>           | PhD, профессор, Университет Абант Иззет Байсал, Болу, Турция                                                                                                                   |
| <b>Омаров Бауыржан</b>        | к.филол.н., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан д. филол. н., профессор, советник Президента РК, профессор кафедры телерадио и связей с общественностью, Астана, Казахстан |
| <b>Пронин Александр</b>       | д.филол.н., профессор, Университет Гранады, Испания                                                                                                                            |
| <b>Сайлауқызы Алма</b>        | PhD, Adjunct Assistant профессор, MNU, Астана, Казахстан                                                                                                                       |
| <b>Сердали Бекжигит</b>       | к.филол.н., профессор, Университет А. Ясави, Туркестан, Казахстан                                                                                                              |
| <b>Тахан Серик</b>            | д.филол.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                                |
| <b>Токтагазин Муратбек</b>    | к.филол.н., и.о. профессора, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                          |
| <b>Туржан Онайгул</b>         | к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                                                                   |
| <b>Халилов Абдигани</b>       | PhD, профессор, Кыргызский гос. университет им. Ж. Баласагуна, Бишкек, Кыргызстан                                                                                              |
| <b>Шестеркина Людмила</b>     | д.филол.н., профессор, Южно-Уральский государственный университет, Челябинск, Россия                                                                                           |
| <b>Шиндалиева Менликул</b>    | д.филол.н., профессор, Университет «Туран», Алматы, Казахстан                                                                                                                  |

Ответственный секретарь: **Гульжазира Ертасова**

Технический секретарь: **Рима Шакуова**

IT-специалист: **Нуржан Кошкенов**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Янушкевича, 6, каб.304

Тел.: +7(7172) 709- 534, (внутренний: 35 301). Сайт: [buljourn.enu.kz](http://buljourn.enu.kz). E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА**

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет № KZ07VPY00032398 от 15.02.2021 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 17 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## МАЗМҰНЫ

### ЖАҢА МЕДИА / НОВЫЕ МЕДИА / NEW MEDIA

|                                                                                                                                              |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>А.Е. Ибрайымов, К. Камзин, А. Сламгажы.</i> Заманалы фактчекинг үкімдерінің медиадағы эволюциясын салыстырмалы талдау.....                |    |
| <i>А.Е. Ибрайымов, К. Камзин, А. Сламгажы.</i> Сравнительный анализ эволюции современных фактчекинг-вердиктов в медиа.....                   |    |
| <i>A. Ibraiyimov, K. Kamzin, A. Slamgazy.</i> Comparative analysis of the evolution of contemporary fact-checking verdicts in the media..... | 7  |
| <i>Ж.Е. Садвакасова, А.М. Шурентаев, Мехмет Топлу.</i> Орта Азия медиасындағы визуалды контенттің рөлі: цифрлық дәуірдегі трендтер.....      |    |
| <i>Ж.Е. Садвакасова, А.М. Шурентаев, Мехмет Топлу.</i> Роль визуального контента в медиа Центральной Азии: тренды цифровой эпохи.....        |    |
| <i>Zh.E. Sadvakassova, A.M. Shurentayev, Mehmet Toplu.</i> The role of visual content in Central Asian media: trends of the digital age..... | 21 |
| <i>Ж.С. Рамазанова, Б.А. Қалиев, Е.Е. Түйте.</i> Цифрлық кеңістіктегі этикалық сын-қатерлер                                                  |    |
| <i>Ж.С. Рамазанова, Б.А. Қалиев, Е.Е. Түйте.</i> Этические риски цифрового пространства                                                      |    |
| <i>Zh.S. Ramazanova, B.A. Kaliev, Ye. Ye. Tuite.</i> Ethical Issues in the Digital Space.....                                                | 40 |

### БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ / СМИ И ОБЩЕСТВО / MEDIA AND SOCIETY

|                                                                                                                                      |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Е. Кәпқызы, Ә. Шағатаева.</i> Қазақстандағы діни жаңалықтардың БАҚ-тағы көрінісі: мектептердегі хиджаб мәселесі.....              |    |
| <i>Е. Кап, Ә. Шағатаева.</i> Освещение религиозных новостей в СМИ Казахстана: ношение хиджаба в школах.....                          |    |
| <i>Y. Kap, A. Shagatayeva.</i> Coverage of religious news in the Kazakh media: wearing the hijab in schools.....                     | 57 |
| <i>І.С. Қыдырмолданова, О.Ж. Ошанова.</i> Медианың Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі туралы қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі..... |    |
| <i>И.С. Кыдырмолданова, О.Ж. Ошанова.</i> Роль СМИ в формировании общественного мнения о водной безопасности в Центральной Азии..... |    |
| <i>I. Qydyrmoldanova, O. Oshanova.</i> The role of media in shaping public opinion on water security in Central Asia.....            | 77 |

### PR ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ / ТЕХНОЛОГИИ PR / TECHNOLOGIES PR

|                                                                                                                                                         |    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>G.S. Amangeldiyeva, N.M. Abikeeva, G.K. Yertassova.</i> Copywriting and Rewriting in Digital Media: Professional Differences and Ethical Issues..... |    |
| <i>Г.С. Амангелдиева, Н.М. Әбікеева, Г.Қ. Ертасова.</i> Цифрлық медиадағы копирайтинг пен рерайтинг: кәсіби айырмашылықтар және этикалық мәселелер..... |    |
| <i>Г.С. Амангелдиева, Н.М. Абикеева, Г.К. Ертасова.</i> Копирайтинг и рерайтинг в цифровых медиа: профессиональные различия и этические проблемы.....   | 93 |

### МЕДИАБІЛІМ БЕРУ / МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ / MEDIA EDUCATION

|                                                                                                                                                                             |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>А. Сайлауқызы, Л.С. Сыздықова, Г.Б. Түсіпова.</i> Интерактивті оқыту стратегиясын жүзеге асыру жолдары: журналистика, филология және техникалық мамандықтар үлгісінде    |     |
| <i>А. Сайлауқызы, Л.С. Сыздықова, Г.Б. Тусупова.</i> Пути реализации стратегии интерактивного обучения на примере журналистики, филологии и технических специальностей      | 5   |
| <i>A. Sailaukyzy, L. Syzdykova, G. Tussupova.</i> Ways to implement interactive learning strategies using journalism, philology, and technical specialties as examples..... | 105 |

|                                                                                            |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Б.К. Сердалі.</b> Жаңа медиа туралы дәрістерде нейрондық желілерді пайдалану әдістемесі |     |
| <b>Б.К. Сердали.</b> Методика использования нейронных сетей на занятиях по новым медиа     |     |
| <b>B. Serdali.</b> Methods for using neural networks in new media classes.....             | 120 |

|                                                                                                                                                                                              |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>N. Adalihan, A.I. Skripnikova, N.T. Shyngyssova.</b> Issues of journalistic ethics in the context of generative artificial intelligence: based on material from Kazakhstan and China..... |     |
| <b>Н. Адалихан, А.И. Скрипникова, Н.Т. Шыңғысова.</b> Генеративті жасанды интеллект контекстіндегі журналистік этика мәселелері: Қазақстан мен Қытай материалдары негізінде                  |     |
| <b>Н. Адалихан, А.И. Скрипникова, Н.Т. Шыңғысова.</b> Проблемы журналистской этики в контексте генеративного искусственного интеллекта: на материале Казахстана и Китая                      | 137 |

## ӘЛЕМ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ / МИРОВАЯ ЖУРНАЛИСТИКА / WORLD JOURNALISM

|                                                                                                                                                     |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>E.I. Morozowa.</b> Images and strategies of parasocial communication in Belarusian international television programmes.....                      |     |
| <b>Е.И. Морозова.</b> Образы и стратегии парасоциальной коммуникации в белорусских международных телепередачах.....                                 |     |
| <b>Е.И. Морозова.</b> Беларуссияның халықаралық телебағдарламаларындағы парасоциалдық коммуникацияның бейнелері мен стратегиялары.....              | 150 |
| <b>Wang Peng, K. Myssayeva, A. Akynbayeva.</b> Diplomacy and Narrative Negotiation in China-Kazakhstan Documentaries.....                           |     |
| <b>Ванг Пенг, Қ.Н. Мысаева, А.С. Ақынбекова.</b> Қытай-Қазақстан бірлескен деректі фильмдеріндегі медиа дипломатия және нарративтік келісімдер..... |     |
| <b>Ванг Пенг, К.Н. Мысаева, А.С. Ақынбекова.</b> Медийная дипломатия и нарративные переговоры в китайско-казахстанских документальных фильмах.....  | 163 |

## КІТАПТАНУ / КНИГОВЕДЕНИЕ / BIBLIOLOGY

|                                                                                                                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Н. Қуантаев, А.С. Хибадуллина, Ж.Қ. Қайратов.</b> XX ғасыр басында қазақ кітаптарын шығарудағы Қазан баспаханаларының рөлі.....                             |     |
| <b>Н. Куантаев, А.С. Хибадуллина, Ж.К. Кайратов.</b> Роль типографий Казани по печати книг на казахском языке в начале XX века.....                            |     |
| <b>N. Kuantaev, A. Khibadullina, Zh.K. Kairatov.</b> The role of Kazan printing houses in printing books in the Kazakh language in the early 20th century..... | 189 |



XFTAP19.01.11  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-7-20>

## Заманалы фактчекинг үкімдерінің медиадағы эволюциясын салыстырмалы талдау

А.Е. Ибрайымов<sup>1\*</sup>, К. Камзин<sup>2</sup>, А. Слэмғажы<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Astana IT University, Астана, Қазақстан

(E-mail: [ibraiyimov.almabek@gmail.com](mailto:ibraiyimov.almabek@gmail.com)\*, [kaken-kamzin@mail.ru](mailto:kaken-kamzin@mail.ru), [slamgazhya@gmail.com](mailto:slamgazhya@gmail.com))

**Аңдатпа.** Бүгінгі журналистика өрісінде деректердің растығын немесе жалғандығын жедел аңдай алу, жазбай тани білу қазіргі ғаламтор дамуы кезеңінің өзекті проблемаларының біріне айналып отыр. Тарата айтсақ, бұл ағымның (күмәнді контенттердің) күшеюіне ХХІ ғасырдың бас кезінде ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндіктерінің артуы, коммуникациялық алаңға бейкәсібилердің молынан шығуы әсер етті. Ұсынылып отырған мақаламыз көшпелі уақыттың, әлеуметтік танымның негізгі түйткілі ретінде бой көрсеткен осы өткір мәселеге – жалған жаңалықтарды анықтау амалдарына, әдіс-тәсілдеріне арналады. Зерттеуімізде медиа кеңістіктегі фактчекинг үкімдерінің этимологиясы, мәні, оның дүниеге келу қажеттілігі мен себептері талданды. Еуропа, Америка, Ресей және қазақстандық ғалымдардың тұжырымдамалары сарапталады, жалған ақпараттың нақты пішіндері анықталады, сонымен бірге оның жандану табиғатын ашуға ұмтылыс жасалады. Қазіргі таңда интернет сайттарында тектес ақпараттардың түйдектеле таратылуы, әртүрлі әліптелуі бастапқы факті сипатының өзгеруіне, жалған хабарламалар санының артуына себеп болуда. Бұны біз тарихи шындықты, үдеріс хронологиясын білместіктің немесе әдейі бұрмалаудың бір көрінісі деп білеміз. Осы құбылыстардың барлығын байыптай отырып, фактчекингтегі үкімдердің теориялық негіздері хақында ой түйеміз. Жалған ақпараттың қоғамға, ғылыми танымға тигізер залалы туралы байламды нақты мысалдарға сүйене отырып жасаймыз. Осыған орай біз цифрлық кеңістіктің қазіргі сәттегі көз ілеспес толқынысын, ғылыми тәжірибенің осы жылдамдыққа ілесе алмай жатқанын да еске аламыз. Авторлар зерттеу қорытындысында қазіргі фактчекингтегі үкімдерді қазақстандық және ресейлік цифрлық басылымдардың материалдарына иек арта отырып жасайды, олардың ерекшеліктері мен ақпарат тарату әлеуетін салыстыра қарастырады.

**Түйін сөздер:** фактчекинг, верификация, үкімдер, жалған ақпарат, дезинформация, арандату амалдары.

Түсті: 4.09.2025; Мақұлданды: 17.12.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

## Кіріспе

Бертінгі он жылдықта жалған ақпаратпен арандату контенттерімен күрес аса зәрулікке айналып, қарқынды жүзеге аса бастады. Осынау ашық та жабық процестерге симметриялы жауап іздеу жолдары қарастырылды. Себебі ақпарат тарату арналарының басым бөлігі цифрлық форматқа ауысып, ақпарат тарату мүмкіндігі анағұрлым жылдамдады. Бұл өз кезегінде фейк пен жалған жаңалықтар феноменін ілестіре келді. Айта кетейік, қазіргі уақытта әлеуметтік желіде оқырмандарын шатастыру үшін қасақана жалған «жаңалық» тарататын жалдамалы топтардың бар екені де белгілі. Аталмыш ғылыми зерттеуімізде біз цифрлық форматта ақпарат тарататын қазақстандық және ресейлік медианы таразы басына қойдық. Өйткені бір есептен олардың шығу тегіндегі ұқсастықты еске алдық, екіншіден, қазіргі уақытта фактчекингтегі ақпаратты тексеріп, оған қатысты үкім қоюдағы айырмашылықтардың байыбына баруды мақсұт тұттық.

InternationalFact-CheckingNetwork тізіміне кірген, аккретациядан өткен медиалар қызметі белгілі бір стандарттар негізінде жүзеге асады. Бұл ғылыми мақалада «ақпаратқа үкім қою» принциптеріне сипаттама береміз, анықтамаларына жекелей тоқталамыз. Ақпаратқа үкім қою – ақпарат ішіндегі фактінің ақ-қарасын анықтау арқылы аудиторияны сыни ойлауға, кез келген дерекке сене бермеуге үндеу, әлеуметтік сақтыққа шақыру деген сөз. Әрбір медианың өзінің ішкі саясатына байланысты фактілерге үкім шығару әртүрлі жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін. Өйткені бірі оны термометр не барометр секілді визуалды трендпен беретін болса, бірі бірден фактінің өзін ғана алға шығарып қояды.

Зерттеудің мақсаты – әлеуметтік желілердегі фактілерге үкім қою әдістерін және жалған ақпараттардың пайда болу жолдарын тыңғылықты зерттеу. Осы арқылы күдік тудыратын контентті ұзатпай тану, олармен тиімді күресу, саналы сыни ойлауды қалыптастыру, яғни түптің-түбінде технологиялық және әлеуметтік кеңістікте оң нәтижеге қол жеткізу. Зерттеудің міндеті – қазіргі цифрлық заман феномені – фактілерге үкім қою құбылысын анықтауды кезең-кезеңмен, микро және макро жоспар бойынша жүзеге асыру, аталмыш оңтайлы қадамдар арқылы теориялық ой-пікірді практикалық санатқа көшіру. Сондықтан біз бұл жұмысымызда қазақстандық factcheck.kz сайты мен ресейлік Проверено.Медиа басылымындағы фактілерге үкім қою ерекшеліктерін талдап, объективті баға беруге тырысамыз.

## Әдебиетке шолу

Осы байыптама мәтіннің нақты компонентімен жұмыс істейтін әлемдік жаңалықтардың бет-бейнесін ажырата білу, қажетті ақпаратты жылдам табу және тексеру сияқты мәселелерді қамтиды. Іс жүзінде журналистикатану саласында фактчекинг ұғымы ХХ ғасырдың бірінші жартысында пайда болса, жеке бағыт ретінде АҚШ-та 30-шы жылдарды қалыптаса бастады. Алғашында фактчекерлер кәсіби маман ретінде есепке алынбады. Олар тек журналистердің берген ақпаратындағы фактілерді тексеріп, оқырмандар немесе сарапшылардың жіберген ақпаратымен жұмыс істеп (*usersgenerated content*), фактілерді тексерумен ғана айналысты. Оның барысында статистикалық мәліметтерге, сандар мен атаулар секілді журналистік деректерге баса назар аударылды. Бүгінгі таңда беделді басылымдардың фактчекингі сырттан келген ақпаратпен техникалық жұмыс

істеуді ғана көздемейді, сонымен бірге штаттағы журналистердің материалдарын да тексеруді көздейді. Америкалық ColumbiaJournalismReview-дің зерттеулеріне сүйенер болсақ, Германияның Spiegel журналы фактичекинг амалына ерекше назар аударып отыр [1]. Аталмыш медиада ақпаратты тексеретін 70 қызметкер жұмыс жасайды. Олардың қатарында білім саласының әртүрлі мамандары, шет тілдерін еркін меңгерген жандар да бар.

Бүгінгі таңда фактчек тұжырымдамасының ажырамас бір бөлігіне айналған байлам – ол айтылар, шығарылар үкім. Фактчек-зерттеудің әрбір материалының үкім арқылы қорытындылануы аса маңызды, аса тиянақты. Себебі әлемдік тәжірибенің басым бөлігі осы сипаттама негізінде жүзеге асырылады. Жалпы алғанда, журналистік техника мен технологияны еске алсақ, фактчек-ресурстары үштен онға дейінгі үкімдерді қатар қарастыруға қауқарлы. Үкім талаптарына келер болсақ, басылымның ерекшеліктеріне сай олар ашық жарияланып отыруы тиіс. Жариялылық сипатындағы бұл ресурс бәз біреуге тәуелді деп айыптаудан іргені аулақ салу үшін жасалады.

Әрбір фактчекинг жобасы бағалаудың нақты анықталған санаттарын пайдаланады. Мысалы, ақиқат өлшегіш – бұл шындықтың пайызы немесе бөлігі ретінде көрсетілген мемлекеттік шенеуніктердің, саясаткерлердің және басқа да қоғам қайраткерлері мәлімдемелерінің шынайылығының бағасы немесе индексі – 0% төңірегіндегі (өтірік), 100%-ға дейін (таза шындық).

Ғаламтордың дамуы медиа әлеуеті мен құрылымының екіге бөлінуіне әкеліп соқты. Мәселен, Пенсильвания университетінің 2003 жылғы factcheck.org коммерциялық емес жобасы соның куәсі [2]. Бұл жобаның мақсаты – саясаткерлердің көздерін фактчекинг арқылы АҚШ саясатындағы алдау және манипуляция деңгейін төмендетуге әбден болады дегенге жеткізу.



|      |            |                  |        |          |            |        |
|------|------------|------------------|--------|----------|------------|--------|
| HOME | ARTICLES ▾ | ASK A QUESTION ▾ | DONATE | TOPICS ▾ | ABOUT US ▾ | SEARCH |
|------|------------|------------------|--------|----------|------------|--------|

## Our Mission


We are a nonpartisan, nonprofit “consumer advocate” for voters that aims to reduce the level of deception and confusion in U.S. politics. We monitor the factual accuracy of what is said by major U.S. political players in the form of TV ads, debates, speeches, interviews and news releases. Our goal is to apply the best practices of both journalism and scholarship, and to increase public knowledge and understanding.

FactCheck.org is a project of the Annenberg Public Policy Center of the University of Pennsylvania. The APPC was established by publisher and philanthropist Walter Annenberg to create a community of scholars within the University of Pennsylvania that would address public policy issues at the local, state and federal levels.

*1-сурет. factcheck.org сайтының миссиясы. Аудармасы: «Біз америкалық саясаттағы алдау мен шатасу деңгейін төмендетуге бағытталған партиялық емес, коммерциялық емес «сайлаушыларды қорғаушымыз». Біз негізгі америкалық саяси ойыншылардың телевизия жарнамалары, пікірталастары, баяндамалары, сұхбаттары және жаңалықтары түрінің нақты дәлдігін қадағалаймыз».*

*Дереккөз: factcheck.kz*

Фактчекингтің негізі өзегі – мәлімдемелерге жасалған үкімдер. Үкімдердің нақты көрінісін 2007 жылы құрылған PolitiFact ресурсынан анық байқай аламыз [3]. Олар мемлекеттік қызметшілердің мәлімдемелерінің дәлдігі мен дұрыстығын бағалауды «шындықтан өтірікке дейін» («theTruth-O-Meter») шкаласы бойынша жүзеге асырды. Мұнда өтіріктің ең төменгі дәрежесі – «pantsonFire».



2-сурет. PolitiFact медиа ресурсының үкімдер шкаласы  
Дереккөз: [factcheck.kz](http://factcheck.kz)

PolitiFact ресурсы барлық саясаткерлердің мәлімдемелерін, саяси талқылауға қатысатын топтардың талаптарын, сарапшылардың, шолушылардың, блогерлердің, саяси талдаушылардың, қатысушылардың және ток-шоуды жасаушылардың саяси тақырыптағы мәлімдемелерін немесе БАҚ-тағы жарияланымдарды тексереді.

Фактчекингте деректерді тексерудің өзі бірнеше кезеңге бөлінеді. Олардың алғашқысы – мәлімдемелерді таңдап алу («choosingclaimstocheck»). Жоғарыда аталған медиа-ресурстар қоғам тарапынан сұранысқа ие ең маңызды, тақырыптарды қарастырып, оларды зерделейді, нақтылайды. Мәлімдемелерді іздеу радиустарына саясаткердің сөйлеген сөздері, жаңалықтар мен пресс-релиздер, жарнамалық брошюралар, теледидар мен радио хабарлары, әлеуметтік желідегі контенттер кіреді. Қызметкерлердің жинаған, топтастырған ақпаратын арнайы мамандар тағы бір рет сүзгіден, тексерістен өткізеді. Деректерді тексеруде олар міндетті түрде нақтылық пен дәлдікті басшылыққа алады. Кей уақытта жарыстырыла берілген деректерді бір емес, бірнеше рет тексеруден өткізуге тура келеді.

Жалпы, отандық ғалымдарды былай қойғанда, шетел қисынгерлерінің өзі фактчекингтегі дәл осы үкімдер сапасына, оның қызметтеріне аса көп көңіл бөле бермейтінін байқаймыз. Расын айтсақ, оның өзіндік себебі де жоқ емес. Жоғарыда атап өткеніміздей, фактчекинг ресурсының сайттарында немесе сол секілді медиа беттерінде толық үкімдер туралы ақпарат жүйелі беріледі. Бұл, әрине, құптарлық жайт, бірақ олардың басым бөлігі әлі де жеріне жеткізілмеген дей аламыз. Осы жайттардың барлығын қарастыра келе, біз аталмыш тақырыпты қозғаған зерттеулердің тым мардымсыз екендігін аңғарамыз.

Жоғарыда жазғанымыздай, кей медиаларда үкім үшеу болса, кейбірінде онға дейін баруы мүмкін. Оны біз А.Гороховскийдің еңбегіндегі жіктемеден анық көре аламыз.

Мысалы, төмендегі суреттен украиндік фактчек ресурсында басты 3 үкімнің бары анық көрінеді [4, 27].

| Үкім атауы             | Мінездеме                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Шындық</b>          | <p>спикердің мәлімдемесіндегі деректер, шындыққа жанасатын құжаттық дәлелдер;</p> <p>себеп-салдарлық байланыс дұрыс жарияланған, ақпарат мағыналы, дереккөз сілтемелері бар.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Жартылай шындық</b> | <p>спикер жалпы тақырыпты біледі, оның ерекшелігіне сүйенеді, бірақ қате жібереді, олқылық жасайды; себеп-салдарлық байланысты соңына дейін айтпайды немесе қате түсіндіреді;</p> <p>қисыны дұрыс емес, жасаған қорытындысы дұрыс бірақ дерек нақты болмауы мүмкін, уақыты дұрыс көрсетілмеуі ықтимал.</p>                                                                                                                                            |
| <b>Жалған</b>          | <p>Мәлімдемеде асыра сілтеу/деректерді кеміту бар, оқиғаны әсірелеу/құбылыс шындыққа жанаспайды; Дерек, себеп-салдарлық байланыс, қисын- факті, себеп-салдар байланыстары, логика – бұрмаланған;</p> <p>манипуляциялық мақсатта бар назарды спикерге «керек» аспектілерге аударады, ал ыңғайсыз сәттерді «көлеңкеге» жасыруға тырысады;</p> <p>жоқ деректерді келтіріп, конгруэнт емес көздерге сілтемелерге сүйеніп, бұрмаланған ақпарат береді.</p> |

3-сурет. Украиналық тәжірибеде үкімнің үш түрі пайданылады Дереккөз: Гороховский

Кейде табиғи, кейде жасанды ақпараттық өнімге үкім шығарар кезде кейбір шешім талас турдыруы да мүмкін. Өйткені белгілі бір спикер мәлімдемесіне бір емес, бірнеше дерек ілесе жүрері кәдік. Осы орайда фактчекерлер байыбына бармай, асығыс-үсігіс үкім қоятын болса, онда пісіп тұрған материал бекерге шығуы әбден ықтимал. Демек, журналист-фактчекер зерттеген материалының не нақты кемшілігін, не нақты артықшылығын тап басып көрсетіп бере алмады деген сөз.

Фактчекингті шартты түрде бірнеше бөлімге жіктеуге болады. Олардың қатарына шындық, жалған, жартылай шындық және манипуляция үкімдері кіреді. Одан бөлек, жоғарыда жазғанымыздай, редакцияның жекелей ішкі саясатына байланысты да қосымша үкімдер тізімге қосылуы пәлендей сезік тудырмаса керек. Мысалға чех

үлгісін алайық: ақиқат, жалған, алдамшы мәлімдеме, тексеру мүмкін емес деректер мен фактілер. Ал қазақстандық үлгіге шын, жалған, жартылай шындық, алаяқтық, мифтер, үкім жоқ сынды бөлімдер қосылған.

## Әдіснама

Жоғарыда атап өткеніміздей, жалпы фактчекингтің үкімдерін тереңдей талдаған, сараптаған зерттеушілер жоқтың қасы. Оның өзіндік себебі бар. Өйткені фактчекингтік медиа ресурстардың барлығы дерлік International Fact-Checking Network тізіміне кіреді, белгілі бір құрылымды басшылыққа алады, оған кез келген адамның тісі бата бермейді. Осының барлығын еске ала отырып, біз өз зерттеуімізде Орталық Азияда өркен жайған қос ресурс, атап айтқанда, қазақстандық және ресейлік медиадағы фактчекингтік үкімдерді қатар қарастыруды жөн деп таптық. Себебі екі әлеуеттің тақырып аясының тарихилығы мен сипаты, географиялық орындарының ұқсастығы оларлы салыстыра қарастыруға жол ашады. Осылайша, біз зерттеудің нақты көрсеткіштерінің басын ашып аламыз.

Зерттеу барысында Қазақстандағы алғашқы фактчекингтік ресурстар құбылысын індете отырып, олардың верификация мәселесіне баса назар аударамыз. Оның нақты саны мен қандай критерийлерді басшылыққа алатынына да жіті көңіл бөлінеді. Оның өзіндік табиғатын таразылауға ұмтыламыз, көрші елдегі медиа ресурстың ара-жігін ажыратамыз, қандай үкімдер бойынша айырмашалықтар жасайтындығын салыстырамыз, әртүрлі сараптама әдістеріне жүгінеміз.

Зерттеуді өзектендіру мақсатында ұлттық және шетелдік ғалымдардың фактчекинг тақырыбына қатысты ғылыми мақалаларындағы пікірлерге сүйене отырып, салыстырмалы талдау жасалады. Осы алаңдағы тиісті ақпараттарды екшей, безбендей қарастыру алғашқы фактчекингтік ресурстар үкімдерінің мән-мазмұнын айқындауға мүмкіндік берді.

Фактчекингтің даму тарихын отандық және шет елдік тәжірибені зерттеу барысында әр басылымның өзіне тән үкім қою ерекшеліктері мен табиғаты бар екенін анықтадық. Аталмыш тақырыпты салмақтаған ғалымдардың теориялық тұжырымдарына шолу жасай отырып, дәстүрлі салыстырмалы, бағзыдан белгілі талдау әдістерімен қатар, сырттай синхронды салыстыру әдістері де біздің назарымыздан тыс қалмады.

## Нәтижелер мен талқылау

Фактчекинг біздің медиа үшін таңсық дүние емес, моноидеология дәуірінде ол журналистің мемлекетшілдік ұстанымына, моральдық тәрбиесіне арқа сүйеген. Ал, қазіргі нарықтық заманда, бизнес пен ақпараттық саясат ұласқан кезеңде факчекинг әдісінің арқасында көптеген ақпараттың ақ-қарасын анықтауды ескінің жаңалануы, соны сипатқа ие болуы дер едік біз. Жалпы, фактчекинг мәселесі сөз болғанда, міндетті түрде «пост-шындық» терминін естен шығармауымыз керек. Өйткені оның іргетасында жалған ақпараттың адамдардың көңіл-күйіне, эмоциясына әсер ету арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыру жатыр. Түпкі мақсат – осы арқылы адамдардың ақпаратты қабылдау объективтілігін төмендету [5, 15].

Осы орайда ой тоқтата кетерлік бір тұжырым бар. Атап айтқанда, фактчекингті бүгінгі таңдағы ақпараттың мәжбүрлі, жасырын, ілеспе элементі деп бағалау [6, 74].

Мәселен, популистік мәлімдемелерді дәйексіз ақпараттың бір бөлігі десек, екінші жағынан мемлекет қайраткерлері, депутаттар мен министрлердің, елге мәлім тұлғалардың атынан жалған профайлдар ашу жиілеп кеткендігін соның айқын дәлелі ретінде қарастыра аламыз. Әрине, сөз жоқ, олардың таратып отырған ақпаратының анық-қанықтығын анықтау үшін фактчекерлер деректерді тексеріп, олардың таратқан ақпаратын сол мәртебе-статусқа сай сараптаған абзал.

Қазіргі таңда фактчекингтің негізгі міндеті – деректерді тексеру, соған қарайлай үкім айту. Фактчекинг контентті тұтастай қарастыра отырып, нақты деректердің табиғатын, түбірін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, әрине, фактчекингтің тікелей міндеті. Осы арада айта кету керек, журналистикатану трендінің жаңа форматы саналатын бұл салаға қатысты пікірталас әлі де толастамай келеді. Белгілі зерттеушілер мен ғалымдардың пікірі екіге жарылып, бірі оны енді дүние есігін ашқан жанр десе, бірі тек құрал ретінде ғана қарастырады.

Қазақстандағы factcheck.kz іске қосылғалы бері шығатын үкім саны 5-тен 11-ге дейін көбейгенін байқаймыз [7]. Редакцияның ішкі саясатына сай үкім тексеріліп жатқанда, ақпараттың ерекшелігі толық ашылмаса, онда үкімдердің қатарына жаңа үкімдер қосылып отырады. Бұл ішкі ревизияның, реттемелік тенденцияның бір белгісі. Мысалға иек артар болсақ, аталмыш медиа ресурс 2021 жылдың 18 қарашасында [8], 2024 жылы 29 сәуірде және 2025 жылдың 8 қаңтарында толықтырылған [9].

1 кесте. Қазақстандық factcheck.kz медиа ресурсының үкімдері  
Дереккөз: factcheck.kz

| Үкімдер                                                                | Мазмұны                                                                                                                                                                  |
|------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Шындық                                                                 | Мәлімдемелер толық ашық дереккөзден табылып, расталады.                                                                                                                  |
| Шындыққа жақын<br>(27.10.2021 дейін үкім «Жартылай шындық» деп аталды) | Мәлімдемелердің кей бөлігі ашық дереккөзбен расталады, мәлімдемеде нақты деректер жоқ немесе деректер ескірген/бұрмаланған. Мәлімдемедегі сандар дөңгелектеніп беріледі. |
| Жартылай шындық<br>(Анықтама 05.10.2022 бастап қолданылған)            | Мәлімдемелер дереккөздермен ішінара дәлелденеді, кейде дереккөздері сенімсіз, қайшы не дәлелденбеген.                                                                    |
| Жалған ақпараты басым                                                  | Мәлімдеме ашық деректер арқылы жоққа шығарылады, дегенмен арасында дұрыс мәліметтер де кездеседі.                                                                        |
| Техникалық қате                                                        | Мәлімдемелер дереккөзбен расталады, дегенмен спикер не автор санды/фактіні беруде қате жіберсе немесе мәліметтің жалпы мазмұны бұрмаланады.                              |
| Жалған                                                                 | 1. Дереккөз арқылы расталмайды;<br>2. Мәліметтегі ақпарат дұрыс жеткізілмесе;<br>3. Мәлімдемеде өмірде жоқ, не ойдан шығарылған деректер болады.                         |
| Манипуляция                                                            | Мәлімдемеде спикер немесе автор деректерді бұрмалайды не контекстен жұлып алады. Деректерді болжап, мәртебесін көтереді не түсіріп көрсетеді.                            |
| Фейк                                                                   | Белгілі бір қоғамдық қозғалыстың, ұйымның немесе тұлға, саяси науқанның беделін түсіру мақсатында ғаламторда ақпарат тарату.                                             |

|                   |                                                                                                                                                                                     |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сатиралық жаңалық | Әзіл не оспақ түрінде негізделіп, ойдан шығарылған хабарламалар.                                                                                                                    |
| Алаяқтық          | Оқырманның не қосымшаны пайдаланушының дербес немесе банктің деректерін жинау үшін жалған ақпарат таратады. Пайдаланушыға материалдық не физикалық залал келтіреді.                 |
| Дәлелденбеген     | Мәлімдемелердің объектісіне қатысты зерттеу бар, дегенмен де олар нақты бір жүйеге келтірілмеген немесе ашық дерек-көздерде мәлімдеме жоқ. Әрі мәлімдемені анықтау мүмкін болмайды. |

Қазақстандық фактчекинг ресурстарын қарастырған уақытта белгілі бір ұстанатын өзіндік шарттары бар. Атап айтқанда, «жалған» үкімі спикердің өзіне қатысты емес, оның пікіріне қатысты қойылады. Әрі дәл осы ақпаратты тарату барысында қаржылық, әлеуметтік не саяси мүдделері бар топтардың ақпараты айқындала түседі [10]. «Жалған» үкімінің «фейк» үкімінен айырмашылығына келер болсақ, көбіне авторы кім екенін және мәліметтің түбі қайдан шыққанын тап баса алмайсыз [11, 23]. Бірақ оны таратушылар мен тарату ауқымын анықтауға болады.

«Сатриалық жаңалық» үкіміне қатысты материалдар тарату барысында міндетті түрде дисклеймер берілуі керек. Өйткені ақпарат дисклеймерсіз жарияланса, ақпарат фейкке айналып кетуі ықтимал.

«Алаяқтық» үкіміне лайық деп табылған нысан-объектілер құқық қорғау органдарының заңнаманы бұзу тұрғысынан не сот шешімімен заңнамаға қайшы деп танылуы керек. Егер де осындай ақпарат қолға іліксе, сот шешімдеріне сілтеме берілгені жөн [12, 94].

Кейбір жекелеген жағдайларда редакция үкімді шығаратын не нақтылайтын сарапшылар тобын да құра алады. Егер үкім өзгерген жағдайда міндетті түрде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қағидаларына өзгеріс енгізілуі керек [13, 138].

Ресейлік Проверено.Медиадеректердің үкімдерін стикер суреттер жиынтығы арқылы анықтайды. Дегенмен фактчекинг ресурсы «шындық» және «жалған» үкімдерімен қарапайым екі нұсқаны қолданады. Ал, тек екілік шкаланы қолданатын болсаңыз, оқырмандарды адастыру қаупі бар екенін де ескерген ләзім. Сондықтан да мәлімдемелерге үкім қойғанда Проверено.Медиафактчекингтің көне үлгісі Snopes.com сайты басшылыққа алады [14, 1134].

Егер талданатын сюжетте бірден екі не үш үкімге сәйкес келетін элементтер болса, шешімді автор мен редактор бірлесіп қабылдайды [15, 1475]. Егер де үкім қою тым қиындық туғызса, онда таңдау редакция мүшелерінің барлығының талқылауына беріледі.

*2 кесте. Ресейлік Проверено.Медиаресурсының үкімдері*  
*Дереккөз: Проверено.Медиа*

| Үкімдер       | Мазмұны                                                                                                                      |
|---------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Шындық        | Спикердің дерегі шынайы факті және мәлімдемеден тұрады. Ол бүгінгі таңда қол жетімді ақпараттың жиынтығы негізінде құралады. |
| Көбіне шындық | Спикер дерегінде шынайы факт не дәлел бар екенін көрсеткенімен, кейбірі дәл болмауы мүмкін.                                  |

|                              |                                                                                                                                                     |
|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Шындық болуы мүмкін          | Спикердің дерекгі шынайы фактімен байланысы бар, дегенмен бір себептерге байланысты нақты дәлелдер жеткіліксіз.                                     |
| Жалған                       | Спикер жалған фактімен не мәлімдеме келтіреді. Оны қол жетімді ақпаратпен табу қиын.                                                                |
| Көбіне жалған                | Спикер деректері жалған екенін көрсетеді. Бірақ кейбір мәліметтер дұрыс болуы мүмкін.                                                               |
| Жалған болуы мүмкін          | Жалған фактілер не мәлімдемелер анық байқалады. Дегенмен қандай да бір себептермен бұл туралы нақты дәлелдер жеткілісіз.                            |
| Жартылай шындық              | Тексерілген факті не мәлімдемеде шындық пен жалған үкімдері тең болады.                                                                             |
| Бұл дәлел емес               | Қазіргі уақытта қол жетімді ақпарат фактіні не мәлімдемені дұрыс тексеру жеткіліксіз. Оны сенімді түрде растай немесе жоққа шығара алмайды.         |
| Контекстен жұлып алған       | Бұрмалағанған дәйексөздер, мәтіндер, фотосурет немесе видео материалдарды белгілейді. Олардың шығу тегі, контексті не мағынасы дұрыс көрсетілмейді. |
| Дәйексөздің қате атрибуциясы | Сөз тіркесінің не мәтіннің дұрыс атрибуциясын көрсетпейді. Аталған фактіні бірінші айтқан не жазған адам өзге тұлға екенін көрсетеді.               |
| Дұрыс дәйексөз               | Ақпараттың ішінде фактіні сол тұлға келтіргенін көрсетеді.                                                                                          |
| Бұрмаланған дәйексөз         | Түпнұсқамен салыстырғанда, мәтіннің мазмұнында айтарлықтай өзгерістер бар.                                                                          |
| Сатиралық жаңалық            | Фактінің немесе мәлімдеменің бастапқы көзі күлкілі немесе сатиралық сипатта болады.                                                                 |
| Аңыз                         | Көбіне ақпараттағы фактілер тексеретін мәліметтері жоқ. Олар «қалалық аңыз» түрінде сипатталады және тексерілмейді.                                 |
| Алаяқтық                     | Жалған аудио не видео, суреттерді алаяқтық мақсатта жасалған хабарламалар туралы материалдармен бірге жүреді.                                       |
| Фейк                         | Жалған фактілерді қасақана не әдейілеп таратады.                                                                                                    |
| Қате түсінік                 | Белгілі бір авторы жоқ әрі оны тексергенде расталмайды.                                                                                             |

Аталған қос фактчекингтік ресурстарын байыптай қарастырсақ олардың бойынан, жаратылысынан нақты бірізділік барын байқай аламыз. Зады, олардың ақпаратты тарату мен қабылдауы әртүрлі десек те, фактілерге қойылатын үкім халықаралық стандарттар негізінде жүзеге асатыны ап-айқын. Мысалы, төменде келтірілген кестеге үңілер болсақ, онда қазақстандық медиа ресейлік медиаға қарағанда, үкім санының 6-ға кем екенін көреміз. Бұл цифр не десек те қазақ тілді фактчекингтің сан жағынан әлі де ілгерілеу жолында екенін аңғартады.

3 кесте. Қазақстандық factcheck.kz және ресейлік Проверено.Медиа ресурстарының үкім саны  
Дереккөз: factcheck.kz; Проверено.Медиа

|         | Қазақстандық<br>factcheck.kz | Ресейлік<br>Проверено.Медиа |
|---------|------------------------------|-----------------------------|
| Үкімдер | 11                           | 17                          |

Осы арада аталған екі медиа ресурстарда ұқсас үкімдердің бар екенін де айта кетуіміз керек. Мысалы, factcheck.kz сайтынан көрген «Шындық», «Жалған», «Фейк», «Жартылай шындық», «Сатиралық жаңалық» және «Алаяқтық» сынды 6 үкімнің ұқсас екенін аңғарамыз. Демек, бұдан шығартын қорытынды – қай елде болсын фактчекингтің негізгі қызметі мен оның кейбір үкімдерінің жалпылық, еларалық сипаты бар.

### Қорытынды

Соңғы он жылдықта Орталық Азия өңіріндегі журналистикатану саласына фактчекинг ұғымы дендей ене бастады. Себебі елдегі саяси ахуалдың өзі жалған ақпаратпен белсене күресудің өзекті проблемаға айналғанын дәлелдей түсті, идеологиялық және мәдени «майдандағы» қақтығыстың әлі де толастай қоймағанын, қоғамдық пікірді қалыптастыруда кейбір медиа өкілдерінің жалдамалық позициясын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретінін жарияға шығарды. Бұл анықтауыштар арқылы біз жалған ақпарат пен дезинформацияның қарқынды дамуының кейбір себептерін анықтай алып отырмыз. Сонымен қатар әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы әлеумет психологиясына салмақ салды, ақпаратты талдаусыз, тексерусіз, «автоматты түрде» қабылдауға жол ашып берді. Осының салдарынан кейбір қоғамдағы мәселелердің нақты көрінісі бұрмаланды, оқырмандарға жалған деректер шындықтың нақ өзіндей әсер етті.

Жоғарыда біз мысал еткен қазақстандық және ресейлік фактчекинг медиа ресурстарының даму қарқынының түзілімі, міне, осындай технологиялық және арнайы мақсаттарға негізделеді. Бұл дегеніміз – әр елдің фактчекингтік ресурстары әртүрлі тақырыпты қозғап, белгілі бір проблеманы көтергенімен де, олардың нақты өзегі өз болмысынан алыс кетпейтінін көрсетеді. Неге? Біздіңше, фактчекинг ресурстарының басым бөлігі InternationalFact-CheckingNetwork (IFCN) құрамында болғандықтан, солар ұсынған жарғы бойынша жұмыс істейтіндіктен. Аталмыш ұйым халықаралық стандарттарды ұстанады, оның құрамындағы барлық медиа-ресурс нақты шарттардың аясында жұмыс атқарады.

Әрине, біз зерттеген екі медиа ресурстың фактілері сан жағынан да, сапалық қасиеттері жағынан да айырмашылықтары бары байқалады. Дегенмен олардың өзара ұқсастықтарының да бар екенін тілге тиек ете кетейік. Мәселен, бірі саяси-әлеуметтік және т.б. тақырыптарды қамтитын болса, бірі тек қана әлеуметтік желіде тараған ақпараттарды, аңыздар мен ел аузындағы ақпараттарды тексерумен ғана айналысып жатыр. Бұны біз еңбек бөлінісі, нарық таңдаудағы айырмашылық деп те атар едік. Ал өзара ұқсастықтары фактчекингтің негізгі үкімдерінің төңірегінде жүзеге асатынын баса көрсеткеніміз жөн.

### Авторлардың қосқан үлесі.

**Ибрайымов А.** – мақаланың тұжырымдамасына немесе рәсімделуіне елеулі үлес, зерттеу нәтижелерін жинау, талдау немесе түсіндіру.

**Камзин К.** – мәтін жазу және / немесе оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау, жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

**Слэмғажы А.** – жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапты болуға келісім беру, деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына байланысты мәселелерді дұрыс зерттеу және шешу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Inside Spiegel's 70-person fact-checking team. – 2017. [Электронды ресурсы] – URL: <https://digiday.com/media/inside-spiegels-70-person-fact-checking-team/> (өтініш берген күні: 09.02.2025).
2. Awards. 2023 [Электронды ресурсы]–URL: <https://www.factcheck.org/awards/>(өтініш берген күні: 09.02.2025).
3. The Principles of the Truth-O-Meter: Politi Fact's methodology for independent fact-checking. 12.12.2024 – [Электронды ресурсы]–URL: <https://www.politifact.com/article/2018/feb/12/principles-truth-o-meter-politifacts-methodology-i/> (өтініш берген күні: 09.02.2025).
4. Гороховский А.А. Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді мүмкіндігі мен болашағы. Практикалық оқулық. – Алматы, 2017. – 106 б.
5. Akynbekova A., Belgarayeva A., Kulsariyeva A. Problems of identifying sources and visual content in social media: the experience of Kazakhstan. Al-Farabi Kazakh National University.Herald of Journalism.– 2024. – №71(1). – P. 13–22. DOI: <https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v71.i1.2>
6. Сейтжанова Ж., Сұлтанова Ж. Қазақстандағы фактчек құбылысы (“Factcheck.kz” сайтының материалдары негізінде). Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы.–2021. –№137(4). – Б. 71–79. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-137-4-71-79>
7. “Таразыны” қалай анықтаймыз?17.10.2021 – [Электронды ресурсы]– URL: <https://web.archive.org/web/20211026052731/https://factcheck.kz/kaz/tarazyny-kalaj-anyktajmyz/>(өтініш берген күні: 09.02.2025).
8. F.A.Q. [Электронды ресурсы]– 2023. – URL: <https://web.archive.org/web/20240310010627/https://factcheck.kz/kaz/f-a-q/#k-mderd-alay-oyamyz> (өтініш берген күні: 09.02.2025).
9. Үкімдерді қалай қоямыз? [Электронды ресурсы] – URL: <https://factcheck.kz/kaz/f-a-q/#k-mderd-alay-oyamyz>(өтініш берген күні: 09.02.2025).
10. Рейтинг достоверности. 2025. [Электронды ресурсы]–URL: <https://provereno.media/fact-check-ratings/>(өтініш берген күні: 09.02.2025).
11. Текенова Ә., Тахан С. Фактчекинг: Болгария, Британия және Қазақстан тәжірибесін салыстырмалы талдау. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы.– 2021. – № 136(3). –19–26 б.
12. Takhan S., Gavrish V. Methods of tackling unreliable information. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series. – 2023. – No. 142(1). – P. 92–96.
13. Абдрасилов, А., & Альжанова, А. Қазақстан интернет кеңістігіндегі ақпарат берудің гибриді технологиясы: синергия және қайшылықтар. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2025. - №151(2). - 134–144 б.
14. Suomalainen K., Nykänen N., Seeck H., Kim Y., McPherson E. Fact-Checking in Journalism: An Epistemological Framework. Journalism Studies. – 2025. – Vol. 26, № 10. – P. 1129–1149.

15. Kumar A. Fact-Checking Methodology and its Transparency: What Indian Fact-Checking Websites Have to Say? Journalism Practice. – 2024. – Vol. 18, № 6. – P. 1461–1480.

**А.Е. Ибрайымов<sup>1</sup>, К. Камзин<sup>2</sup>, А. Сламгажы<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Astana IT University, Астана, Казахстан

### **Сравнительный анализ эволюции современных фактчекинговых вердиктов в медиа**

**Аннотация.** В современном медиапространстве проблема оперативного распознавания достоверных и ложных данных становится одной из ключевых в эпоху интенсивного развития интернета. Усиление потоков сомнительного контента в начале XXI века во многом было связано с расширением доступа к информации и активным выходом в коммуникационное поле большого числа непрофессиональных участников. Настоящая статья посвящена исследованию одной из наиболее острых проблем переходного времени и социальной рефлексии – методам выявления и анализа дезинформации. В работе рассматриваются этимология и сущностные характеристики феномена фактчекинга, а также факторы, обусловившие его возникновение как особой практики в медиасреде. Анализируется широкий спектр научных подходов европейских, американских, российских и казахстанских исследователей, выявляются конкретные формы распространения ложного контента и предпринимается попытка раскрыть закономерности его воспроизводства. Отмечается, что лавинообразное тиражирование однотипных материалов на интернет-площадках и их вариативная интерпретация приводят к искажению исходного факта и росту объема дезинформации, что может рассматриваться как форма преднамеренного либо непреднамеренного искажения исторической действительности и хронологии событий. На основе этих наблюдений формулируются выводы о теоретических основаниях «вердиктов» в практике фактчекинга, а также об их значении для научного и общественного познания. Особое внимание уделяется социальным и эпистемологическим рискам распространения ложной информации. В заключение авторы опираются на материалы казахстанских и российских цифровых изданий, сопоставляют их подходы и выявляют особенности применения фактчекинга в условиях современного информационного потока.

**Ключевые слова:** фактчекинг, верификация, вердикты, фейковые новости, дезинформация, провокационные приёмы.

**A. Ibraiyimov<sup>1</sup>, K. Kamzin<sup>2</sup>, A. Slamgazhy<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Astana IT University, Astana, Kazakhstan

### **Comparative analysis of the evolution of contemporary fact-checking verdicts in the media**

**Abstract.** In contemporary media discourse, the ability to promptly distinguish between reliable and false information has become one of the central challenges of the digital age and the rapid development of the Internet. The proliferation of questionable content in the early 21st century was largely conditioned by the broader accessibility of information and the active participation of non-professional actors in the

communication sphere. This article addresses one of the most urgent issues of the transitional period and social reflection – namely, the methods of detecting and analyzing disinformation. The study explores the etymology and essential features of fact-checking as a phenomenon, along with the factors that have determined its emergence as a specific practice within the media environment. It considers a wide range of scholarly perspectives offered by European, American, Russian, and Kazakhstani researchers, identifies concrete forms of false content dissemination, and seeks to uncover the mechanisms underlying its reproduction. It is emphasized that the avalanche-like circulation of similar materials on digital platforms, combined with their multiple interpretations, leads to distortions of the original facts and contributes to the growth of disinformation. Such processes can be regarded as manifestations of both intentional and unintentional falsification of historical reality and event chronology. Drawing upon these observations, the article formulates conclusions regarding the theoretical foundations of “verdicts” in fact-checking practices and their relevance for both academic inquiry and public knowledge. Special attention is devoted to the social and epistemological risks associated with the spread of false information. The concluding section relies on materials from Kazakhstani and Russian digital outlets to compare their approaches and highlight the distinctive features of fact-checking within the dynamics of the contemporary information flow.

**Key words:** fact-checking, verification, verdicts, fake news, disinformation, provocative strategies.

## References

1. Inside Spiegel's 70-person fact-checking team [Text: electronic]. Available at: <https://digiday.com/media/inside-spiegels-70-person-fact-checking-team/> (Accessed 09.02.2025).
2. Awards [Text: electronic]. Available at: <https://www.factcheck.org/awards/> (Accessed 09.02.2025).
3. ThePrinciplesoftheTruth-O-Meter: PolitiFact's methodology for independentfact-checking [Text: electronic]. Available at: <https://www.politifact.com/article/2018/feb/12/principles-truth-o-meter-politifacts-methodology-i/> (Accessed 09.02.2025).
4. Gorohovskij A.A. Faktcheking zhurnalistika zertteuinin trendi mymkindigi men bolashagy. Praktikal'nyy okulyk [Factchecking trend of journalistic research opportunities and prospects. A practical textbook.]. (Almaty, 2017. – 106 p.)
5. Akynbekova A., Belgarayeva A., Kulsariyeva A. Problems of identifying sources and visual content in social media: the experience of Kazakhstan // Al-Farabi Kazakh National University.Herald of Journalism. 71(1). 13–22(2024). <https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v71.i1.2>
6. Sejtzhanova Zh., Sultanova Zh. Kazakstandagy faktchek kubylysy (“Factcheck.kz” sajtyнын materialdary negizinde).[Trends in the development of the factcheck in Kazakhstan: based on the work of the website “Factcheck.kz ”] // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin Habarshysy. Zhurnalistika seriyasy. [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalistic Series]. 137(4). 71–79(2021).
7. “Tarazyny” kalaj anyktajmyz?[How do we define a truth-teller?] [Text: electronic]. Available at: <https://web.archive.org/web/20211026052731/https://factcheck.kz/kaz/tarazyny-kalaj-anyktajmyz/> (Accessed 09.02.2025).
8. F.A.Q. [Text: electronic]. Available at: <https://web.archive.org/web/20240310010627/https://factcheck.kz/kaz/f-a-q/#k-mderd-alay-oyamyz> (Accessed 09.02.2025).
9. Ukimderdi kalaj koyamyz? [Text: electronic] – Available at: <https://factcheck.kz/kaz/f-a-q/#k-mderd-alay-oyamyz> (Accessed 09.02.2025).
10. Rejting dostovernosti. [Credibility Rating] [Text: electronic] – Available at: <https://provereno.media/fact-check-ratings/> (Accessed 09.02.2025).

11. Tekenova A., Tahan S. Faktcheking: Bolgariya, Britaniya zhane Kazakstan tazhiribesin salystyrmaly taldaу. [Factchecking: comparative analysis of the experience of Bulgaria, Britain and Kazakhstan.] L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyq universitetinin Habarshysy. Zhurnalistika serijasy [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalistic Series]. – 2021. – № 136(3). – B. 19–26.
12. Takhan S., Gavrish V. Methods of tackling unreliable information. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series. 142(1). 92–96(2023).
13. Abdrasilov A., Al'zhanova A. Kazakstan internet kenistigindegi aqparat berudin gibridti tekhnologiyasy: sinergiya zhane kajshylyktar. [Hybrid technologies of information delivery in the Internet space of Kazakhstan: synergy and contradictions.] L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyq universitetinin Habarshysy. Zhurnalistika serijasy. [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalistic Series]. 151(2). 134–144(2025).
14. Suomalainen K., Nykänen N., Seeck H., Kim Y., McPherson E. Fact-Checking in Journalism: An Epistemological Framework. Journalism Studies. 26. 10. 1129–1149(2025).
15. Kumar A. Fact-Checking Methodology and its Transparency: What Indian Fact-Checking Websites Have to Say? Journalism Practice. 6(18). 1461–1480 (2024).

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Ибрайымов А.Е.** – хат-хабар авторы, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының докторанты, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы қ., Қазақстан.

**Камзин К.** – филол.ғ.д., профессор, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы қ., Қазақстан.

**Сләмғажы А.** – PhD, AssistantProfessor, Креативті индустрия мектебі, Astana IT University, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/11, 010000, Астана қ., Қазақстан.

**Ибрайымов А.Е.** – автор для корреспонденции, докторант кафедры Печати и электронных СМИ, Факультет журналистики, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050040, г. Алматы, Казахстан.

**Камзин К.** – д.филол.н., профессор, кафедра Печати и электронных СМИ, Факультет журналистики, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050040, г. Алматы, Казахстан.

**Сләмғажы А.** – PhD, AssistantProfessor, Школа креативной индустрии, Astana IT University, пр. Мәңгілік Ел, 55/11, 010000, г. Астана, Казахстан.

**Ibraiyimov A.** – corresponding author, PhD student of Department of Press and Electronic Media, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave., 71, 050040, Almaty, Kazakhstan.

**Kamzin K.** – Doctor of philological sciences, Professor, Department of Press and Electronic Media, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave., 71, 050040, Almaty, Kazakhstan.

**Slamgazhy A.** – PhD, Assistant Professor, School of Creative Industries, Astana IT University, Mangilik El ave., 55/11, 010000, Astana, Kazakhstan.



XFTAP19.01.11  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-21-39>

## Орта Азия медиасындағы визуалды контенттің рөлі: цифрлық дәуірдегі трендтер

Ж.Е. Садвакасова<sup>1</sup>, А.М. Шурентаев<sup>\*2</sup>, Мехмет Топлу<sup>3</sup>

<sup>1</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: [kerim.sarina@gmail.com](mailto:kerim.sarina@gmail.com), [\\*aman.shurentayev@gmail.com](mailto:*aman.shurentayev@gmail.com), [mtoplu09@gmail.com](mailto:mtoplu09@gmail.com))

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Орта Азиядағы медиакоммуникациялық үрдістегі визуалды контенттің рөлі қарастырылады. Цифрлық дәуірде ақпаратты қабылдау форматы өзгеріп, бейнелер, инфографикалар, қысқа видеолар мен әлеуметтік желідегі визуалды материалдар коммуникацияның негізгі құралына айналууда. Зерттеу барысында аймақтағы медиатрендтер, аудиторияның визуалды контентке деген сұранысы және оның мәдени ерекшеліктермен байланысына талдау жасалады. Сонымен қатар, заманауи коммуникациялық технологиялардың ықпалы, брендтер мен ұйымдардың визуалды стратегиялары, сондай-ақ қоғамдағы ақпараттық кеңстікті арттырудағы маңызы айқындалады. Авторлар Орта Азиядағы цифрлық медиакоммуникацияда визуалды контенттің дамуы тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен бірге мәдени сәйкестікті нығайту мен қоғамдық пікірді қалыптастыру факторы екенін атап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Орта Азия, визуалды контент, медиакоммуникация, цифрлық дәуір, медиатрендтер, мәдени сәйкестік, қоғамдық пікір.

### Кіріспе

Қазіргі заманғы медиакоммуникация кеңістігі түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Бұған басты себептердің бірі – цифрлық дәуірдің қарқынды дамуы және оның адамзат өмірінің барлық салаларына ықпал етуі. Әсіресе, ақпарат алмасу, хабар тарату және аудиториямен байланыс орнатуда визуалды контент ерекше орынға ие болды. Бұрын мәтін негізгі ақпарат көзі болып есептелсе, бүгінгі таңда бейне, сурет, инфографика және анимациялық материалдар жетекші коммуникациялық құралға айналып отыр. Бұл үрдіс әлемдік деңгейде байқалса да, Орта Азия аймағында оның өзіндік ерекшеліктері, мәдени және әлеуметтік қырлары бар.

Түсті: 5.11.2025; Мақұлданды: 2.12.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

Визуалды контенттің маңызы қазіргі қоғамда бірнеше факторға байланысты артып отыр. Біріншіден, адамдардың ақпаратты қабылдау психологиясында айтарлықтай өзгерістер байқалады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, адам көзі арқылы алынатын ақпаратты жылдам қабылдап, есте ұзақ сақтайды. Сондықтан визуалды бейнелер мәтінге қарағанда аудиторияға тиімді әсер етеді. Екіншіден, әлеуметтік желілердің дамуы визуалды контенттің қолданыс аясын кеңейтті. Instagram, TikTok, Facebook және YouTube секілді платформаларда қысқа бейнелер мен суреттер негізгі коммуникация формасына айналды. Бұл жағдай Орта Азия жастары арасында ерекше көрініс тапты, өйткені жас буын жаңа трендтерді тез қабылдап, күнделікті өмірінде кеңінен қолданады.

Сонымен қатар, визуалды контент аймақтық мәдениет пен дәстүрдің де көрінісін береді. Орта Азия халықтарының тарихи тәжірибесі мен өнері көрнекі бейнелер арқылы жиі насихатталады. Ұлттық ою-өрнектер, киім үлгілері, табиғат көріністері, архитектуралық ескерткіштер мен тарихи тұлғалар бейнесі қазіргі цифрлық кеңістікте жаңа мазмұнмен толығуда. Осылайша, визуалды контент тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, мәдени сәйкестікті сақтаудың да маңызды элементіне айналып отыр.

Қазіргі кезеңде коммуникациядағы визуалды контенттің рөлі қоғамдағы пікір қалыптастырумен де тығыз байланысты. Ақпаратты тек мәтін арқылы емес, бейне немесе сурет арқылы ұсыну адамдардың белгілі бір құбылысқа деген көзқарасын өзгерте алады. Мәселен, әлеуметтік желілерде таралған бір фотосурет немесе қысқа бейне қоғамдағы үлкен талқылауға себеп болуы мүмкін. Бұл құбылыс Орта Азия мемлекеттерінде де кеңінен таралған: саяси оқиғалардан бастап, мәдени шараларға дейінгі әрбір процесс визуалды түрде көпшілікке ұсынылып, қоғамдық пікірдің бағытын айқындайды.

Визуалды контенттің дамуы аймақтағы экономикалық және коммерциялық коммуникацияда да ерекше байқалады. Кәсіпорындар мен брендтер өз өнімдерін насихаттауда бейнелер мен графикалық шешімдерге сүйенеді. Визуалды жарнама аудиторияны тартудың ең жылдам әрі тиімді тәсілдерінің бірі ретінде бағаланады. Тіпті шағын кәсіп иелері де әлеуметтік желілер арқылы тауарларын визуалды түрде ұсынып, тұтынушылармен тікелей байланыс орнатуда. Бұл құбылыс Орта Азиядағы шағын және орта бизнестің дамуында үлкен рөл ойнауда.

Цифрлық дәуірдің тағы бір ерекшелігі – визуалды контенттің трансшекаралық сипат алуы. Бір мемлекетте жасалған бейнематериал немесе сурет аз уақыт ішінде бүкіл аймаққа таралып, ортақ мәдени кеңістікті қалыптастыруға ықпал етеді. Орта Азия халықтарының тарихи, тілдік және мәдени жақындығы мұндай процестерді одан әрі жандандырады. Нәтижесінде, визуалды коммуникация тек ішкі ақпарат алмасу құралы ғана емес, аймақаралық ынтымақтастық пен интеграцияны нығайтатын факторға айналады.

Жалпы алғанда, визуалды контенттің Орта Азиядағы коммуникациядағы рөлі тек ақпарат жеткізумен шектелмейді. Ол мәдени құндылықтарды сақтап, ұлттық бейнені насихаттауға, қоғамдық пікірді қалыптастыруға және экономикалық байланыстарды дамытуға ықпал етеді. Цифрлық дәуірде визуалды коммуникацияның ауқымы кеңейіп, оның қоғам өміріндегі маңызы арта түсуде. Сондықтан Орта Азиядағы қазіргі трендтерді зерделеу тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, практикалық мағынада да маңызды болып табылады.

Зерттеу әдебиеттеріне қарағанда, Орта Азиядағы визуалды коммуникация саласында халықаралық және жергілікті ғалымдардың еңбектері бірнеше негізгі бағытта

шоғырланған. Онлайн медиа мен цифрлық платформалардың әлеуметтік ықпалы бұл бағыттағы зерттеулердің басым бөлігін құрайды. Мәселен, R. Mammadov өзінің «Emerging Perspectives and Contemporary Debates: Assessing the Landscape of Online Media Communication Research in Central Asia» атты еңбегінде Орта Азиядағы онлайн медианың қалыптасуы мен даму бағыттарын жан-жақты талдайды. Автор ең алдымен аймақтағы медиа кеңістіктің ерекшеліктеріне тоқталып, оның саяси, әлеуметтік, мәдени және білім беру салаларына ықпалын жүйелі тұрғыдан қарастырады. Зерттеуде онлайн медианың дәстүрлі ақпарат көздеріне қарағанда жылдамдығы мен қолжетімділігі жоғары екендігі, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптастырудағы шешуші факторға айналғаны атап өтіледі.

Соңғы онжылдықта Орта Азия елдерінде цифрлық коммуникация кеңістігі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Интернеттің қолжетімді болуы және әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы ақпарат алмасудың жаңа формаларын тудырып, саяси процестерге де тікелей ықпал еткен. Мәселен, онлайн платформалар арқылы азаматтық қоғам белсендірек қатысып, әлеуметтік бастамаларды жылдам таратуға мүмкіндік алған. Бұл жағдай аймақтағы демократиялық даму үрдістерін де жаңа қырынан қарастыруға негіз болды.

Mammadov білім беру саласына қатысты онлайн медианың трансформациялық әсерін ерекше атап өтеді. Онлайн курстардың, цифрлық кітапханалардың және білім беру платформаларының көбеюі жастардың ақпаратты қабылдау тәсілдерін өзгертті. Бұрын тек баспа өнімдері мен дәстүрлі дәрістер арқылы жүзеге асатын білім беру енді мультимедиялық форматтар мен интерактивті құралдар арқылы жаңа мазмұнға ие болды. Мұндай өзгерістер оқу процесін визуалды және бейнелік компоненттерге тәуелді ете бастады.

Зерттеуші мәдениет саласында да маңызды тенденцияларды айқындайды. Орта Азия елдеріндегі дәстүрлі мәдени кодтар онлайн кеңістікте жаңа сипатта ұсынылып, визуалды контент арқылы кеңінен таралуда. Әсіресе әлеуметтік желілердегі бейнелер мен инфографикалар ұлттық мәдениеттің заманауи репрезентациясына айналып отыр. Бұл жағдай бір жағынан мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға ықпал етсе, екінші жағынан жаһандану жағдайында мәдени сәйкестіктің өзгеруіне әкелуі мүмкін екені көрсетілген.

Автордың еңбегінде саяси коммуникацияның цифрлық кеңістіктегі жаңа парадигмасы да сипатталады. Әлеуметтік желілер саясаткерлер мен мемлекеттік институттар үшін халықпен тікелей байланыс орнатудың тиімді құралына айналған. Бұл құбылыс ақпаратты жедел жеткізуге, қоғамдағы сенім деңгейін арттыруға ықпал еткенімен, сонымен қатар жалған ақпараттың да таралу мүмкіндігін күшейтті. Сондықтан онлайн медианың дамуымен бірге ақпараттық қауіпсіздік мәселесі аймақтағы маңызды ғылыми-тәжірибелік тақырыпқа айналған [1].

Қазақстандық жастардың оқу мәдениеті соңғы онжылдықта түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Дәстүрлі баспа өнімдеріне сүйенген оқу үлгілері біртіндеп екінші қатарға ығысып, оның орнына цифрлық құралдар мен визуалды коммуникация басымдыққа ие бола бастады. Ақпаратты қабылдау тәсілдерінің өзгеруі жастардың когнитивтік модельдерінде жаңа парадигмалар қалыптастырып, оқу процесінің құрылымына да ықпал етуде.

Цифрландыру процесінің әсері оқырмандық тәжірибеден айқын байқалады. Баспа кітаптары мен мерзімді басылымдар жастар арасында бұрынғыдай негізгі ақпарат көзі

болудан қалып, олардың орнын электронды ресурстар, мультимедиялық форматтар және әлеуметтік желідегі визуалды мазмұн алмастыруда. Бұл үрдіс ақпаратты тұтынудың жылдамдығы мен қолжетімділігіне байланысты қалыптасып, білім алудың жаңа әдіснамалық негізін белгілеп беруде.

Жастардың оқу мәдениетінде бейнелік контенттің күшеюі олардың ақпаратты қабылдауына ерекше ықпал етеді. Көп жағдайда мәтіндік материалға қарағанда бейне, инфографика немесе иллюстрация ақпаратты жеңіл қабылдауға және есте сақтауға мүмкіндік береді. Бұл құбылыс визуалды коммуникацияның психологиялық артықшылықтарын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге білім беру ортасында оқу мотивациясын арттырудың маңызды тетігіне айналып отырғанын айғақтайды.

Есенбекова Ұ. өз зерттеуінде жастардың визуалды коммуникацияға бағдарлануы оқу процесінің мазмұндық құрылымына жаңа талаптар қойып отырғанын атап өтеді. Оның тұжырымынша, цифрлық кеңістікте қалыптасқан жаңа оқу мәдениеті дәстүрлі мәтінге негізделген оқудан ерекшеленіп, көп арналы ақпарат көздерін қатар пайдалану тәжірибесін дамытқан. SpringerLink басылымында жарияланған бұл зерттеу визуалды контенттің білім беру кеңістігіндегі рөлін нақтылап, оның ақпаратты жеткізудің тиімді әдісіне айналғанын көрсетеді [2].

Визуалды коммуникация жастардың тек ақпарат қабылдау тәсілін ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық өзара әрекет үлгілерін де өзгертті. Қазақстандық студенттер арасында әлеуметтік желілер мен мультимедиялық платформалар арқылы алынған мәліметтер жиі қолданылады, бұл оларды жаһандық білім беру үдерісінің белсенді қатысушысына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, визуалды контент тек оқыту құралы емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік интеграция құралы ретінде де маңызды орынға шықты.

Бұл ғылыми пайымдаулар жастардың оқу мәдениетіндегі өзгерістерді визуалды коммуникация тұрғысынан қарастырудың өзектілігін дәлелдейді. Ақпаратты бейнелік формада ұсынудың басымдығы, цифрландыру ықпалы және оқудың жаңа тәжірибелік үлгілері визуалды контентті заманауи білім беру мен ақпарат алмасудың басты ресурсына айналдырып отыр.

Визуалды және мәтіндік нарративтердің өзара ықпалы мәселесі қазіргі ғылыми ізденістерде күрделі категориялардың бірі ретінде қарастырылады. Cheng, Wu және Chen жүргізген зерттеуде графикалық дизайннан визуалды коммуникация дизайнына өту процесі Азия елдерінде айқын байқалатыны көрсетілген. Бұл еңбекте визуалды дизайнның теориялық негіздері мәдени эволюциялық контекстпен байланыстырыла отырып, аймақтық ерекшеліктерді түсіндірудің жаңа тәсілдері ұсынылған. Авторлар визуалды коммуникацияның тек техникалық немесе эстетикалық қырларын емес, сонымен бірге әлеуметтік тәжірибені қалыптастырудағы орны мен маңызын қарастырады [3].

Мәдени контекстегі визуалды коммуникацияның когнитивтік қыры әлеуметтік және саяси дискурстармен астасып жатыр. «Sociocultural Factors Hindering Public Communication of Positive Body Image in Kazakhstan» еңбегінде зерттеушілер қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік нормалардың, отбасы дәстүрлерінің және медиа индустриясының жастардың дене бейнесін қабылдауына тікелей ықпалын сипаттайды. Жұмыста визуалды контенттің мәдени құндылықтарды жеткізуші құрал ретіндегі қызметі талдана отырып, оның әлеуметтік мінез-құлыққа, өзін-өзі бағалауға және қоғамдық пікір қалыптастыруға әсер ету механизмдері көрсетілген [4].

Ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, визуалды коммуникацияның әлеуметтік мәні көпқабатты құрылым ретінде ашылады. Бір жағынан, ол мәдени бірегейлік пен аймақтық ерекшелікті репрезентациялау құралы болса, екінші жағынан, қоғамдық санаға әсер ететін символдық дискурс рөлін атқарады. Бұл бағыттағы зерттеулер Орта Азиядағы коммуникациялық процестерді түсінуде маңызды теориялық негіз қалыптастырады.

Кино өнері визуалды коммуникацияның мәдени және ұлттық кодтарын зерттеуде ерекше маңызға ие бағыттардың бірі болып саналады. «Methodology of Visual Techniques in the Cinematographic Art of Kazakhstan in 1930–2020» (2023) атты еңбекте қазақстандық кино өнерінің түрлі тарихи кезеңдерінде қолданылған бейнелік тәсілдер мен көркемдік құралдардың эволюциясы кеңінен қарастырылған. Авторлар кинематографтағы визуалды шешімдердің қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістермен және мәдени трансформациялармен өзара байланысын ашып көрсетеді. Бұл еңбектің құндылығы – ол киноны тек эстетикалық өнім ретінде ғана емес, визуалды коммуникацияның ұлттық сәйкестікті қалыптастыратын маңызды құралы ретінде түсіндіруінде.

Әр тарихи дәуірде қолданылған визуалды техникалардың мазмұндық қырлары ерекше сипатта болғаны байқалады. 1930-1950 жылдар аралығында кеңестік идеология ықпалымен түсірілген киноларда визуалды бейнелер көбінесе социалистік реализм үлгілеріне сүйеніп, ұлттық мәдениеттің элементтері идеологиялық мақсаттарға бейімделген. 1960-1980 жылдары кинематографта ұлттық фольклорлық сарындар мен тарихи тақырыптарға бетбұрыс байқалып, бейнелік кодтар арқылы халықтың рухани мұрасын жаңғырту үрдісі күшейді. Ал тәуелсіздік кезеңінен кейінгі кинода визуалды тіл жаңа қырынан дамып, ұлттық идентичтілік пен жаһандық мәдени ағымдардың тоғысында жаңа формаларды қабылдады.

Зерттеуде визуалды техникалардың эволюциясы тек қана көркемдік тәсіл ретінде емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдени мұраның сабақтастығын жеткізуші фактор ретінде сипатталады. Мәселен, кадрлық композициялар, түс палитралары, костюмдер мен декорациялар белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени кодтарын бейнелей отырып, көрермен санасында ұлттық болмыстың тұрақты бейнесін қалыптастыруға ықпал еткен. Осы тұрғыдан алғанда, кино өнері визуалды коммуникацияның күрделі жүйесі ретінде ұлттық мәдениеттің репрезентациясын сақтауға және жаңа ұрпаққа жеткізуге қызмет ететіні айқындалады [5].

Визуалды коммуникацияның кино саласындағы зерттелуі оның әлеуметтік функцияларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстандық кино тарихындағы бейнелік тәсілдер ұлттық мәдениетке тән символдарды жаңғыртып қана қоймай, оларды жаңа тарихи жағдайларға бейімдей отырып, мәдениетаралық коммуникацияда да маңызды рөл атқарады. Осылайша, кино өнеріндегі визуалды техника – ұлттың мәдени болмысын заманауи құралдар арқылы көрсету мен сақтаудың пәрменді тетігі.

Батыс ғылымында визуалды коммуникация мәселесі семиотикалық тұрғыда терең зерттелген. Гюнтер Кресс пен Тео ван Лиувеннің «Reading Images: The Grammar of Visual Design» еңбегі суреттердің әлеуметтік мағына тудырушы жүйе ретіндегі рөлін айқындайды. Бұл көзқарас визуалды контенттің тек ақпарат жеткізуші емес, сонымен қатар идеологияны, құндылықтарды және мәдени нормаларды тасымалдаушы екенін дәлелдейді [6].

Орыс ғылымындағы Юрий Лотманның семиосфера теориясы визуалды белгілердің мәдени кеңістіктегі орны мен қызметін түсіндіруге мүмкіндік береді [7]. Ал Дмитрий Иванов заманауи зерттеулерінде «визуалды қоғам» ұғымын енгізіп, цифрлық дәуірдегі

медианың бейнелік үстемдігін сипаттайды. Оның тұжырымдауынша, визуалды бейнелер мәтіннен басымдыққа ие болып, әлеуметтік желілерде коммуникацияның басты форматына айналды [8].

Қазақстандық ғалымдар тарапынан визуалды коммуникация мәселелері ұлттық мәдениет пен әлеуметтік ерекшеліктер контекстінде қарастырылады. Гүлмира Султанғалиева, Тенлик Далаева және әріптестері жүргізген «Visual anthropology and the history of images of Kazakhstan culture» жобасы XIX–XXI ғасырлардағы бейнелердің ұлттық идентичтілік қалыптастырудағы тарихи рөлін ашып, олардың қазіргі цифрлық репрезентациялармен байланысын талдайды [9].

Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі визуалды дереккөздерді анықтау мәселесіне арналған «Problems of identifying sources and visual content in social media: the experience of Kazakhstan» зерттеуі ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан өзекті. Бұл еңбекте визуалды контенттің шынайылығын тексеру және жалған ақпаратпен күресу әдістері ұсынылады [10].

Коммуникацияның педагогикалық аспектілері бойынша Сәуле Еркебаева (2018) мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуда көрнекі құралдардың маңызын айқындап, визуалды әдістердің білім беру процесіндегі тиімділігін көрсетті.

Әдіснама. Ғылыми мақалада жалпылай алғанда, визуалды коммуникацияға қатысты зерттеулер үш негізгі бағытта топтастырылады. Біріншіден, семиотикалық талдау негізінде визуалды белгілердің мағынасы қарастырылады. Екіншіден, әлеуметтік-мәдени қырынан ұлттық бірегейлікпен қоғамдық пікір қалыптастырудағы бейнелердің рөлі айқындалады. Үшіншіден, цифрлық кеңістікте ақпараттық қауіпсіздік, дереккөздерді анықтау және аудиторияның қабылдау ерекшеліктері зерттеледі. Аталған бағыттардың барлығы Орта Азиядағы визуалды коммуникацияның теориялық негіздерін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Коммуникациядағы визуалды контент формалары қазіргі цифрлық дәуірде ерекше қарқынмен дамып келеді. Жаңа медиа платформалардың кеңеюі ақпаратты бейнелік форматта жеткізуді алдыңғы орынға шығарып, инфографика, фотосурет, бейнеролик, анимация және мемдер сияқты контент түрлерінің танымалдығын арттырды. Әрбір визуалды форма белгілі бір аудиторияға бағытталып, ақпаратты қабылдау ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Визуалды коммуникациядағы бұл формалардың өзара салыстырмалы сипаттамасын төмендегі кесте анық көрсетеді (1-кесте).

Кесте 1 – Коммуникациядағы визуалды контент формаларының салыстырмалы сипаттамасы

| Визуалды контент түрі | Негізгі ерекшеліктері                                 | Қолданылу саласы                    | Артықшылықтары                            | Шектеулері             |
|-----------------------|-------------------------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------------|------------------------|
| Инфографика           | Күрделі ақпаратты қысқаша, көрнекі түрде ұсынады      | Журналистика, білім беру, маркетинг | Ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік береді | Дерек сапасына тәуелді |
| Фотосурет             | Шынайы көріністі бейнелейді, эмоционалды әсері жоғары | Әлеуметтік желі, БАҚ, жарнама       | Сенімділік пен нақтылық береді            | Манипуляцияға бейім    |

|          |                                                    |                                           |                                           |                                     |
|----------|----------------------------------------------------|-------------------------------------------|-------------------------------------------|-------------------------------------|
| Видео    | Динамикалық бейнелер арқылы ақпарат жеткізеді      | Телевидение, кино, әлеуметтік медиа       | Көрермен назарын ұзақ ұстайды             | Өндіріс шығыны жоғары               |
| Анимация | Графикалық элементтерді қозғалысқа келтіреді       | Білім беру, жарнама, ойын индустриясы     | Абстрактілі ұғымдарды түсіндіруге ыңғайлы | Көп уақыт пен ресурс қажет          |
| Мемдер   | Қысқа мәтін мен бейнені біріктірген визуалды форма | Әлеуметтік желілер, онлайн қауымдастықтар | Жылдам таралады, жастар арасында тиімді   | Контексте тәуелді, ұзақ өмірлі емес |

1-кестеден көрінгендей, визуалды контенттің әр формасы коммуникация процесінде өзіндік қызмет атқарады. Инфографика күрделі деректерді ықшам әрі түсінікті жеткізуге мүмкіндік берсе, фотосурет сенімділікті арттырады және эмоциялық әсерді күшейтеді. Видео мен анимация аудитория назарын ұзақ уақыт сақтап, динамикалық және абстрактілі ұғымдарды жеткізудің тиімді құралы ретінде ерекшеленеді. Ал мемдер жылдам таралуымен және жастар аудиториясына жақындығымен сипатталады, бірақ олардың контексте тәуелділігі мен қысқа мерзімді өміршеңдігі оларды тұрақсыз коммуникациялық құралға айналдырады.

Аймақтық медиа кеңістігінің қазіргі жағдайы соңғы онжылдықтарда қарқынды өзгерістерге ұшырады. Цифрлық технологиялардың енгізілуі дәстүрлі БАҚ-ты жаңа медиа платформалармен алмастырып, ақпарат алмасу форматын түбегейлі өзгертті. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстандағы медиа саласы біртіндеп онлайн жүйеге көшіп, дәстүрлі газеттер мен телеарналардың ықпалы әлеуметтік желілердегі контенттің өсуімен әлсірей бастады. Аймақтағы ақпараттық кеңістіктің басты ерекшелігі – ұлттық мәдени мұралар мен тілдік факторлардың медиа контенттің мазмұнына тікелей әсер етуі [11].

Цифрландыру үрдісінің дамуы медиа нарықтағы жаңа үдерісті қалыптастырды. Орта Азиядағы интернет пайдаланушылар саны жыл сайын өсіп келеді, ал бұл жағдай визуалды коммуникацияға деген сұранысты арттыруда. Ақпараттық ресурстарда бейнелік форматтағы материалдардың көбеюі аудиторияның қабылдау ерекшеліктеріне бейімделумен түсіндіріледі. Аймақтық зерттеулер көрсеткендей, жастар қауымы ақпаратты бейне мен сурет арқылы қабылдауды жеңіл санайды, сондықтан медиа ұйымдар контентін инфографика, қысқа бейнеролик және фотоқұжаттар түрінде ұсынуға ұмтылады.

### Нәтижелер мен талқылау

Әлеуметтік желілердегі визуалды контенттің қолданысы ерекше назар аударарлық құбылысқа айналды. Facebook, Instagram, TikTok және Telegram сияқты платформалар тек коммуникация құралы емес, сондай-ақ қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі алаңына айналып отыр. Қазақстан мен Қырғызстанда Instagram инфографика мен бейнероликтерді тарату үшін кеңінен қолданылады, ал Өзбекстан мен Тәжікстанда

Telegram мессенджері басымдыққа ие. Бұл ерекшелік аймақтағы аудиторияның әлеуметтік-мәдени контекстке қарай таңдау жасайтынын көрсетеді. Визуалды контент, әсіресе мемдер мен қысқа бейнероликтер, жастардың ақпараттық ортадағы белсенділігін арттырудың маңызды құралына айналған.

Халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, Орта Азиядағы визуалды коммуникация өзіндік айрықша белгілерімен ерекшеленеді. Батыс елдерінде визуалды контент көбінесе коммерциялық маркетинг пен имидждік кампанияларда қолданылады, ал аймақта әлеуметтік және мәдени тақырыптар көбірек назарда. Мысалы, Қазақстандағы медиа кеңістікте ұлттық мәдениет пен дәстүрді визуалды бейнелер арқылы көрсету басым болса, АҚШ пен Еуропада әлеуметтік желілердің негізгі бағыты тұтынушылық мінез-құлықты қалыптастыруға бағдарланған. Сонымен қатар, дамыған елдерде визуалды коммуникация көбіне кәсіби продакшн өнімдері арқылы жүзеге асса, Орта Азияда қолданушылардың өздері жасаған контент кең таралған.

Орта Азиядағы цифрлық коммуникацияның даму ерекшеліктері ұлттық мәдениетке негізделген визуалды репрезентациялар мен әлеуметтік желілердегі белсенділіктен айқын көрінеді. Бұл жағдай аймақтық медиа кеңістіктің өзіндік динамикасын көрсетіп, халықаралық коммуникациялық үрдістерге бейімделе отырып, жергілікті ерекшеліктерді сақтап отырғанын дәлелдейді. Визуалды контенттің кеңеюі болашақта аймақтық ақпараттық саясат пен медиа зерттеулердің басты нысанына айналары сөзсіз (2-кесте).

Кесте 2 – Орта Азия елдеріндегі әлеуметтік желілердің қолданылу ерекшеліктері

| Елдер        | Негізгі қолданылатын платформалар           | Ерекшеліктері                                                                              | Үрдістері                                                          |
|--------------|---------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан    | Instagram, TikTok, Telegram, YouTube        | Жастар арасында визуалды контентке сұраныс жоғары; Telegram ақпарат алмасудың басты арнасы | Инфлюенсерлік маркетинг, онлайн-білім беру контенті кең таралған   |
| Өзбекстан    | Telegram, Instagram, Facebook               | Telegram ресми ақпарат пен бизнес коммуникациясының негізгі құралы                         | Мемлекеттік құрылымдардың ресми арналар ашуы күшейген              |
| Қырғызстан   | Facebook, Instagram, WhatsApp, TikTok       | Facebook саяси дискуссияның басты алаңы; TikTok жастар арасында белсенді                   | Азаматтық қоғам белсенділігінің артуы                              |
| Тәжікстан    | Odnoklassniki, Facebook, Instagram          | Ескі ресейлік платформалар әлі де кең таралған; визуалды контенттің сапасы төмен           | Көбіне шетелдегі мигранттармен байланыс құралы ретінде қолданылады |
| Түрікменстан | Instagram, YouTube (шектеулі қолжетімділік) | Интернетке кіру шектеулі; әлеуметтік желілерге бақылау жоғары                              | VPN арқылы қолдану жиі кездеседі                                   |

Қазақстанда әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы визуалды контент өндірісін коммерцияландыруға және профессионалдандыруға әкелді. Инфлюенсерлік платфор-

малар нарығының қалыптасуы жарнама, бренд-коммуникация мен білім беру контентінің визуализациясын жеделдетті; нәтижесінде мазмұн жасаушылар аудиторияның тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып локализациялауға мәжбүр.

Өзбекстанда Telegram-ның ерекшелігі – ақпаратты жылдам әрі тікелей тарату мүмкіндігі болғандықтан, ресми және бейресми арналар арқылы қоғамдық пікір қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Бұл контексте визуалды материалдардың – қысқа видеолар мен иллюстрацияланған хабарламалардың – саяси және әлеуметтік дискурстарда қолданылуы белсендірілуде.

Қырғызстанның цифрлық ландшафты азаматтық белсенділікке толы: Facebook және TikTok платформалары арқылы ұйымдар мен тұрғындар өзара ақпарат алмасады, социорәсімдік қозғалыстарды ұйымдастыруда визуалды құралдардың рөлі артып келеді. Сонымен қатар, тілдік әртүрлілік контенттің көптігін және кросс-контенттік стратегиялардың дамуын талап етеді.

Тәжікстан жағдайындағы платформалардың ерекшелігі – әлеуметтік желілердің құрылымы диаспоралық байланыстарға тәуелді; мигранттар арқылы берілетін ақпарат пен визуалды әсер айтарлықтай. Бұл медиа нарықтың кәсіби өндіріс деңгейінің шектеулілігіне байланысты контент сапасын және локалдық визуалды мәдениеттің қалыптасуын тежейді.

Түрікменстанда цифрлық коммуникация аса реттелген әрі жабық сипатта, сондықтан визуалды контент көбінесе шектеулі аудиторияға бағытталып таратылады. VPN қолданушыларына тәуелді балама арналар арқылы сыртқы медиа тұтыну болуы мүмкін, бұл контенттің сенімділігі мен таралу жолдарын күрделендіреді.

Аймақта ортақтенденция ретінде мобильді бірінші тұтыну, қысқа бейнеформаттардың басымдыққа көтерілуі және жастар аудиториясының визуалды контентті тұтынудағы жетекшілік рөлі анық байқалады. Сонымен бірге әр елдің саяси, тілдік және экономикалық контексті платформалар арасында айрықша айырмашылықтар тудырады.

Цифрлық кеңістіктегі визуалды бейнелер ұлттық мәдени кодтарды трансляциялаудың пәрменді құралы ретінде қарастырылады. Әсіресе Орта Азия елдерінде дәстүрлі символдар, киім үлгілері мен этнографиялық элементтер әлеуметтік желілерде жаңа мағынаға ие болып, мәдени сәйкестіктің жаңаша деңгейде қабылдануына ықпал етеді. Визуалды коммуникация арқылы ұлттық құндылықтарды сақтаумен қатар, оларды жаһандық аудиторияға таныстыру үрдісі жүріп жатыр. Бұл құбылыс мәдени мұраның заманауи медиа тілінде қайта интерпретациялануының айғағы болып саналады.

Сонымен қатар, визуалды бейнелердің мәдени сәйкестікке ықпалын тілдік репрезентациялармен салыстыруға болады. Егер мәтін мәдениетке қатысты терең ұғымдарды жеткізсе, визуалды мазмұн эмоциялық қабылдауды күшейтіп, идентификация процесін жылдамдатады. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық ою-өрнектердің, тарихи тұлғалардың немесе фольклорлық бейнелердің әлеуметтік желілерде кеңінен таралуы олардың мәдени код ретіндегі қызметін жандандырады.

Қазіргі медиақоғамда визуалды контент қоғамдық пікір қалыптастырудың басты факторына айналды. Фотосуреттер мен бейнежазбалардың жаппай таралуы әлеуметтік мәселелерге байланысты эмоциялық реакцияны күшейтеді. Мәселен, экологиялық проблемаларға қатысты жарияланған бейнеконтент көпшілік назарын жылдам аударады және саяси шешімдер қабылдау процесіне жанама ықпал етеді. Бұл феномен визуалды коммуникацияның тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мобилизация құралы ретіндегі рөлін айқындайды.

Саяси дискурста визуалды контенттің тиімділігі жоғары, себебі ол күрделі идеяларды қысқа уақыт ішінде жеткізе алады. Инфографика мен карикатура түріндегі бейнелер қоғамдық пікірге бағытталған әсердің ерекше үлгісі ретінде қарастырылады. Мұндай материалдар қоғамдағы стереотиптерді қалыптастыруға да, оларды бұзуға да мүмкіндік береді.

Жастар аудиториясы визуалды мәдениеттің негізгі тұтынушысы әрі өндірушісі болып табылады. TikTok, Instagram және YouTube секілді платформалар жастардың өзін-өзі танытуының, әлеуметтік тәжірибе жинақтаудың және цифрлық мәдениетке араласудың басты алаңына айналды. Мұнда визуалды мазмұн тек ойын-сауық үшін ғана емес, сонымен бірге білім алу, саяси пікір білдіру және шығармашылық дамудың маңызды құралы ретінде қолданылады.

Жастардың визуалды мәдениетке белсенді араласуы олардың ақпаратты қабылдау дағдыларын өзгертуде. Қысқа бейнелерге негізделген медиақабылдау үрдістері оқу мәдениетіне де әсер етіп, мәтіннен көрі бейне мен суретке басымдық берілетін жағдай қалыптастырды. Осылайша, визуалды контент жас буынның когнитивтік үлгілерін өзгертіп, олардың мәдени және әлеуметтік тәжірибесін айқындайтын басты факторға айналып отыр [12].

Жас ерекшелігіне қарай визуалды контентті тұтыну үлгілері айқын айырмашылықтарға ие. Балалар үшін бейнелердің тәрбиелік және когнитивтік маңызы жоғары болса, жасөспірімдер үшін визуалды материалдар әлеуметтік идентификация құралына айналады. Жастар аудиториясы контентті тек тұтынушы ретінде емес, сонымен қатар продюсер ретінде пайдаланып, жаңа мәдени трендтердің бастамашысына айналады. Орта буын ақпараттылық пен кәсіби білімін толықтыруға бағытталса, ересек буын визуалды контентті дәстүрлі құндылықтарды сақтап жеткізу үшін қолданады (3-кесте).

Кесте 3 – Визуалды контенттің аудиторияға ықпалы (жас ерекшеліктеріне қарай)

| Жас топтары               | Қолданылатын визуалды контент түрлері         | Негізгі мақсаттары                                         | Әлеуметтік-мәдени әсері                                                  |
|---------------------------|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| Балалар (7-12 жас)        | Мультфильмдер, анимациялар, білімдік бейнелер | Ойын арқылы үйрену, қиялды дамыту                          | Мәдени символдармен алғашқы танысу, тілдік және когнитивтік дамуға ықпал |
| Жасөспірімдер (13-18 жас) | TikTok бейнелері, мемдер, блогерлік контент   | Өзіндік пікір білдіру, топтық сәйкестік құру               | Жастар субмәдениеттерінің қалыптасуы, қоғамдық пікірге бейімделу         |
| Жастар (19-30 жас)        | Instagram, YouTube, подкаст-видео             | Әлеуметтік желіде өзін таныту, кәсіби даму, ақпарат алмасу | Цифрлық мәдениет құру, жаңа трендтерді қалыптастыру                      |
| Орта буын (31-45 жас)     | Инфографика, жаңалықтық бейнеконтент          | Жаңалықтардан хабардар болу, кәсіби білімін жетілдіру      | Қоғамдық пікір қалыптастыру, әлеуметтік дискурстарға қатысу              |
| Ересектер (46+)           | Facebook, жаңалық сайттарындағы бейнелер      | Ақпарат алу, дәстүрлі медиаға балама табу                  | Ұлттық құндылықтарды трансляциялау, әлеуметтік тұрақтылықты қолдау       |

3-кестеден байқауға болатыны, әрбір жас тобы визуалды контентті әртүрлі әлеуметтік-мәдени мақсатта қолданады. Бұл жағдай контент жасаушылар үшін маңызды бағдар береді, өйткені әрбір аудиторияға арналған стратегия бірдей бола алмайды. Мәселен, жастар үшін креативтілік пен трендтілік маңызды болса, ересектер үшін сенімділік пен дәстүрлі мазмұн басымдыққа ие. Осыған орай, визуалды коммуникацияның мәдени және әлеуметтік қырларын зерттеу тек теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық қолданыста да айрықша мәнге ие болып отыр.

Қазақстан жастары визуалды мәдениеттің басты өндірушілері мен тұтынушылары ретінде аймақтық коммуникация кеңістігінің ерекше бөлігін құрайды. Цифрландыру процесі олардың күнделікті өмір салтын түбегейлі өзгертіп, ақпарат қабылдау мен бөлісу тәсілдерін жаңа деңгейге көтерді. Әлеуметтік желілердегі визуалды контент жастардың өзіндік стиль қалыптастыруына, топтық сәйкестік табуына және заманауи мәдени тәжірибесін айқындауына тікелей ықпал етеді.

Интернет пен смартфондардың жаппай қолданысы жастардың ақпараттық әдеттерін мәтіннен бейне мен суретке ауыстырды. TikTok пен Instagram сияқты платформалар Қазақстандағы жастар үшін тек ойын-сауық құралы ғана емес, сонымен бірге өзіндік ой-пікір білдірудің, шығармашылық танытудың және әлеуметтік проблемаларға үн қосудың алаңына айналды. Мәселен, экологиялық қозғалыстарға қатысты түсірілген қысқа бейнероликтер немесе әлеуметтік әділеттілік тақырыбындағы креативті визуалды акциялар жастардың белсенді азаматтық ұстанымын айқындайды.

Жастардың визуалды мәдениеті ұлттық және жаһандық кодтардың тоғысуымен сипатталады. Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері, этникалық музыка мен ұлттық киім элементтері қазіргі заманғы бейнероликтер мен фотожобаларда жиі қолданылып, мәдени мұраны жаңа формада танытуға жол ашуда. Мысалы, Instagram желісінде ұлттық нақыштағы фотосессиялар кеңінен таралып, «қазақи стильді» сәндік тренд ретінде танытатын жастар қауымдастықтары қалыптасқан.

Сонымен қатар, жастардың визуалды мәдениеті қоғамдағы өзекті мәселелерді көрсету құралына да айналып отыр. Гендерлік теңдік, білімге қолжетімділік немесе урбанизация секілді тақырыптар бойынша түсірілген қысқа бейнежазбалар көпшілік назарына ұсынылып, қоғамдық пікірталастарды жандандырады. Бұл жағдай визуалды контенттің тек мәдени репрезентация ғана емес, әлеуметтік трансформация факторы екендігін дәлелдейді [13].

Қазақстандық жастардың визуалды мәдениеті халықаралық трендтермен де тығыз байланысты. Жаһандық челленджер мен мемдер қазақстандық интернет қауымдастығында жылдам таралып, жергілікті ерекшеліктермен толықтырылады. Мұндай бейімделу визуалды мәдениеттің динамикасын арттырып, жастардың креативті әлеуетін айқындайды.

Жастар аудиториясының визуалды мәдениетке белсенді қатысуы олардың когнитивтік қабілеттерін де өзгертуде. Ақпаратты қысқа әрі бейнелік түрде қабылдауға үйренген жастар ұзақ мәтіндік материалдарға қарағанда, инфографика, қысқа бейнеролик немесе фотоколлаждарды оңай қабылдайды. Бұл жағдай білім беру саласына да әсер етіп, визуалды әдістерді оқу үдерісіне кеңінен енгізуді қажет етеді.

Қазақстандағы жастардың визуалды мәдениеті дәстүрлі құндылықтар мен заманауи цифрлық трендтердің үйлесімін көрсетеді. Ол ұлттық идентичтілікті жаңа формада танытумен қатар, қоғамдағы әлеуметтік дискурстарға белсенді ықпал етуде.

Мұндай мәдени феноменді зерттеу Орта Азиядағы визуалды коммуникацияның даму ерекшеліктерін түсінуде маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары визуалды мәдениеттің ең ірі трендтерінің бірі – қысқа форматтағы видеолардың танымалдығы. TikTok, Instagram Reels, YouTube Shorts сияқты платформалар жастардың ақпарат тұтыну әдетін түбегейлі өзгертті. Бұрын 10–15 минуттық роликтер қаралса, қазір 15-60 секунд аралығындағы бейнелер бірінші орынға шықты. Бұл құбылыстың басты себебі – жастардың ақпаратты тез қабылдауына және көңіл көтеру мақсатында жылдам контентті тұтынуына байланысты.

Қазақстанда 2024 жылы TikTok қолданушыларының саны 4 млн-нан асты. Жастар көбіне ұлттық тағамдар, киім үлгілері, әзіл-сықақ және күнделікті тұрмыстық кеңестер туралы қысқа бейнелер түсіріп, көп қаралым жинауда. Мәселен, қазақтың салт-дәстүрін түсіндіретін шағын роликтер миллиондаған көрерменге жетіп, этномәдени мұраны жаңа форматта танытуға мүмкіндік беріп отыр.

Жастардың визуалды мәдениетінде мемдер ерекше орын алады. Олар тек күлкі тудыратын құрал ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді, саяси оқиғаларды немесе жастардың көзқарасын білдіретін заманауи «тілге» айналды. Мемдер арқылы жастар өз ойларын бейресми әрі ықшам түрде жеткізе алады.

Инфографикалар да білім алуда, ақпаратты жеткізуде тиімді тәсілге айналды. Әсіресе, күрделі статистиканы немесе әлеуметтік зерттеулер нәтижесін жастарға ұғынықты етіп ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы экология мәселелері туралы қоғамдастықтар инфографикаларды жиі пайдаланады. Мәселен, «Арал теңізі дағдарысы» тақырыбында жасалған визуалды кестелер жастар арасында Instagram мен Telegram арналарында кеңінен тарады. Ал мемдер ішінде «Сессия уақыты» немесе «Студенттің стипендиясы» секілді әзілдер жастардың күнделікті тәжірибесін бейнелеп, ұжымдық идентификация тудырады.

Жаңа технологиялардың дамуы жастардың визуалды мәдениетін түбегейлі жаңартып отыр.

– AR (Augmented Reality – толықтырылған шындық). Instagram мен Snapchat-тағы маскарлар, түрлі эффекттер жастардың өзіндік имиджін қалыптастыруына ықпал етеді.

– VR (Virtual Reality – виртуалды шындық) жастардың ойын мәдениетінде, виртуалды концерттерде және білім беру саласында кеңінен қолданылып жатыр.

– Жасанды интеллект (AI). MidJourney, Stable Diffusion сияқты нейросет құралдары жастарға суреттерді, иллюстрациялар мен арт-объектілерді бір ғана мәтіндік сипаттама арқылы жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық жастар арасында AI арқылы жасалған ұлттық ою-өрнектердің жаңа интерпретациялары трендке айналды. Instagram беттерінде жасанды интеллект көмегімен жасалған «Болашақтағы Алматы» немесе «Көшпенділердің футуристік стилі» сияқты суреттер кеңінен тарады. Бұл тек шығармашылықты дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениетті жаңа формада қайта қарауға жағдай жасап отыр.

#### Кесте 4 – Цифрлық дәуірдегі визуалды контенттің негізгі трендтері

| Тренд түрі                     | Ерекшеліктері                                           | Қазақстандағы мысалдар                                                        |
|--------------------------------|---------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| Қысқа видеолар (TikTok, Reels) | 15-60 сек роликтер, көңіл көтеру, ақпаратты тез жеткізу | Қазақ салт-дәстүрін түсіндіретін шағын роликтер; жастардың lifestyle-контенті |

|                                             |                                                                  |                                                                       |
|---------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|
| Мемдер                                      | Әлеуметтік, саяси, мәдени құбылыстарды әзіл арқылы жеткізу       | «Сессия уақыты», «Студент стипендиясы» мемдері                        |
| Инфографикалар                              | Күрделі деректерді ықшам, көрнекі түрде ұсыну                    | Экология және қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге қатысты инфографикалар |
| AR технологиялары                           | Маскалар, фильтрлер, эффекттер арқылы өзіндік имидж қалыптастыру | Instagram AR фильтрлері, ұлттық нақыштағы маскалар                    |
| VR технологиялары                           | Виртуалды ойындар, концерттер, білім беру                        | Жастардың VR-гейминг клубтарда уақыт өткізуі                          |
| Жасанды интеллект (AI, нейросет визуалдары) | Тек мәтіндік сипаттамамен сурет, иллюстрация жасау               | «Көшпенділердің болашақ стилі» сияқты AI арқылы жасалған арттар       |

4-кестеден көріп тұрғандай, қысқа видеолар қазіргі жастардың визуалды мәдениетінде негізгі орынға шыққан құбылыстардың бірі болып отыр. TikTok, Instagram Reels, YouTube Shorts секілді платформалар жастардың күнделікті өмірін, шығармашылық белсенділігін және ақпаратқа деген қызығушылығын жаңа деңгейге көтерді. Бұл форматтың басты ерекшелігі – қысқа уақыт ішінде көп мағынаны жеткізе алуында. Жастар көбінесе 15-60 секунд аралығындағы бейнелерді таңдайды, себебі мұндай контент жылдам қабылданады және зеріктірмейді. Қазақстанда да бұл құбылыс кең тараған. Қазақтың ұлттық дәстүрлерін, салт-ғұрыптарын насихаттайтын роликтер TikTok желісінде ерекше танымал. Мысалы, домбырамен күй тарту, қазақтың ұлттық тағамдары – бауырсақ, қымыз, бешбармақ әзірлеу процестері қысқа әрі тартымды бейне түрінде беріліп, миллиондаған қаралым жинайды. Сонымен қатар жастардың lifestyle-контенті де трендке айналған. Қазақстандық студенттердің бір күндік өмірі, оқу мен жұмысты қатар алып жүру тәжірибесі, қала мәдениеті туралы роликтері аудитория тарапынан қызу қолдау табуда. Қысқа видеолар жастардың өзін-өзі танытуына ғана емес, ұлттық мәдениетті жаңа формада таныстыруына да мүмкіндік беріп отыр.

Мемдер визуалды мәдениеттің тағы бір маңызды көрінісі ретінде қоғамдастық ішінде ерекше мәнге ие. Олар жастар арасында бейресми коммуникацияның құралы болып табылады. Мемдер арқылы әлеуметтік, саяси және мәдени құбылыстарға деген көзқарас қарапайым әрі күлкілі формада жеткізіледі. Қазақстандық студенттер арасында кеңінен тараған «Сессия уақыты» мемдері емтихан кезеңіндегі психологиялық жағдайды бейнелесе, «Студент стипендиясы» тақырыбындағы әзілдер жастардың қаржылық қиындықтарын әжуамен көрсетуге арналған. Мұндай визуалды форма жастарды біріктіріп қана қоймай, олардың ортақ тәжірибесін айшықтайды. Мемдерде саяси оқиғаларға, әлеуметтік мәселелерге қатысты жасалған ирония да жиі кездеседі. Мысалы, инфляция, жұмыссыздық, әлеуметтік желілердегі трендтерді қамтитын мемдер жастардың күнделікті өмірлік тәжірибесіне байланысты әзілге айналып, қоғамдағы құбылыстарды бейнелейтін бейресми «айнаға» айналады. Бұл құбылыс визуалды мәдениеттің жеңіл әрі тартымды форма арқылы қоғамдық ойды жеткізудің пәрменді құралы екенін көрсетеді.

Инфографикалар жастардың визуалды мәдениетінде ақпараттық мазмұнды ықшам әрі түсінікті түрде жеткізудің тиімді тәсілі ретінде кеңінен қолданылады. Күрделі

статистикалық мәліметтерді, ғылыми деректерді немесе әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін қарапайым және көрнекі етіп ұсыну үшін инфографика форматы қолданылады. Қазақстандық жастар арасында экологиялық мәселелерге арналған инфографикалар кеңінен тараған. Арал теңізінің тартылуы, Каспийдегі экологиялық дағдарыс, ауа сапасы, қоқыс сұрыптау мәдениеті туралы мәліметтер графикалық бейнеде ұсынылып, әлеуметтік желілерде жылдам таралады. Мысалы, Instagram мен Telegram арналары арқылы экология тақырыбына арналған түрлі инфографикалық материалдар студент жастардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар білім беру саласында да инфографика жиі қолданылады. Университет оқытушылары күрделі теорияларды студенттерге түсіндіру барысында графикалық схемалар, диаграммалар және иллюстрациялар арқылы визуалды қолдау көрсетеді. Бұл тәсіл жастардың ақпаратты тез әрі тиімді қабылдауына мүмкіндік береді.

AR технологиялары визуалды мәдениетке жаңа қарқын әкелді. Толықтырылған шындық элементтері жастардың өзіндік имиджін қалыптастыруда және виртуалды тәжірибелерге қатысуында маңызды рөл атқарады. Instagram және Snapchat платформаларындағы маскалар мен фильтрлер жастардың әлеуметтік желідегі бейнесін өзгертуіне мүмкіндік береді. Қазақстандық жастар арасында ұлттық нақыштағы AR фильтрлері ерекше танымал. Мысалы, домбыра ұстаған, кимешек немесе сәукеле киген бейнелерді виртуалды маскалар арқылы қолдану ұлттық мәдениет элементтерін жаңа форматта насихаттауға ықпал етті. Сонымен қатар білім беру саласында да AR элементтері пайдаланыла бастады. Тарих сабақтарында тарихи ескерткіштердің үшөлшемді үлгілерін толықтырылған шындық арқылы көру, биология пәнінде күрделі ағзаларды 3D модель арқылы қарастыру студенттердің танымдық белсенділігін арттырып отыр.

VR технологиялары да жастардың визуалды мәдениетінде маңызды орынға ие болып келеді. Виртуалды шындық жастардың ойын-сауық индустриясында, білім беру тәжірибесінде және шығармашылық іс-әрекеттерінде кеңінен қолданылады. Қазақстандағы VR-гейминг клубтар жастардың жиі жиналатын орындарының біріне айналды. Мұндай клубтарда виртуалды шлем арқылы түрлі ойындар ойнау жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар VR технологиясы арқылы виртуалды концерттер мен көрмелер ұйымдастырылып жүр. Бұл жастардың мәдени тәжірибесін жаңа деңгейге көтеріп отыр. Мысалы, халықаралық деңгейдегі әншілердің концертін VR арқылы көру немесе музей экспозицияларын виртуалды форматта тамашалау мүмкіндігі жастарға қолжетімді болып келеді. Білім беру саласында да VR қолданылуда. Студенттер виртуалды зертханалар арқылы тәжірибелік жұмыстарды орындап, күрделі физикалық немесе химиялық процестерді қауіпсіз жағдайда көре алады.

Жасанды интеллект визуалды мәдениеттің болашағын айқындайтын маңызды трендтердің бірі болып отыр. AI және нейросет технологиялары жастардың шығармашылық тәжірибесін түбегейлі өзгертті. MidJourney, Stable Diffusion сияқты құралдар арқылы жастар тек мәтіндік сипаттама енгізу арқылы иллюстрациялар, суреттер және өнер туындыларын жасай алады. Қазақстандық жастар арасында жасанды интеллект көмегімен ұлттық мәдени элементтерді қайта бейнелеу тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырды. Әлеуметтік желілерде «Болашақтағы Алматы», «Көшпенділердің футуристік стилі» сияқты жасанды интеллект арқылы жасалған арт-жобалар кеңінен таралып, жастар арасында үлкен резонанс туғызды. Бұл құбылыс бір жағынан ұлттық мәдениетті заманауи тұрғыдан қайта қарастыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан жастардың

креативтілік қабілетін дамытуға әсер етуде. Жасанды интеллект визуалды мәдениеттің жаңа деңгейін қалыптастырып, жастардың өзін-өзі танытуын, шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етіп отыр [14].

Жоғарыда келтірілген талдау цифрлық дәуірдегі визуалды контенттің әрбір тренді жастардың мәдениетіне, әлеуметтік қарым-қатынасына және шығармашылық белсенділігіне айтарлықтай ықпал ететінін көрсетеді. Қысқа видеолар жастардың ақпаратты тұтыну жылдамдығын арттырып, ұлттық дәстүрді жаңа форматта насихаттауға жағдай жасайды. Мемдер бейресми коммуникацияның пәрменді құралына айналып, ортақ тәжірибені күлкі арқылы бейнелейді. Инфографикалар күрделі ақпаратты ықшам әрі түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді. AR мен VR технологиялары жастардың визуалды тәжірибесін кеңейтіп, жаңа мәдени және білім беру формаларын ұсынады. Жасанды интеллект болса, визуалды мәдениеттің болашақ бағытын айқындап, шығармашылық пен инновацияны ұштастырады.

2025 жылдың басындағы ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда интернетті пайдаланушылар саны шамамен 19,2 миллион адамды құрап отыр, бұл халықтың 92,9%-ына тең (DataReportal – Global Digital Insights). Интернетке қосылған азаматтардың ішінде әлеуметтік желілерді тұрақты түрде қолданатындар саны 15,7 миллион, яғни тұрғындардың 75,7%-ы.

TikTok пен Instagram сияқты платформалардың аудиториясы соңғы жылдары ерекше қарқынмен өсуде. TikTok-тың жарнамалық аудиториялық мүмкіндігі 18 миллионға жуық деп бағаланса, 2024–2025 жылдары оның жарнама арқылы қамту көрсеткіші 11,2% өсіп, шамамен 1,58 миллион жаңа қолданушы қосылған. Instagram желісіндегі жарнамалық аудитория да өсім көрсетіп, 2024 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықта 300 мыңнан 450 мыңға дейін артып, 2,5–3,8% деңгейінде өзгерген.

Әлеуметтік желілердің ақпарат таратудағы орны да айтарлықтай. 18–24 жас аралығындағы қазақстандық жастардың 76,3%-ы әлеуметтік желілерді негізгі жаңалық көзі ретінде пайдаланса, жалпы халық арасында бұл көрсеткіш 66,8%-ды құрап, теледидардан (54,7%) асып түскен [15].

Пайдаланушылардың жыныстық және жас ерекшеліктеріне келсек, TikTok аудиториясының 55,9%-ы ерлер, ал Instagram желісінде әйелдер үлесі басым – шамамен 60% (Qazinform). Жас ерекшеліктері бойынша ең белсенді топ – 18–29 жас аралығындағы жастар, олар барлық әлеуметтік желілер қолданушыларының негізгі бөлігін құрайды.

Интернет сапасына қатысты деректер де айтарлықтай маңызды. 2025 жылы Қазақстандағы мобильді интернеттің орташа жылдамдығы 53,7 Mbps, бұл 2024 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсім көрсеткен. Ал тұрақты (fixed) интернеттің орташа жылдамдығы 66,4 Mbps деңгейінде болып, өткен жылға қарағанда 29%-ға артқан.

## Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері визуалды коммуникацияның қазіргі қоғамдағы орны мен рөлін кешенді тұрғыдан ашып көрсетті. Цифрлық дәуір жағдайында визуалды контент жастардың мәдени тәжірибесін, ақпаратты қабылдау дағдыларын және әлеуметтік қатынас тәсілдерін түбегейлі өзгертіп отырғаны анықталды. Қысқа видеолардың (TikTok, Reels) феномені жастар аудиториясының назарын жылдам аударып, ұлттық дәстүрлер мен заманауи құндылықтарды үйлестіре насихаттау құралына айналды. Мемдер қоғамдағы құбылыстарды әзіл мен ирония арқылы

бейнелеудің пәрменді құралы болып, жастардың бейресми коммуникациясын күшейтті. Инфографикалар күрделі ақпаратты ықшам әрі түсінікті жеткізу арқылы білім беру мен әлеуметтік ақпараттандыру саласында тиімділікке жетті. AR мен VR технологиялары виртуалды тәжірибелердің жаңа формаларын ұсынып, білім беру мен мәдени ортада жаңа мүмкіндіктер ашты. Жасанды интеллект болса, визуалды шығармашылықтың болашақ бағытын айқындап, жастардың инновациялық әлеуетін арттырды.

Орта Азиядағы коммуникациялық кеңістік бірқатар ерекшеліктерімен сипатталады. Әлеуметтік желілердің кеңінен қолданылуы визуалды контенттің ықпалын күшейтіп, қоғамдық пікірдің қалыптасуына тікелей әсер етуде. Дегенмен, аймақ елдері арасындағы инфрақұрылымдық, мәдени және тілдік айырмашылықтар визуалды коммуникацияның даму қарқыны мен мазмұндық ерекшеліктерін әртүрлі қылып отыр. Қазақстанда ұлттық-мәдени элементтерді визуалды форматта қайта ұсыну белсенді болса, Қырғызстан мен Өзбекстанда жастардың миграциялық тәжірибесіне қатысты контент жиі көрініс табады. Бұл жағдай Орта Азияның медиа кеңістігінде ортақ трендтермен қатар, әр елдің өзіндік ерекшеліктерін сақтап отырғанын көрсетеді.

Орта Азия елдеріне арналған бірнеше ұсыныс беруге болады. Біріншіден, ұлттық мәдени мұраны визуалды форматта насихаттаудың жүйелі платформаларын дамыту қажет. Бұл жастардың мәдени сәйкестігін сақтауға және ұлттық құндылықтарды жаһандық аудиторияға таныстыруға ықпал етеді. Екіншіден, әлеуметтік желілерде таралатын визуалды контенттің сапасын арттыру үшін медиасауаттылық бағдарламаларын енгізу маңызды. Үшіншіден, мемлекеттік және жеке сектордың бірлескен жобалары арқылы инфографика, AR/VR және жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесінде тиімді қолдану қажет. Төртіншіден, аймақ елдерінің бірлескен медиа жобаларын құру, мысалы, ортақ визуалды платформа немесе мәдениетаралық контент алмасу алаңын іске қосу, интеграциялық процестерді нығайтады.

Болашақ зерттеулердің бағыттары да айқындалды. Біріншіден, визуалды коммуникацияның жастардың ұлттық-мәдени сәйкестігіне әсерін тереңірек зерттеу өзекті болып табылады. Екіншіден, визуалды контенттің қоғамдық пікірге ұзақ мерзімді ықпалын, атап айтқанда саяси қатысумен әлеуметтік белсенділікке әсерін анықтау қажет. Үшіншіден, жасанды интеллект пен нейросет арқылы жасалған визуалды өнімдердің мәдени және этикалық қырларын зерттеу келешекте ғылыми қауымдастықтың назарын аударатын маңызды тақырыптардың бірі болмақ. Сонымен қатар, Орта Азия елдеріндегі визуалды коммуникацияның халықаралық деңгейдегі тәжірибемен салыстырмалы талдауы болашақта аймақтың медиа саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері визуалды коммуникацияның қоғамдағы ақпарат алмасу тәсілдерін түбегейлі өзгертетінін және Орта Азияда оның әлеуметтік-мәдени маңызы барған сайын артып келе жатқанын көрсетті. Бұл құбылыстың ғылыми тұрғыдан әрі қарай зерделенуі аймақтың цифрлық болашағын айқындауда маңызды рөл атқарады.

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Садвакасова Ж.Е.** – материалды жинау, негізгі бөлімді жазу, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу;

**Шурентаев А.М.** – хат-хабар авторы, зерттеу жұмысын басқару, әдебиетпен жұмыс, материалдар жинау;

**Мехмет Топлу** – материал жинау, әдебиетпен жұмыс, кеңес беру.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Mammadov R. Emerging Perspectives and Contemporary Debates: Assessing the Landscape of Online Media Communication Research in Central Asia // De Gruyter Brill. – 2023. – №. 14. – P. 55–74.
2. Есенбекова Ұ. Қазақ жастарының оқу мәдениетіндегі цифрландыру үдерісі: Білім беру мен медиадағы визуалды коммуникация. – SpringerLink, 2025. – 312 б.
3. Cheng Y., Wu X., Chen Q. Visual Communication Design in Asia: An Exploration of its Introduction and Evolution // Design Society. – 2024. – №. 11. – P. 102–118.
4. Sociocultural Factors Hindering Public Communication of Positive Body Image in Kazakhstan // Changing Societies & Personalities. – 2024. – №. 8 (2). – P. 135–150.
5. Methodology of Visual Techniques in the Cinematographic Art of Kazakhstan in 1930–2020 // ResearchGate. – 2023. – DOI: 10.13140/RG.2.2.14678.39205.
6. Kress G., van Leeuwen, T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. – 2nd ed. – London: Routledge, 2006. – 291 p.
7. Лотман Ю. М. Семиосфера. – Санкт-Петербург: Искусство-СПБ, 1992. – 446 с.
8. Иванов Д. Визуальное общество. – Санкт-Петербург: Питер, 2019. – 320 с.
9. Dalayeva T., Sultangalieva, G., et al. Visual Anthropology and the History of Images of Kazakhstan Culture (XIX–XXI centuries). – Almaty: KazNU Press, 2022. – 280 p.
10. Problems of Identifying Sources and Visual Content in Social Media: The Experience of Kazakhstan // Central Asian Journal of Media Studies. – 2024. – №. 3 (1). – P. 45–62.
11. Еркебаева С. Балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамытудағы визуалды құралдардың рөлі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 210 б.
12. Jenkins H. Convergence Culture: Where Old and New Media Collide. – New York: NYU Press, 2006. – 308 p.
13. Manovich L. The Language of New Media. – Cambridge: MIT Press, 2001. – 395 p.
14. Бекенова Г., Нұртазина А. Қазақстандағы медиасауаттылық: теориясы мен практикасы. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУбаспасы, 2020. – 276 б.
15. The Astana Times. Social Media Becomes Main News Source for Kazakh Youth. – 2025. – [Электронды ресурc]. – URL: <https://astanatimes.com> (өтініш берген күні: 21.09.2025).

**Ж.Е. Садвакасова<sup>1</sup>, А.М. Шурентаев<sup>2</sup>, Мехмет Топлу<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Костанайский региональный университет им. А. Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

<sup>3</sup>Университет Хаджы Байрама Вели, Анкара, Турция

#### Роль визуального контента в медиа Центральной Азии: тренды цифровой эпохи

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль визуального контента в медиакommunikationных процессах Центральной Азии. В условиях цифровой эпохи формат восприятия информации трансформируется, и изображения, инфографика, короткие видео и визуальные

материалы в социальных сетях становятся ключевыми инструментами коммуникации. В исследовании анализируются медиатренды региона, спрос аудитории на визуальный контент и его взаимосвязь с культурными особенностями. Особое внимание уделено влиянию современных коммуникационных технологий, визуальным стратегиям брендов и организаций, а также значению визуального контента для повышения уровня общественной информированности. Авторы подчеркивают, что развитие визуального контента в цифровой коммуникации Центральной Азии выступает не только средством передачи информации, но и фактором укрепления культурной идентичности и формирования общественного мнения.

**Ключевые слова:** Центральная Азия, визуальный контент, медиакommunikация, цифровая эпоха, медиатренды, культурная идентичность, общественное мнение.

**Zh.E. Sadvakassova<sup>1</sup>, A.M. Shurentayev<sup>2</sup>, Mehmet Toplu<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Ahmet Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Hadji Bayram University, Ankara, Turkey*

### **The role of visual content in Central Asian media: trends of the digital age**

**Abstract.** This article explores the role of visual content in communication processes across Central Asia. In the digital era, the format of information perception is undergoing transformation, with images, infographics, short videos, and social media visuals becoming essential tools of communication. The study analyzes regional media trends, audience demand for visual content, and its correlation with cultural characteristics. Particular attention is given to the impact of modern communication technologies, the visual strategies of brands and organizations, as well as the importance of visual content in enhancing public awareness. The authors emphasize that the development of visual content in Central Asian digital communication functions not only as a means of delivering information but also as a factor in strengthening cultural identity and shaping public opinion.

**Keywords:** Central Asia, visual content, communication, digital era, media trends, cultural identity, public opinion.

### **References**

1. Mammadov R. Emerging Perspectives and Contemporary Debates: Assessing the Landscape of Online Media Communication Research in Central Asia. – De Gruyter Brill. 14. 55–74(2023).
2. Yessenbekova U. The Digitalization Process in the Reading Culture of Kazakh Youth: Visual Communication in Education and Media. (SpringerLink, 2025, 312 p).
3. Cheng Y., Wu X., Chen Q. Visual Communication Design in Asia: An Exploration of its Introduction and Evolution. – Design Society. 11. 102–118(2024).
4. Sociocultural Factors Hindering Public Communication of Positive Body Image in Kazakhstan. – Changing Societies & Personalities. 8 (2). 135–150(2024).
5. Methodology of Visual Techniques in the Cinematographic Art of Kazakhstan in 1930–2020. – ResearchGate, 2023. – DOI: 10.13140/RG.2.2.14678.39205.
6. Kress G., van Leeuwen T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. – 2nd ed. (London: Routledge, 2006, 291 p.)

7. Lotman Y. M. The Semiosphere. (St. Petersburg, 1992, 446 p.)
8. Ivanov D. The Visual Society. (St. Petersburg, 2019, 320 p.)
9. Dalayeva T., Sultangalieva G., et al. Visual Anthropology and the History of Images of Kazakh Culture (19th-21st Centuries). (Almaty, 2022, 280 p.)
10. Problems of Identifying Sources and Visual Content in Social Media: The Experience of Kazakhstan. Central Asian Journal of Media Studies. 3(1). 45–62(2024)
11. Yerkebayeva S. The Role of Visual Tools in Developing Children's Communicative Abilities. (Almaty: Kazakh University, 2018, 210 p.)
12. Jenkins H. Convergence Culture: Where Old and New Media Collide. (New York, 2006, 308 p.)
13. Manovich L. The Language of New Media. (Cambridge, 2001, 395 p.)
14. Bekenova G., Nurtazina A. Media Literacy in Kazakhstan: Theory and Practice. (Nur-Sultan, 2020, 276 p.)
15. The Astana Times. Social Media Becomes Main News Source for Kazakh Youth. – 2025. Available at: <https://astanatimes.com> (accessed: September 21, 2025).

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Садвакасова Ж.Е.** – хат-хабар авторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының 2 курс докторанты, Қостанай, Қазақстан.

**Шурентаев А.М.** – PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, баспа-сөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, Астана, Қазақстан.

**Mehmet Toplu** – PhD, Хажы Байрам Вели университетінің профессоры, Анкара, Түркия.

**Садвакасова Ж.Е.** – автор-корреспондент, докторант 2 курса кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента Костанайского регионального университета имени А. Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан.

**Шурентаев А.М.** – доктор PhD, заведующий кафедры печати и издательского дела, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан.

**Mehmet Toplu** – PhD, профессор Университета Хаджи Байрама Вели Анкара, Турция.

**Sadvakassova Zh.E.** – corresponding author, 2nd-year PhD student of the Department of Journalism and Communication Management, A. Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

**Shurentayev A.M.** – PhD, Head of the Department of Printing and Publishing, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana Kazakhstan.

**Mehmet Toplu** – PhD, Professor at Hadji Bayram University in Ankara, Turkey.



XҒТАР 19.19.31  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-40-56>

## Цифрлық кеңістіктегі этикалық сын-қатерлер

Ж.С. Рамазанова\*<sup>1</sup>, Б.А. Қалиев<sup>2</sup>, Е.Е. Түйте<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: janarsembek1@gmail.com\*, kbek2425@gmail.com, eldos\_t\_e@mail.ru)

**Аңдатпа.** Қазіргі кезде ғаламдық желі – жаһандық мәселені шеше алатын, ең қуатты әрі маңызды ақпарат кеңістігінің бірі. Оның артықшылығына тоқталатын болсақ, интернет интерактивті, сол себепті тұтынушы тобымен «тап қазір» режиміндегі үздіксіз диалог жүргізуге болады. Бұл – жалпыға ортақ жаһандану жолындағы маңызды қадам, өйткені интернет желісінің көмегімен адамдар бір-бірімен кез келген жерден, түрлі құрлықтан хабар алыса алады. Интернет желісі арқылы әлемнің түкпір-түкпірінен адамдармен тәжірибе алмасуға, достары және мүлдем бейтаныс адамдармен сөйлесуге мүмкіндік мол. Алайда әлеуметтік медиа осындай артықшылық әкелгенімен, этикалық қиындық та тудыруда. Әлеуметтік медиа платформасы жеке деректің зор көлеміне қол жеткізе алады және бұл деректердің сақталуы, жиналуы және пайдаланылуы туралы алаңдаушылық бар. Пайдаланушылар көбінесе құпия ақпаратты бөлісудің тәуекелін толық түсінуі тиіс. Әлеуметтік медиа платформасы қауіпті және ауыр салдары болуы мүмкін жалған жаңалықтың жылдам таралуын жеңілдетеді. Жалған ақпарат, өшпенділік тілі, кибербуллинг адамдардың шешімі мен сеніміне әсер етуі мүмкін. Бұл мақалада біз медиада пайда болуы ықтимал мәселе мен қиындықты қарастырып, оларды жеке адам мен қоғамның этикалық әрі жауапкершілік тұрғыдан шешу қажеттігін талқылаймыз.

**Түйін сөздер:** этика, әлеуметтік желі, медиа, жалған ақпарат, кибербуллинг, Facebook, жеке ақпарат.

### Кіріспе

Интернет нақты аудиторияға бағытталған қызмет немесе өнім туралы ақпаратты орналастыруға мүмкіндік береді. Заманауи байланыс құралы нақтыланған аймақ үшін, тіпті нақтыланған тұлға үшін онлайн режиміндегі коммуникациялық байланыс орнатуға жол ашады. Оған белгілі бір пайдаланушының елін және тұрғылықты жерін анықтау арқылы қол жеткізіледі (пайдаланушының IP-адресі).

Түсті: 11.11.2025; Мақұлданды: 18.12.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

XXI ғасырда Facebook, Twitter, WhatsApp және YouTube сияқты жаңа әлеуметтік медиа технологиясы жеке адамдар мен институттың әлеуметтік, саяси және ақпараттық тәжірибесін өзгерте бастады. Технологияның қарқынды дамуы әлеуметтік медиа құбылысына назар аударудың қажеттігін тудырды. Негізінде, адамдар арасында медиа қалыптаспай тұрып, «желілік» байланыс болған. Оларға пошта мен курьерлік жүйе, телеграф және телефон сияқты байланыс технологиясы кіреді.

Әлеуметтік медиа пайдаланушыларға мазмұн жасауға, бөлісуге және басқамен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін веб-сайт пен онлайн платформаны білдіреді. Мысалы, Facebook, Twitter, Instagram, LinkedIn, Snap chat, TikTok және т.б. Әлеуметтік медиа қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне айналды, бүкіл әлемде миллиардтаған адам осы платформаны байланысу, ақпарат алмасу және байланысты дамыту үшін пайдаланады. Әлеуметтік медианың көптеген артықшылығы бар, мәселен, адамдар бір-бірімен, достары және отбасымен байланыс жасауға мүмкіндік беру, бизнеске тұтынушылармен байланысуға мүмкіндік беру, идея, түрлі ой және ақпарат алмасуды жеңілдету.

Дегенмен әлеуметтік желінің де кемшілігі бар. Негізгі мәселенің бірі – демократиялық үдеріске нұқсан келтіруден бастап халықтың денсаулығына, өміріне қауіп төндіретінауыр салдары болуы мүмкін жалған ақпараттың таралуы. Тағы бір мәселе – кибербуллинг, ол психикалық денсаулық проблемасына және тіпті суицидке әкелуі мүмкін. Сондай-ақ осы платформаны шамадан тыс қолдану пайдаланушылардың денсаулығына психикалық тұрғыдан кері әсерін тигізуі мүмкіндігі жоғары.

Әлеуметтік медиа компаниясы осы мәселені шешуге және олардың платформасын пайдаланушының қауіпсіздігіне жауапты. Кейбір компания жалған ақпарат және кибербуллингпен күресу үшін факт-тексеру жүйесін немесе күмәнді деп танылған мазмұнға ескерту белгілерін енгізу арқылы түрлі қадам жасады. Басқа компания тәуелділікті азайту үшін платформасының дизайнын өзгертті.

Сайып келгенде, жеке адамдар әлеуметтік медианы жауапкершілікпен пайдаланып, тәуекел мен этикалық аспектіні ескеруі қажет. Әлеуметтік медианы жауапкершілікпен пайдалану арқылы біз қауіпсіз және жағымды онлайн орта құруға көмектесе аламыз.

## Мақсаты

Мақаланың мақсаты – әлеуметтік медиа кеңістігінде журналистикаға тікелей әсер ететін негізгі этикалық мәселені талдау және олардың қоғамдық сана мен ақпараттық үдеріске ықпалын айқындау. Зерттеу әлеуметтік желіде жалған ақпараттың таралуы, жеке деректердің қауіпсіздігі және кибербуллинг сияқты құбылыстың журналистік практикамен байланысын ашуға бағытталған. Әлеуметтік медиа платформасының контент таратудағы жауапкершілігі мен редакциялық бақылау мәселесі қарастырылады. Сондай-ақ цифрлы медиада журналистік этика нормасының сақталу деңгейі сарапталады. Мақалада әлеуметтік медианы журналистикадағы жауапты коммуникация алаңы ретінде қалыптастыру қажеттілігі негізделеді.

## Міндеттері

Мақала мақсатына жету үшін әлеуметтік медиа және медиаэтика мәселесіне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге шолу жасау міндеті қойылады. Әлеуметтік

желіде кең таралған жалған ақпарат, кибербуллинг және жеке өмірге қол сұғу жағдайын журналистік этика тұрғысынан жүйелеу көзделеді. Әлеуметтік медиа платформасы мен журналистердің контент таратудағы кәсіби жауапкершілігі салыстырмалы түрде талданады. Қазақстандағы журналистік қызмет пен цифрлы медианы реттейтін құқықтық-нормативтік негіз қарастырылады. Зерттеу қорытындысы бойынша медиасауаттылықты арттыру және журналистік этиканы сақтау бағытында практикалық ұсыныс беру жоспарланады.

## **Әдіснама**

Ғылыми мақаланы дайындау кезеңінде отандық және шетел дереккөздеріне талдау жасалды, әлеуметтік желідегі жеке парақшаға, сайт мазмұнына талдау жүргізілді, сондай-ақ алынған мәлімет жүйеленіп, салыстырмалы түрде талданды.

## **Әдебиетке шолу**

Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетел ғалымдарының еңбектері талданды. Отандық авторлар қатарында М.Саудбаев, Н.Қ.Қуантаев, А.Б.Әлімжанова, Р.С.Жақсылықбаева, Е.Кәпқызы, Ғ.Ж.Ибраева, Г.Ш.Әшірбекова тағы да басқа ғалым-зерттеуші еңбектері қарастырылды. Шетел авторлары арасынан әлеуметтік медиаға нақты анықтама беріп, мүмкіндігі жайлы жан-жақты зерттеген А.М.Каплан мен М.Хенлейн еңбектері, интернетке деген клиникалық тәуелділікті сипаттаған К.Янг, Facebook-тің бұрынғы президенті Шон Паркердің платформа туралы зерттеулері талдау нысанына алынды. Бұл дереккөздер әлеуметтік медиадағы киберқауіпсіздік, жеке деректі сақтау, кибершабуыл үдерісін ғылыми тұрғыда тереңірек талдауға негіз салады.

## **Нәтижелер мен талқылау**

Жаңадан пайда болған әлеуметтік медиа немесе әлеуметтік желі – түсіндіруді қажет ететін термин. Осы саланы зерттеп жүрген ғалымдардың пікірін келтірейік: «Әлеуметтік медиа Web 2.0 идеологиялық және техникалық мүмкіндікке негізделген және пайдаланушы мазмұнын құруға, бөлісуге мүмкіндік беретін интернет-қосымша тобы» ретінде анықталған» [1]. «Әлеуметтік медиа – интернеттегі (әлеуметтік желі мен микротұрғын үйлер үшін веб-сайт сияқты) пайдаланушылар ақпарат, идея, жеке хабарлама және басқа мазмұнды (мысалы, бейнені) бөлісетін жаппай ақпарат құралының бір түрі. Әлеуметтік желі мен әлеуметтік медиа ұғымдары бір-біріне ұқсас, бірақ әлеуметтік желі, әдетте, пайдаланушылардың өзара қауымдастық құруы ретінде түсініледі, ал әлеуметтік медиа әлеуметтік желі сайтын және оған қатысты платформаны пайдаланып аудитория құру туралы көбірек айтады» [2]. Медиа зерттеуші ғалым М.Саудбаев: «Ақпарат алмасу уақыт легімен дамыған сайын оның өнімді де өркенді бір саласы – интернет те қоғамның ақпараттануында әрі объект, әрі субъект ретінде өз міндетін атқарады, өзіндік рөлі бар алып ақпарат құралына айналады» [3, 126], – деген пікір білдіреді.

Интернет кеңістігінде реттеуші нормаға деген сұраныстың артуы нәтижесінде «компьютерлік этика» түсінігі пайда болды.

Компьютерлік этика – желідегі пайдаланушылардың мінез-құлық ережесінің жасырын жиынтығы. Мамандардың пікірінше, компьютерлік этика психология, ақпараттық технология, саясат, моральға қатысты бірқатар маңызды мәселені қамтиды.

Пайдаланушылар үшін қауіпсіздік өте маңызды, өйткені адамдардың жеке техникалық құралында, смартфон немесе компьютер болсын, жеке ақпарат, банктегі есепшоты туралы ақпарат және т.б. болады. Осыған байланысты компьютерлік этика интернет-қоғамдастықтың барлық ақылға қонымды пайдаланушысы сақтайтын бірнеше жасырын қауіпсіздік ережесін білдіреді.

Желілік этикет туралы білім деңгейін арттыру үшін ауызша және жазбаша сөйлеуді жетілдіру қажет, атап айтқанда, желілік қарым-қатынас кезінде өз ойыңызды дәйекті түрде айтыңыз, сендіріңіз, өз көзқарасыңызды қорғаңыз. Жазба қалдырып жатқан тілдің тазалығы мен байлығына мән беру шарт.

Интернетке тәуелділік әлі де маңызды психикалық денсаулық мәселесі ретінде танылмайды және психикалық бұзылудың диагностикасы мен статистикасы жөніндегі нұсқаулыққа кірмейді, дегенмен бұл саладағы зерттеу уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін. «Әлеуметтік медианың тәуелділік сипатын және олардың психикалық денсаулыққа әсерін елемеуге болмайды. Басқа адамдардың өмірінің мұқият таңдалған және жиі идеалдандырылған нұсқасымен үнемі танысу жеткіліксіздік сезіміне әкелуі мүмкін және әсіресе, жас пайдаланушылар арасында алаңдаушылық пен депрессияның өсуіне ықпал етеді. Әлеуметтік медиа арқылы жалғасатын қоғамдық үмітті қанағаттандыруға бағытталған қысым өзін-өзі бағалау мен әл-ауқатқа зиянды әсер етеді» [4, 126], – деп зерттеушілер осы мәселеге қатысты алаңдаушылығын білдіруде.

Интернеттегі қарым-қатынаспен виртуалды байланыстың бірегей күшейтілуі нақты өмірдің қанағаттандырылмаған әлеуметтік қажеттіліктің орнын толтыруы мүмкін. Өзін түсініксіз және жалғызбасты сезінетін адамдар жайлылық пен қауымдастық сезіміне бөлену үшін виртуалды қарым-қатынасты пайдаланады. Адамдар байланыс құралы ретінде интернетке сенуге дағдыланған. Әлеуметтік алаңдаушылық пен интроверт адамдар виртуалды қауымдастық пен чатты офлайн режимінде қатынасу мүмкіндігі болмай, тек пікір алмасу үшін пайдаланады.

Қазіргі уақытта Facebook бүкіл әлемді жаулап алды. Бұл қолданбасыз өмірімізді елестете алмайтынымыз да рас. Егер Facebook ел болса, онда ол жер бетіндегі ең көп халыққа айналар еді. 3,2 миллиардтан астам адам, яғни адамзаттың үштен бір бөлігі осы жүйеге айына кемінде бір рет кіреді.

Facebook стандартында: «Біздің мақсатымыз – адамдардың ақпаратты бөлісуіне, адамдардың бірігуіне және әлемді ашық етуге мүмкіндік беру. Адамдар күн сайын оқиғаны өзгелермен бөлісу үшін, әлемге солардың көзімен қарау үшін, достарымен араласу үшін және болып жатқан оқиғаға қосылу үшін Facebook-ке кіреді. Facebook бетінде өтіп жатқан оқиға бір миллиардтан астам қолданушының әртүрлі екенін көрсетеді» [5], – делінген.

Зерттеуші К.Янг Facebook-ке тәуелділіктің неліктен және оның адамның психикалық денсаулығына қалай зиянын тигізетінін көрсету үшін көпжылдық зерттеуге сүйенеді. Ол осы тәуелділіктің болуын болжайтын бес жағдайды сипаттайды [6, 241]:

1. Ақпаратты дереу бөлісу ниетімен Facebook туралы және оны қалай пайдаланатыныңыз туралы ойлануға уақыт бөліңіз.

2. Платформаны пайдалануға деген ұмтылыс жаңалық арнасының мінез-құлқын немесе сіздің жазбаңызға жауапты үнемі тексеріп отыратындықтан артады.

3. Facebook-ті жеке мәселе мен күнделікті жұмыс туралы ұмытып, зерігу мен мазасыздықты азайту үшін пайдаланыңыз. Facebook-ті тәуелділік ретінде пайдаланған кезде пайдаланушы не істеп жатқанына алаңдайды және қазіргі уақытта оған толық қатысуы қиынға соғады. Содан кейін Facebook-ті пайдалану проблемадан алшақтайды, өйткені оны пайдалану әрқашан назар аудартады.

4. Facebook-ті қолдануды тоқтату, әсіресе, платформадағы уақытша тыйым кезінде адам есірткіге тәуелді жан секілді қатты мазасызданады.

5. Facebook-ті жиі қолданғаны соншалық – қарым-қатынас пен өнімділікке теріс әсер етті. Сіз Facebook-те хабар алмасу, фотосурет, жазбаны бөлісу, басқаларға түсініктеме беру және «ұнату» арқылы сөйлесуге дағдыланған сайын желіде ғана сөйлесу ыңғайлы болатын кез келуі мүмкін. Сіз өзіңіздің әлеуметтік қажеттілігіңізді өтеу үшін Facebook-ке тым тәуелді боласыз және нақты кездесуге жұмсалған уақытты құрбан ете бастайсыз. Мінез-құлық зиянды болады, сондықтан сіз бетпе-бет сөйлескенде ыңғайсыздық немесе қорқынышты сезінесіз.

Бұл – нұсқаулық қана, бірақ ол тәуелділіктің бір бөлігі болып табылатын белгісі мен мінез-құлық түрін нақтылаған.

Интернеттегі тұлғааралық қатынас Facebook-ке тәуелділікті анықтайтын басым фактор болды; яғни Facebook-тегі достарыңызбен үнемі байланыста болу қажеттігі күнделікті тәуелділікті ынталандырады. Нағыз экстраверт және әлсіз адамдардың Facebook-ке көбірек тәуелді екені анықталды. Әлеуметтік мазасыздық сияқты невротикалық белгісі бар адамдар Facebook-ке тәуелділікті дамытады, өйткені олар желіден тыс қарым-қатынастан гөрі Facebook ұсынатын ақпаратты тәуір көреді.

Адам Facebook-те неғұрлым көп уақытын өткізсе, оның әлеуметтік желіге тәуелді болу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады. Осы зерттеу Facebook-ке тәуелділік әрбір адамға ғана тән екенін көрсетеді. Мысалы, адам жазбасын бейсаналы түрде тексере алады, бірақ бұл нақты тәуелділікті білдірмейді. Қолдану жиілігі – оны диагностикалаудың критерийі және бұл тәуелділіктің себебі болуы мүмкін. Facebook-тің кез келген қолданысы тәуелділікті білдірмейді және өлшеу шкаласы әртүрлі қолдануды ескеруі керек. Әлеуметтік желіде, соның ішінде Facebook-те жұмыс істейтін компанияның бұрынғы қызметкерлері Facebook-ке тәуелділіктің неліктен екені туралы өз пікірін білдірді. Facebook-тің бұрынғы президенті Шон Паркер 2017 жылы платформа туралы: «Бұл – әлеуметтік тексеруге арналған кері байланыс циклі. Мен сияқты хакер ойлап тапқан нәрсе. Сіз адам психологиясындағы осалдықты пайдаланасыз» және «Біз оның осындай салдары болатынын білмедік, жоспарламадық. Әлеуметтік желі миллиард, екі миллиард адамға жетіп, қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгереді деп ойламағанбыз... Балаларымыздың миында не болып жатқанын бір Құдай ғана біледі?» [5], – дейді.

Әлеуметтік медиа мүмкіндігін бейсаналық немесе бақылаусыз пайдалану жек көрушіліктің таралуына, жеке құқыққа нұқсан келтіруге, психологиялық шабуылға, зорлық-зомбылыққа, мүдделі тараптың келісімінсіз жеке көріністі таратуға, жалған аккаунт арқылы адамдарды алдауға, негативті таратуға әкелуі мүмкін. Интернетте жағымсыз көзқарас пен ақпаратты таратумен қатар, моббинг, қудалау және қорлаудан басқа, теріс пайдалануға бағытталған дискурс та бар.

Қорқу құбылысы мынадай болуы мүмкін: басқалардың сізде жоқ пайдалы тәжірибесі болуы мүмкін деген кең таралған қорқыныш. Бұл – басқалар алатын пайдалы тәжірибені

жіберіп алуыңыз мүмкін екенін түсінуден туындайтын алаңдаушылық сезімін білдіреді. Басқа адамдардың, соның ішінде әлеуметтік медиа платформасында не істеп жатқаны туралы хабардар болғысы келетін тұлғашылық қасиет. Бір нәрсені жіберіп алудан қорқу басқалардың сізге қарағанда көбірек рақаттанатынын, жақсы өмір сүретінін немесе жақсы нәрсені бастан кешіретінін сезінуді немесе қабылдауды білдіреді. Бұл терең қызғаныш сезімімен байланысты және өзін-өзі бағалауға әсер етеді. Мұны көбінесе Facebook және Instagram сияқты әлеуметтік медиа сайты күшейтеді.

Осы анықтамадан жағымсыз сезім «бізден гөрі адамдардың өмірі жақсы» деп санайтындықтан пайда болады. Мәселе мынада, Facebook – бақыланатын орта, онда адам пост немесе фотосуретке өзінің бақытты сәтін түсіреді/ жүктейді. Басқа адам оны көргеннен кейін қызғаныш сезімі оянып, «мен неге сондай емеспін» деген өзін-өзі тежеу сезімін бастан кешеді. Бұл – күрделі проблема және Facebook-ке деген тәуелділіктің факторы болуы мүмкін.

Бір нәрсені жіберіп алудан қорқу құбылысы – жаңа мәселе емес, ол әлеуметтік медианың пайда болуымен айтарлықтай қалыптасты. Осы саланы зерттеушілер әлеуметтік желі мен смартфонға тәуелділік психикалық ауытқушылыққа әкелетінін баса айтады. Сіз Facebook-ке қаншалықты көп көз жүгіртсеңіз, Facebook соғұрлым байи түседі. Өйткені Meta адамдарды өз платформасын жиі пайдалануға шақырады. Осылайша, олар сізге көбірек жарнама көрсетіп, молырақ ақша таба алады.

Әлеуметтік желі біраз ақпарат біледі. Кейде фолловердің жазбасын көзің шалып қалады, сонда: Meta мен жайлы бәрін біледі екен деп таң қалып жатады. Өйткені қарапайым адам мен журналистердің жеке өмірі және іскерлік қарым-қатынасы, барлығы онлайн әлемде сақтаулы. Facebook (Instagram, WhatsApp) сіз туралы мына ақпаратты біледі:

- сізге ұнайтын нәрсені (фото, видео, адамдар, жазба, комментарий). Барлық лайк пен репост бақыланып, оларға сараптама жасалады;
- жеке хабарламаңызды оқиды (қабырғада болған, бірақ өшірілген пост, комментарий, хабарламаны (серверінде мәңгілікке сақталады);
- соңына дейін жазбаған постыңызды (әріптерді теріп, бірақ жарияламаймын деп өшіре салсаңыз да, оның ізі қалады;
- сіз бөліскен фото, видеолар, сізбен бөлісілген фото, видеолар, біреумен достасқаныңызды, достықтан шығарғаныңызды, белсенді қарым-қатынаста болғаныңызды;
- Instagram, WhatsApp-тағы барлық хабарламаңыз, лайк пен комментарийіңізді;
- сіз барған/ қатысқан жер, қала, елдер және оқиғаны;
- сіз кірген компьютер/ гаджет/ құрылғының бәрін;
- фейсбук арқылы тіркелген/ кірген сайттағы барлық іс-әрекетіңізді;
- сіздің білім және табыс деңгейіңізді, өмірбаян фактісін;
- сіздің саяси көзқарасыңыз бен пост астына қалдыратын әрбір түсініктемеңіз;
- сіздің түріңізді (фотоңызды салсаңыз, фейсбук оны болашақта танып отыру үшін зерделеп отырады). Осыны есте мықтап ұстау керек.

Әр адам қандай да бір жеке ақпаратты жариялағанда келетін зияны туралы хабардар болуы керек. Қоғам мүддесі бар жерде ғана жариялағаны жөн. Қоғам мүддесі дегеніміз – қоғамдағы әрбір адамның өміріне қатысы бар немесе ондағы адамдардың бай-қуаттығы, денсаулығы, амандығына қатысы бар ақпарат жариялау. Қоғам білгісі келетін ақпарат (мәселен, *Тұрсынбектің тоқалы, Бадықованың жеке өмірі, Қайрат Нұртастың ажырасуы, Ерке Есмаханнның жас жігітке күйеуге шыққаны* т.б.) пен қоғам

мүддесі арасындағы айырмашылықты білу. Осындай материал жарияланғаннан кейін кімнің өміріне зиян келеді? Кімнің өміріне пайдасы бар? деген сұрақтар қойып отыру. Қарапайым жай адамдардың жеке өміріне қатысты ақпарат беруде атын атау керек пе? Кәмелетке толмаған отбасы мүшелерінің жеке өміріне қол сұқпау. Қатты стресс үстіндегі адамнан сұқбат алмау. Әлеуметтік желіде жарияланған пост, фото, видеоны қайта басып шығару қаншалықты этикаға сай келеді?

Қазақстандық зерттеуші, профессор Ғ.Ибраева: «Халықаралық және жергілікті деңгейде болып жатқан оқиға керемет және жарқын болмауы мүмкін, алайда қоғамға күшті эмоционалдық әсер етеді, қоғамдық пікірді қоздырады және тек қарапайым адамдарды ғана емес, сонымен бірге ірі қоғам қайраткерлерін және жергілікті билік өкілдерін де процеске қатыстырады» [7, 101], – деп санайды. Мұндай пікірдің барлығы бірдей жағымды бола бермеуі мүмкін, оның да салдары қоғамдағы ақпарат ағымының бұрмалануы, әлеуметтік кернеудің күшеюі және кейде конфликтілі жағдайдың туындауына әкелуі ықтимал. Сондықтан қоғамдағы әртүрлі пікірді сын тұрғысынан бағалау және медиасауаттылықты арттыру ерекше маңызды.

«Қазақстан демократиялық дамуды ілгерілету үшін ақпараттық технология мен медиа сауаттылық саласында жаңа тәсілді қажет етеді. Ақпарат таратудағы объективтілік талабын арттыру және қазақ тілінде құзыретті, грамматикалық дұрыс мазмұнды насихаттау өте маңызды» [8, 14], – дейді сандық медианың аудиториясын зерттеу нысанына алған ғалымдар. Дегенмен қазақ тілінің тақырыбы қоғам үшін өте сезімтал және шиеленіскен болып қала береді; ол кенеттен туындап, қақтығыс пен агрессияға тамызық бола бермек. Қазіргі кезеңде жалған ақпараттың, өсек-аяңның және манипуляциялық контенттің кеңінен таралуы медиасауаттылықты жетілдіру қажеттігін айқындайды, бұл өз кезегінде қоғамдағы сенім деңгейін арттыруға және азаматтардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін нығайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ адам туралы жеке мәлімет неғұрлым көп жинақталса және өңделсе, автоматтандырылған өңдеу нәтижесінің мұндай адамның өміріне ықтимал әсер ету дәрежесі соғұрлым жоғарылайды және сәйкесінше оның құқығын бұзу қаупі артады.

*Заң тұрғысынан қандай ақпаратты жария етуге болмайды? Олар:*

- жеке басы және отбасы құпиясы;
- бала асырап алу құпиясы;
- хат/хабарлама алмасу, телефон әңгімесі т.б. телекоммуникация құпиясы;
- коммерциялық құпия (кәсіпкер құпиясы);
- дауыс беру құпиясы;
- зейнетақысын жинақтау құпиясы;
- сақтандыру құпиясы;
- дәрігер құпиясы;
- салық құпиясы;
- адвокат құпиясы;
- банк құпиясы;
- тергеу құпиясы;
- нотариалды, аудиторлық, журналистік құпия.

Әлеуметтік желі дерегін тасымалдау көптеген құпиялық пен деректі дұрыс пайдаланбау қаупін тудырады. Алайда жарияланған нәрсе біреудің жеке өміріне қауіп төндіреді. Мысалы, қажетсіз хабарлама мен арандатушылық фотосуретті орналастыру,

мазақ ететін және жұмысқа орналасу мүмкіндігіне әсер ететін мас күйіндегі сияқты жағдайды бейнелейтін фотосуретті жүктеу, сондай-ақ тролльге немесе қорқытуға ұшырау. Facebook-те немесе сол тәрізді әлеуметтік желінің ешқайсысы да жеке басқа қатысты ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етпейді. Әлеуметтік медиада жарияланған бір түйір ақпаратты кері қайтарып алуға немесе өзгеге оны қалауынша қолдануға тыйым салу мүмкін емес.

Әлеуметтік желі арқылы ауқымды көлемдегі деректі жинау бүгінде көптеген компания мен ұйымдар арасында кеңінен қолданылып жүр. Мұндай тәжірибе тұтынушылардың мінез-құлқы мен талғамы жөнінде пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік береді, алайда бұл үдеріс бірқатар этикалық мәселені де туындатады. Дербес деректі қорғау ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттырады. Егер дербес дерек дұрыс қорғалмаса, ол хакерлердің шабуылына ұшырап, құпия ақпарат сыртқа шығып кетуі мүмкін.

Көптеген елде дербес деректі қорғау бойынша арнайы заң қабылданған. Мысалы, Қазақстанда «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заң 2013 жылы қабылданған. Бұл заң дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау қағидасын реттейді және азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған.

Әр азамат жеке дерегіне мұқият болғаны абзал. Біріншіден, дербес деректі жинау тек заңды негізде және дербес деректер субъектісінің келісімімен жүзеге асырылуы тиіс.

Екіншіден, дербес дерек тек белгіленген мақсатқа сәйкес өңделуі керек. Деректі өңдеу барысында дербес деректің дұрыстығы, толықтығы және өзектілігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Үшіншіден, дербес дерек тек қажетті мерзімге сақталуы тиіс. Мерзімі өткен дерек жойылуы керек.

Дұрыс қорғалған дербес дерек адамдардың жеке өмірін, құқығы мен бостандығын қорғауға, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әрбір азамат дербес деректерін қорғаудың маңыздылығын түсінуі және осы саладағы заңнаманы сақтауы тиіс.

Осыған байланысты этикалық алаңдаушылық ашықтық мәселесі болып табылады. Кең ауқымды деректі жинаумен айналысатын компания мен ұйымдар деректерді жинау тәжірибесі мен жинаған деректі қалай пайдаланатыны туралы ашық болуы керек. Пайдаланушылар қандай ақпарат жиналып жатқанын, оның қалай пайдаланылатынын және кіммен бөлісетінін түсінуі керек. Деректің бұзылуының 3 мәселесі бар. Әлеуметтік медиа платформасы жеке деректің ауқымды көлемін сақтайды және бұл деректер кибершабуылға осал болуы мүмкін. Деректерді бұзу жеке ақпараттың жоғалуына немесе ұрлануына әкелуі мүмкін, бұл жеке тұлғаға елеулі әсер етеді. Пайдаланушылар өз деректерін желіде сақтаумен байланысты тәуекелді білуі тиіс және өз деректерін қорғау үшін шара қабылдауы керек.

Әлеуметтік медиа платформасы жеке адамды қудалау және қорқыту үшін пайдаланылуы мүмкін, бұл айтарлықтай эмоционалды күйзеліске және тіпті физикалық зақымға әкелуі мүмкін. Желідегі қудалау қоқан-лоққы, аңду, доксинг (біреудің жеке ақпаратын желіде жариялау), қауесет немесе өтірік тарату, қорлайтын немесе қорлайтын пікір айту сияқты көптеген нысанда болуы мүмкін. Ол нәсіліне, жынысына, жыныстық бағдарына, дініне немесе басқа белгіге негізделген жеке тұлғаға немесе топтарға бағытталған болуы мүмкін.

Интернеттегі қудалау жәбірленушілер үшін ауыр зардапқа әкелуі мүмкін, соның ішінде алаңдаушылық пен депрессия, әлеуметтік оқшаулану және кейбір жағдайда

физикалық зақымдану сияқты психикалық денсаулық мәселесі. Сондай-ақ ол адамның кәсіби немесе академиялық өміріне теріс әсер етуі мүмкін. Интернеттегі қудалаумен күресу үшін әлеуметтік медиа платформасы қорлау әрекетінің алдын алу және оларға жауап беру шарасын қабылдауы керек.

Интернет кеңістігіндегі агрессивті мінез-құлықтың бір түрі – кибербуллинг. «Кибербуллинг (онлайн қатыгездік) – әлсіз адамға қарсы бағытталған электронды нысанды пайдалана отырып, топ немесе жеке тұлға іске асыратын ұзақ мерзім ішінде агрессивті әрекет арқылы көрініс табатын ізге түсудің түрі» [9, 14]. Бұл смс-хабарлама, әлеуметтік желі, әшкерелейтін веб-парақша құру немесе қорлық көрсететін бейнеконтент және қорқыту әрекетімен сипатталады. Оның мақсаты – жәбірленушінің эмоционалдық жағдайын нашарлатып, оның әлеуметтік қарым-қатынасын бұзу.

Кибербуллинг тікелей және жанама түрде болуы мүмкін. Тікелей түрінде хат немесе хабарлама арқылы жәбірленушінің өзіне шабуыл жасалады. Ал жанама түрінде басқа тұлғаның қатысуымен жәбірленушінің аккаунтын бұзу арқылы іске асырылады. Кейде жәбірленушінің өз аккаунтын бұзу арқылы оның өзгелермен қарым-қатынасын үзіп, абыройына нұқсан келетіндей немесе басын қатерге тігетіндей хабарлама жіберуі мүмкін.

Кибербуллинг мысалы: қорлау хабарламасын жіберу (мәтін немесе интернет арқылы), әлеуметтік желіде елемеушілік пікір жариялау, кемсіту фотосуретін орналастыру, сондай-ақ электронды нысанда біреуді қорқыту. Кибербуллинг депрессия, үрей, өзін-өзі төмен бағалау, эмоционалдық бұзылу, психобелсенді затты қолдану және суицидтік мінез-құлық сияқты психикалық денсаулықпен ауыр проблеманы дамытуға ықпал ете отырып, жасөспірімдердің денсаулығына теріс әсер етеді.

Пайдаланушылар арасында не болып жатқанын талдау сирек қолданылады, интернеттегі мінез-құлықтың нақты «қауіпсіздік жүйесі» және ерекше этикалық стандарт жоқ. Ғалым Жақсылықбаева осы мәселеге қатысты еңбегінде мынадай тұжырым жасайды: «Сондай-ақ кәсіби мамандығы арқылы өзгеге қоқан-лоққы жасау, қорқыту арқылы жеке басының мүддесін көздеу, пайда табуды мақсат ету сияқты жөнсіздіктер де өмірде жоқ емес. Әсіресе, кейбір білім, парасаты төмен «тілшісімақтардың» арасында «эфирге шығарып, миллиондардың алдында масқара етемін», «газетке жазып, бытшытыңды шығарамын», – деп байбалам салып аттандап кететіндер бар» [10, 91]. Жаңа медианың дамуы мен таралуымен мұндай құбылыс одан әрі айқындала түсуде, нәтижесінде жағымсыз және кейде қайғылы жағдайдың жиілігі артуда.

Кибербуллингтің ең эмоциялық қарқынды түрі – флейминг (ағылш. flaming – тұтану). Ол қорлаудан басталып, репликаның тез эмоционалды алмасуына айналады, әдетте, көпшілік алдында кездеседі, жеке хат алмасуда сирек ұшырасады. Бастапқыда тең позициядағы екі әңгімелесушінің арасында орын алады, бірақ кенеттен агрессия теңгерімсіздік тудырады, бұл қатысушы өзінің қарсыласы осы шабуылда өз жағына кімді тарта алатынын білмейтінінен күшейеді.

Флеймингке ұқсас, бірақ буллингтің бір бағыттағы түрі – харассмент (ағылш. harassment – қысым көрсету). Бұл – белгілі бір мақсаты жоқ, бірақ мазасыздық және стресс тудыруға бағытталған тұрақты немесе қайталанатын сөздер мен әрекет. Киберхарассмент көрінісі, әдетте, жәбірленушіге моральдық тұрғыдан қатты қысым түсіп, қорқыныш немесе агрессорды анықтау мүмкіндігі жоқ секілді сезімнен жауап бере алмай, кейде келген хабарламаны төлеуге мәжбүр болатын қайталанатын қорлау хабарламасынан көрінеді.

Шетелдік және қазақстандық ғылымда кибербуллинг феномені және оның салдарын зерттеу – өзекті мәселенің қатарында. Интернетте толығымен қорғалдым деп ойлау – қате. Виртуалды кеңістікте шынайы өмірдегі қатыгездіктің басқа көрінісі секілді кибербуллингті де толығымен жою мүмкін емес.

Кибербуллингпен қалай күресеміз деген сауалға депутат Ерлан Саиров былай жауап берді: «Бұл мәселені тек әлеуметтік желіде өзін-өзі ұстау этикасы ғана түзей алады. Желінің жоғары деңгейдегі мәдениетін қалыптастыру өте маңызды. Оның басты аспектісі – адамның жеке басына қол сұқпау, адамның ар-ожданын ардақтау. Сын жеке басқа мінсіз болуы керек. Әр адамда жеке өзінің рухани, мәдени, адами цензурасы болуы тиіс. Әлеуметтік желі рухани әлемі терең, мәдениеті жоғары, адамгершілік қасиеті мол адамдардың ортасы болуы абзал» [11].

Интернеттің дамуы, қазіргі тілмен айтқанда, «хейтерге» де қандай да бір еркіндік берді. Соңғы 10 жылда киберқылмыс, алаяқтық, ұрлық және т.б. көрсеткіші күрт өсті, бұл іс жүзінде осы сегментті реттейтін қандай да бір негіз қалаушы құжаттың немесе регламенттің болмауына байланысты болып отыр. Сондықтан қаскүнем өзінің әрекеті үшін жауапкершіліктен қорықпай, желіде өзін жайлы сезінеді.

Басқаға жағымсыз пікір айту кезінде физикалық қатысудың болмауы – постта пайда болатын жалпы мінез-құлық дискурсы. Пайдаланушылар үшін қиындық мынада: Facebook нұсқауы жек көрушіліктің не екенін анық көрсетеді, бірақ бүкіл әлем бойынша пайдаланушы саны көп болғандықтан, мұндай пікірдің көбі жойылмайды. Бір қолданушы екіншісін «педофил» деп атаған кезде, бұл міндетті түрде Facebook-тің жек көрушілігі деп саналмайды. Дегенмен басқалары мұндай жазбаны оқығысы келмейді және бұл адамдардың әлеуметтік желіден кетуіне әкелуі мүмкін.

Жалпы нұсқаулық ретінде Facebook-те дау тудыруы мүмкін топологиясы бар нақты тақырыптар бар. 1-кестеде Facebook қолданушылары арасындағы теріс өзара әрекеттесуді ынталандыратын тақырыптың түрі мен кейбір сипаттамасы көрсетілген:

1-кесте. Facebook-тегі жағымсыз жауапқа әсер ететін тақырыптың мысалы

| Негатив тудыратын нақты тақырып | Тақырыптың қосымша аспектісі                                                                                                                                                                            |
|---------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Аборт және эвтаназия            | Пікірсайыс көбінесе діни сипатта болады                                                                                                                                                                 |
| Вакцинацияға қарсы пікір        | Ваксерге қарсы деп те аталады                                                                                                                                                                           |
| Өлім жазасы                     | Оны қолданудың оң және теріс жағы Facebook те жиі талқыланбайды                                                                                                                                         |
| Климаттың өзгеруі               | Экологтар мен климаттың өзгеруін жоққа шығарушылар арасындағы дау                                                                                                                                       |
| Қылмыстық сот төрелігі және заң | Азаматтарды қорғау үшін жеткіліксіз заңдар, әртүрлі сот үкімі, судьялар жемқор болып саналады және әділетсіз үкім шығарады, қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жеткілікті жаза ретінде қарастырылмайды |
| Мәдени соғыс                    | Көзқарас пен нанымның айырмашылығына байланысты басқаға үстемдік ету мақсатында адамдар мен топ арасындағы мәдени қақтығыс                                                                              |

|                                              |                                                                                                                                                                                                                                           |
|----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қауіпсіздік және құпиялық туралы пікірталас  | «Жасыратын ештеңе жоқ» азаматтардың жеке куәлігі сияқты жеке өмірге қол сұғылмаушылықты жақтаушы мен қарсыластар                                                                                                                          |
| Табиғи және жасанды мекендеу орнының жойылуы | Жабайы табиғат көшірілді, ескі қымбат ғимарат қайта құру үшін бұзылды                                                                                                                                                                     |
| Отбасындағы зорлық-зомбылық                  | Негізінен, ерлер мен трансгендердің зорлық-зомбылығын мойындайтын әйелдерге қатысты, ер адамдар қылмыскер ретінде дауласады және судьяның үкімімен, өйткені полицияның заңы мен әрекеті жеткіліксіз және тосқауыл болып табылмайды        |
| Кез келген саладағы танымал адамдар          | Атақты адамдар, саясаткерлер, әлеуметтік желі және желідегі әсер, актриса мен актер, музыканттар, әсіресе жаман мінез-құлық, жою мәдениетін қолдану                                                                                       |
| Басқа елден қорқу                            | Әсіресе Қытай, Ресей, Солтүстік Корея                                                                                                                                                                                                     |
| Гендерлік және жыныстық пікірталас           | Транс және интерсекс адамдарды кемсіту, жыныс пен жыныстың екілік сипаты (тек ер мен әйелдер ғана емес)                                                                                                                                   |
| Тарихи мәселе                                | Д.А.Қонаев пен Н.Ә.Назарбаев қазақ емес, 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасы» кезінде заңның жұмыс жасамауы                                                                                                                                        |
| Иммиграция және мультикультурализм           | Елге және олардың ішінен «біздің жұмыс орындарымызды» қабылдай отырып, шетелдік жұмысшыларға көп жеңілдік жасалуда                                                                                                                        |
| Психикалық ауру                              | Психикалық ауруды стигматизация ретінде жалғастыру, қылмысты осындай аурумен өмір сүретін адам жасаған кезде, қоғамдағы психикалық денсаулық мәселесімен өмір сүретін адамдарды емдеу, аутизм мен психикалық аурудың айырмашылығын білмеу |
| Саясаткерлер және саясаттану                 | Әсіресе Украина мен Ресейге қатысты пікірталас, депутат А.Әбділдаевтің қоғамдық резонанс тудырған пікірі                                                                                                                                  |
| Физикалық көрініс                            | Салмақ, жас, физикалық және ақыл-ой кемістігі, косметикалық хирургияны қолдану                                                                                                                                                            |
| Наразылық және көпшілік демонстрация         | Күнделікті өмірді бұзатын топқа деген жек көрушілік, вегетериандықпен байланыс, жойылуға қарсы көтеріліске деген жек көрушілік және солшыл топтар, экотеррористер және елдің туын өртеу керек деп санайтындар                             |
| Нәсіл және нәсілшілдік                       | Бұл өте жиі айтылады және әлемдік мәселеде нәсілшілдікті айыптайтын халықтың бір тобымен шектелмейді; өзге ұлтқа тұрмысқа шығу мәселесі                                                                                                   |
| Дін                                          | Діни білімі жоқ имамға сілтеме жасау және моральдық даудағы күнә, христиандық пен исламдық нанымды сынау                                                                                                                                  |
| Сексизм және мизогиния                       | Әсіресе феминизмге, негізінен, әйелдер қарсылығы, сондай-ақ еркекпен трансгендерлік сексизмі де ұшырасады.                                                                                                                                |

|                                |                                                                                                                          |
|--------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жыныстық қылмыс және педофилия | Балаларға қатысты отбасындағы зорлық-зомбылық                                                                            |
| Терроризм                      | Әлемнің белгілі бір жеріндегі адамдар террорист болса, онда осы елдегі шағын топтың да террористік әрекетке кінәлі болуы |

Facebook-те немесе сол тәрізді әлеуметтік желінің ешқайсысы да жеке басқа қатысты ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етпейді. Әлеуметтік медиада жарияланған бір түйір ақпаратты кері қайтарып алуға немесе өзгеге оны қалауынша қолдануға тыйым салу мүмкін емес.

Интернетте адамдар туралы жарияланған ақпарат басқа адамдардың көзқарасын және басқа адамның жеке басы мен беделін қабылдауға әсер ететін ықтимал теріс салдары бар. Әлеуметтік медиа басқа біреу туралы пікірді қалыптастыруға қабілетті. Жеке өмірге немқұрайлы қарау, әсіресе, Facebook сияқты әлеуметтік медиа сайт және жеке өміріңіздің егжей-тегжейін ашуда қиындыққа, заң бұзушылыққа әкеледі. Жазбаша мәтіннің біреудің пікіріне әсер ету күші әрқашан әлеуметтік өмірде болған. Жеке адамдар үшін интернетте олар туралы қандай ақпарат пайда болатынын бақылау қажеттілігін адамдар ескеруі тиіс.

Өсек пен қауесеттің таралуы – интернетте, әсіресе Facebook және Twitter (X) сияқты әлеуметтік медиа сайтында, басқаларды өзі немесе басқа адам туралы ақпаратқа сенуге және сендіру үшін қолданылатын билік амалының түрі. Қолданылған сөздер әлемге қажетсіз бейнені ұсына алады. Өсек пен қауесет адамдар үшін өте маңызды, себебі өзіңізді қажетсіз және ескірген теріс пікірден қорғану үшін қажет. Басқалар сіз туралы интернетте қандай ақпарат таба алатынын бақылау арқылы өз болашағыңызды қорғай аласыз.

Әлеуметтік медиа компаниясы өзінің платформасында жалған ақпараттың таралуымен күресу үшін шара қабылдады, мысалы, факт-тексеру және жалған ақпаратты таңбалау және олардың саясатын бұзатын мазмұнның қол жетімділігін азайту. Зерттеуші, журналист Е.Кәпқызы [politifact.com](http://politifact.com) сайтында ақпараттың шынайылығын анықтауда, бірнеше талап ұсынады: 1) ақпаратты кім ұсынса, сол адамнан оның шынайылығын дәлелдеуді сұрау. Ақпарат ұсынушы адам жайдан-жай айта салмайды. Оның қандай да бір уәжі болуы мүмкін; 2) басқа ақпарат тексерушілер қандай мәлімет тапқанын іздеу. Әрине, ақпаратты алғашқы болып беруге кез келген журналист ұмтылады. Алайда үнемі мүмкін бола бермейді; 3) Google іздеу жүйесі арқылы фактінің қашан, қайда жарық көргенін қарастыруға болады. Бірнеше ресурсты қатар салыстыру қажет [12, 120].

Дегенмен мәселе әлі де толық шешілмеген және адамдар желіде көрген ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, сенімді дереккөзден іздеу сияқты әдет қалыптастыра қойған жоқ.

Осы жерде философ Эммануил Канттың мына нақыл сөзін келтіре кеткенді жөн санадық: «Әрбір саналы адам өзі үшін де, басқалар үшін де заңдық күші бар қағидаға бағынуы тиіс». Бұл – жөн сөз, дұрыс пікір. Әр адам ортасына өзінің «заңымен» барса, жер бетіне хаос орнайтыны хақ. Сондықтан да кез келген ұйымның ережесі, тәртібі болады. Соған мойынсұнуымыз керек. Алайда медиа қолданушыларды заңды күші бар нәрсе ғана ұстап тұра алады. Заңға ғана жүгінбей, өзінің моральдық принципіне да зер салу керек. Кейбір дүние нормативтік-құқықтық құжатпен бекітілмейді, тәрбиемен, ортада алған әсермен адам бойына сіңеді. Бірақ бұл тұста өзінің пайдасын ойлап кететіндердікі

дұрыс болмас. Барынша әділін, тоқ етерін, қоғамның сұранысын қанағат ететін шешім керек.

Қазақстан құқығында интернетті пайдаланушының кейбір әрекеті үшін жауапкершілікті көздейтін бірқатар заң бар. 2020 жылы Қылмыстық кодекстегі 130-бап («Жала жабу») Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырылды.

Жала жабу дегеніміз – басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәлімет тарату. Ал қорлау дегеніміз – басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту.

«Жала жабу» – («адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәлімет тарату») бойынша түзету жұмысы. Оған 3000 АЕК дейін (8 миллион теңгеге жуық) айыппұл салу, бостандығын шектеу немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айыру сияқты қатаң жаза қарастырылған.

Біріншіден, адамның өзіне немесе телефонмен айтылған қорлау сөздері үшін 100 АЕК (277 800 теңге, 1 АЕК 2020 жылы = 2778 теңге) немесе қоғамдық жұмысқа тарту (120 сағатқа дейін) көзделеді [13, 21].

Екіншіден, интернетте немесе жазбаша түрде қорласа, 200 АЕК (555 600 теңге) немесе 180 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартылады.

Қорлау фактісі бойынша түрмеге отырғызбайды, алайда айыппұл салынады және қылмыстық іс қозғалады. Соңғы жылдары қаралған істің саны едәуір өсті, бірақ бұған аса мән берілмейді. Сараптамаға, негізінен, саясаттанушылар қатысады, алайда оған лингвистер мен филологтер баға беруі тиіс.

Сөз бостандығы мен пікір білдіру құқығы абсолютті емес, олар басқа адамдардың құқығын бұзғанға дейін ғана бар, сондықтан заңда адамды өзіне қатысты зиянды мәліметті таратудан қорғаудың әртүрлі тәсілі қарастырылған. Бұл саладағы дау әртүрлі болғандықтан және қорғау әдісі де ыңғайлы болу үшін бұл саланы диффамациялық қақтығыс саласы деп атайды. Бұл термин біздің заңымызда қолданылмайды. Ол бізге Батыстан келді және зиянды ақпаратты, соның ішінде әлеуметтік желіде таратуды білдіреді. Өкінішке қарай, біздің осы саладағы заңнамамыз ескірген және тиімсіз екенін мойындауымыз керек. Ол әлеуметтік желіде жеке тұлғаның құқығын толық қорғамайды.

## Қорытынды

Әлеуметтік медиа біздің өмірімізге байланысты арттыру, ақпаратқа қол жеткізу және өзін-өзі көрсету мүмкіндігі сияқты көптеген артықшылық әкелді. Дегенмен ол көптеген этикалық мәселе мен шешілуі тиіс қиындық туғызды. Бұл мәселеге жеке өмірге қатысты мәселе, жалған ақпараттың таралуы, тәуелділік пен әлеуметтік медиа, желідегі құдалау, кемсітушілік, қорлау т.б. кіреді.

Осы этикалық мәселе мен қиындықты шешу әлеуметтік медиа компаниясы, үкімет және жеке тұлғалардың ұжымдық күш-жігерін талап етеді. Әлеуметтік медиа компаниясы өз пайдаланушыларының құпиялығы мен қауіпсіздігіне басымдық беруі, жалған ақпарат пен өшпенділік сөздерінің таралуын болдырмау үшін іс-шара қабылдауы және мазмұнды модерациялаудың тиімді саясаты мен рәсімін әзірлеуі керек. Үкімет өз азаматтарының мүддесін қорғау үшін әлеуметтік медиа платформасын реттеуде рөл атқара алады, ал жеке адамдар өзінің желідегі мінез-құлқы үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, оң және құрметті желілік қауымдастық құруға ұмтылуы керек. Әлеуметтік медиа дамып,

өміріміздің барған сайын ажырамас бөлігіне айналып жатқандықтан, біздің әлемде жақсылық үшін күш болып қалуын қамтамасыз ету үшін осы этикалық мәселе мен қиындықты шешуді жалғастыру маңызды.

### Авторлардың қосқан үлесі

**Рамазанова Ж.С.** – мақаланың тақырыбы бойынша ақпарат жинап, талдау жүргізу, баяндау, редакцияға ережеге сәйкес ұсыну.

**Қалиев Б.А.** – мақаланың өзектілігі мен мақсатын айқындау, толықтыру мен түзету енгізу, редакциялау, ғылыми стильде жазу

**Түйте Е.Е.** – теориялық бағытты түсіндіру, ұсыныс беру, мақаланың академиялық сапасын қамтамсыз ету.

### Әдебиеттер тізімі

1. Kaplan A. M., Haenlein M. Users of the world, unite! The challenges and opportunities of Social Media // Business Horizons. – 2010. – [Электронды ресурc]. – URL: <https://scholar.google.com/scholar> (өтініш берген күні: 21.05.2024).

2. Social media // Encyclopaedia Britannica. – 25.10.2025. – [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.britannica.com/topic/social-media> (өтініш берген күні: 07.11.2025).

3. Саудбаев М. Х. Әлеуметтік желілер: Қазақстандағы тәжірибесі, проблемалары мен болашағы: филос. д-ры (PhD) дис. : 6D050400 – Журналистика мамандығы / әл-Фараби ат. ҚазҰУ. – Алматы, 2014. – 255 б.

4. Әшірбекова Г., Берекетова А., Жақсылық А. Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2024. – №147(2). – Б. 8–24. <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-8-24>

5. Community Standards. – [Электронды ресурc]. – URL: <https://transparency.meta.com/policies> (өтініш берген күні: 15.09.2025).

6. Young K. S. Internet Addiction: The Emergence of a New Clinical Disorder // Cyber Psychology & Behavior. 2009 – [Электронды ресурc]. – URL: <http://dx.doi.org/10.1089/cpb.1998.1.237> (өтініш берген күні: 05.11.2024).

7. Ибраева Ғ.Ж. Журналистика перед новыми вызовами: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 235 б.

8. Әлімжанова А.Б., Қуантаев Н. Қ., Авсар З., Аяпбергенова А. Қ. Сандық медианың аудиториясы: мәселелері мен мүмкіндіктері // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2023. – №67(1). – Б. 10–16. DOI: <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v67.i1.02>

9. Орталық Азия елдерінде интернеттегі ақпараттық материалдарды пайдалану / Орталық Азиядағы Соғыс және бейбітшілік институты (IWPR Central Asia). – Астана, 2019. – 82 б.

10. Жақсылықбаева Р. С. Журналист этикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 229 б.

11. Әлеуметтік желідегі кибербуллинг: қылмыс па, жаза ма? – 04.08.2021. – [Электронды ресурc]. – URL: <https://kaz.orda.kz/leumettik-zhelidegi-kiberbulling-ylmys-pa-zhaza-ma/#part=6> (өтініш берген күні: 22.07.2025).

12. Кәпқызы Е. Іскерлік журналистикадағы этика, стандарт және факчекинг // Іскерлік журналистика: көмекші құрал. – Алматы: «Мінбер журналистерді қолдау орталығы», 2019. – 208 б.

13. «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ. Журналистің құқықтық анықтамалығы. – Астана, 2021. – 112 б.

**Ж.С. Рамазанова\*, Б.А. Калиев, Е.Е. Түйте**  
*Карагандинский национальный исследовательский университет  
имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан*

### **Этические риски цифрового пространства**

**Аннотация.** В настоящее время глобальная сеть представляет собой одно из наиболее мощных и значимых информационных пространств, способных содействовать решению мировых проблем. Одним из ключевых преимуществ интернета является его интерактивность, что обеспечивает возможность непрерывного диалога с пользователями в режиме реального времени. Это можно рассматривать как важный шаг на пути к всеобщей глобализации, поскольку с помощью интернет-технологий люди из разных уголков планеты, с различных континентов, могут свободно общаться и обмениваться информацией. Интернет открывает широкие возможности для обмена опытом, взаимодействия с друзьями и установления контактов с совершенно незнакомыми людьми.

Несмотря на очевидные преимущества, социальные медиа порождают ряд серьёзных этических вызовов. Социальные платформы обладают доступом к огромным массивам персональных данных, что вызывает беспокойство по поводу их сбора, хранения и использования. Пользователям необходимо осознавать риски, связанные с распространением конфиденциальной информации в цифровом пространстве. Кроме того, социальные медиа способствуют стремительному распространению недостоверных новостей, что может приводить к опасным и масштабным последствиям. Ложная информация, проявления языка вражды и кибербуллинг оказывают значительное влияние на решения, мировоззрение и поведение людей.

В данной статье рассматриваются ключевые проблемы и потенциальные трудности, возникающие в медиасреде, а также подчёркивается необходимость их решения с позиций этики и социальной ответственности – как на уровне отдельных личностей, так и на уровне общества в целом.

**Ключевые слова:** этика, социальные сети, медиа, дезинформация, кибербуллинг, Facebook, информационная безопасность.

**Zh.S. Ramazanova\*, B.A. Kaliev, Ye.Ye. Tuite**  
*E.A. Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan*

### **Ethical Issues in the Digital Space**

**Abstract.** At present, the global network is one of the most powerful and significant information spaces capable of solving global issues. Speaking about its advantages, the Internet is interactive, which allows continuous, real-time dialogue with its user base. This is a major step toward universal globalization, as the Internet enables people from anywhere in the world, across different continents, to communicate with one another. Through the Internet, people from all corners of the world have ample opportunities to exchange experiences and communicate with friends or even complete strangers. However, while social media brings such benefits, it also raises ethical challenges. Social media platforms have access to vast amounts of personal data, and there are growing concerns about how this data is stored, collected, and used. Users must be fully aware of the risks of sharing confidential information. Social media platforms

also facilitate the rapid spread of fake news, which can have dangerous and serious consequences. False information, hate speech, and cyberbullying can influence people's decisions and beliefs. In this article, we will examine the potential issues and challenges that may arise in the media and discuss the need for individuals and society to address them ethically and responsibly.

**Keywords:** Ethics, social network, media, fake information, cyberbullying, Facebook, information security.

## References

1. Kaplan A.M., Haenlein M. Users of the world, unite! The challenges and opportunities of Social Media. *Business Horizons*, 53(1), 59–68 (2010). Available at: <https://scholar.google.com/scholar> (accessed 21.05.2024).
2. Social media. *Encyclopaedia Britannica*. Available at: <https://www.britannica.com/topic/social-media> (accessed 07.11.2025).
3. Saudbaev M.H. Aleumettik zheliler: Qazaqstandagy tazhiribesi, problemalary men bolashagy: filos. d-ry (PhD). 6D050400 – Zhurnalistika mamam. dis.: qorgalgan 12.01.15 // al-Farabi at. QazUU [Social networks: experience, problems and prospects in Kazakhstan: PhD dissertation in Journalism]. (Almaty, 2014, 255 p.) [in Kazakh].
4. Ashirbekova G., Bereketova A., Zhaqsylyq A. Aleumettik zhelilerdin qogamdyq sanaga aseri [The influence of social networks on public consciousness]. L.N. Gumilev atyndagy EUU habarshysy. Zhurnalistika serijasy [BULLETIN of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series], 147(2), 8–24 (2024). <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-8-24> [in Kazakh].
5. Community Standards. Meta Transparency Center. Available at: <https://transparency.meta.com/policies> (accessed 15.09.2025).
6. Young K.S. Internet Addiction: The Emergence of a New Clinical Disorder. *CyberPsychology & Behavior* (2009). Available at: <http://dx.doi.org/10.1089/cpb.1998.1.237> (accessed 05.11.2024).
7. Ibraeva U.Zh. Zhurnalistika pered novymi vyzovami: monografiya [Journalism in the face of new challenges: monograph]. (Almaty, 2017, 235 p. [in Russian].
8. Alimzhanova A. B., Kuantaev N. K., Avsar Z., Ayapbergenova A. K. Sandyk medianyn auditoriyasy: maseleleri men mumkindikteri [Audience of digital media: problems and opportunities]. al-Farabi at. QazUU habarshysy. Zhurnalistika serijasy [Bulletin of al-Farabi Kazakh National University. Journalism Series], 67(1), 10–16 (2023). <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v67.i1.02> [in Kazakh].
9. Ortalyq Azija elderinde internettegi aqparattyq materialdardy paidalanu [Use of online information materials in Central Asian countries]. Ortalyq Azijadagy Sogys zhane beibitshilik instituty (IWPR Central Asia). (Astana, 2019, 82 p.) [in Kazakh].
10. Zhaqsylyqbaeva R.S. Zhurnalist jetikasy: oqu quraly [Journalistic ethics: textbook]. (Almaty, 2013, 229 p.) [in Kazakh].
11. Aleumettik zhelidegi kiberbulling: qylmys pa, zhaza ma? [Cyberbullying on social networks: crime or punishment?]. Available at: <https://kaz.orda.kz/leumettik-zhelidegi-kiberbulling-ylmys-pa-zhaza-ma/#part=6> (accessed 21.05.2024).
12. Kapqyzy E. Iskerlik zhurnalistikadagy jetika, standart zhane fakcheking [Ethics, standards and fact-checking in business journalism]. In: Iskerlik zhurnalistika: Komekshi quraly [Business journalism: methodological guide]. (Almaty, 2019, 208 p.) [in Kazakh].
13. «Quqyqtyq media-ortalyq» QQ. Zhurnalisttin quqyqtyq anyqtamalygy [Legal handbook for journalists]. (Astana, 2021, 112 p.) [in Kazakh].

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Рамазанова Ж.С.** – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ, Мұқанов көшесі, 1.100018, Қарағанды, Қазақстан

**Қалиев Б.А.** – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ, Мұқанов көшесі, 1. 100018, Қарағанды, Қазақстан

**Түйте Е.Е.** – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ, Мұқанов көшесі, 1, 100018, Қарағанды, Қазақстан

**Рамазанова Ж.С.** – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры журналистики Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, ул. Муканова, 1, 100018, Караганда, Казахстан.

**Калиев Б.А.** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры казахского языкознания Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, ул. Муканова, 1, 100018, Караганда, Казахстан.

**Түйте Е.Е.** – кандидат филологических наук, профессор кафедры казахского языкознания Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, ул. Муканова, 1. 100018, Караганда, Казахстан.

**Ramazanova Zh.S.** – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Journalism, Academician E.A. Buketov Karaganda University, Mukanov str., 1. 100018, Karaganda, Kazakhstan.

**Kaliev B.A.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh Linguistics, Academician E.A. Buketov Karaganda University, Mukanov str., 1. 100018, Karaganda, Kazakhstan.

**Tuite E.E.** – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Department of Kazakh Linguistics, Academician E.A. Buketov Karaganda University, Mukanov str., 1. 100018, Karaganda, Kazakhstan.



XҒТАР 19.21.11  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-57-76>

## Қазақстандағы діни жаңалықтардың БАҚ-тағы көрінісі: мектептердегі хиджаб мәселесі

Е. Кәпқызы\*<sup>1</sup>, Ә. Шағатаева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>SDU, Қаскелең, Қазақстан

(E-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz\*, ashagataeva@list.ru)

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу жұмысы Қазақстандағы мемлекеттік мектептердегі хиджаб кию мәселесінің медиадағы көрінісіне бағытталған. Соңғы жылдары мектептегі хиджаб тақырыбы қоғам арасында жиі көтеріліп, әлеуметтік пікірталастардың басты объектісіне айналды. Әсіресе, жаңа оқу жылы басталатын қыркүйек айында бұл хиджаб мәселесі қоғамдық және медиалық дискурсқа қайта оралып отырады. Зерттеудің мақсаты – БАҚ-та мектептегі хиджабқа байланысты жаңалықтар, пікірлер мен сараптамалық материалдар жиі жарияланғанымен, бұл тақырыптың медиа кеңістіктегі репрезентациясы әлі күнге дейін зерттелмеген. Осы олқылықты толтыру мақсатында аталған тақырыпты зерттеу қазіргі қоғам үшін маңызды әрі қажетті болып отыр. Зерттеудің негізгі бағыты – діни атрибуттың медиадағы репрезентациясын талдай отырып, қаржыландыру көзі әртүрлі болатын “Azattyq” және “Tengrinews” медиаларында мектептегі хиджаб 2017-2024 жылдар аралығында қалай репрезентацияланғанын контент анализ әдісі арқылы бағалау. Авторлар бұқаралық ақпарат құралдарының мектептегі хиджаб мәселесіне қатысты қандай риторика мен фреймдер қолданатынын, оны қоғамға қалай ұсынатынын анықтайды. Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы – хиджаб мәселесінің медиадағы репрезентациясын талдай отырып, тек діни бейненің емес, тұтастай алғанда қоғамдағы идеологиялық, мәдени және құқықтық қайшылықтардың қалай көрсетілетінін анықтау. Зерттеуде қолданылған ғылыми әдіс – сандық, сапалық контент-анализ және сыни дискурстық талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы 2017-2024 жылдар аралығында “Azattyq” және “Tengrinews” медиаресурстарында жарияланған мектептегі хиджаб мәселесіне қатысты 20 мақала жүйелі түрде таңдап алынып, мазмұндық тұрғыда салыстыру арқылы зерттелді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Қазақстандық медиа кеңістігінде мектептегі хиджаб мәселесінің репрезентациясына алғаш рет салыстырмалы контент-анализ жасалып, медиа дискурстың қоғамдық пікірге ықпалы айқындалды.

**Түйін сөздер:** мектеп формасы, хиджаб, медиа репрезентация, Азаттық радиосы, Tengrinews, контент-анализ, БАҚ риторикасы

Түсті: 13.10.2025; Мақұлданды: 18.11.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

## Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстандағы діни мәселелер, соның ішінде мектептердегі хиджаб киюге қатысты пікірталастар жиі талқылануда. Бұл тақырып тек дін саласында ғана емес, білім беру, адам құқықтары, мемлекет пен дін сияқты бірнеше салаларға қатысы болғандықтан, қоғамда ауқымды резонанс тудыруда. Әсіресе, мектеп жасындағы оқушылардың хиджаб кию еркіндігі мен мектеп формасына қатысты талаптардың арасындағы қайшылықтар БАҚ назарынан тыс қалған емес.

Қазақстан – зайырлы мемлекет, бірақ халқының басым бөлігі ислам дінін ұстанады. Сол себептен де, діни нормалар мен мемлекеттік саясаттың арасындағы тепе-теңдік мәселесі жиі қоғамдық пікір таласқа ұшырап жатады. Осындай жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалықтарды ұсыну тәсілі қоғам санасына тікелей әсер етеді. БАҚ белгілі бір мәселені қоғамға қалай ұсынатыны, қандай риторика қолданатыны және қандай ақпарат көздеріне сүйенетіні қоғамдық пікірді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстандағы екі ірі медиа – Azattyq пен Tengrinews.kz-тің мектептердегі хиджаб кию мәселесін қалай репрезентациялайтынын салыстырмалы контент-анализ әдісі арқылы талдауға бағытталған. Жоғарыда аталған екі медиа редакциялық бағыты мен аудиториясы жағынан бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Медиа адам санасына тікелей ықпал ететіндіктен, екі медианың жаңалықтарды аудиторияға ұсыну тәсілін салыстыру маңызды.

Бұл зерттеу жұмысы мектептегі хиджаб кию мәселесінің медиада қалай ұсынылатынын, яғни діни атрибуттардың қалай репрезентацияланғанын зерттеуді мақсат етеді, әрі зерттеу нәтижелері Қазақстан медиасындағы хиджаб тақырыбының бейнесін түсінуге және осы тақырыптың қоғамдық пікірге әсерін бағалауға көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу медианың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін және репрезентациялық стратегиялардың әсерін түсінуге ықпал етеді.

**Зерттеудің негізгі сауалы:** Қазақ тілді мемлекеттік мектептердегі хиджаб кию мәселесі “Азаттық” пен “Tengrinews” медиаларында қалай репрезентацияланады?

Ал қосымша сауалдар:

а) «Azattyq» радиосы хиджаб мәселесін фреймдеуде қандай нарративтерді басшылыққа алды?

б) “Tengrinews” сайты хиджаб мәселесін фреймдеуде қандай нарративтерді басшылыққа алды?

## Әдебиетке шолу

Соңғы онжылдықта хиджаб кию мәселесі әлемдік бірнеше ғылыми зерттеудің фокусына айналды. Зерттеушілер бұл құбылысты тек діни емес, сонымен қатар саяси, мәдени, әлеуметтік және гендерлік феномен ретінде қарастырды [1]. Жалпы хиджаб тақырыбының медиадағы репрезентациясына көңіл бөлу ағылшынтілді әдебиеттерде кеңінен кездеседі. Өйткені, хиджаб – тек бас киім емес, ол діни, мәдени және саяси мағынаға ие. Хиджабтың символдық мәнін Tarlo [2] оның үшқырлы табиғатымен түсіндіреді: ол бір мезетте сенімнің, мәдени сәйкестіктің және қоғамдағы белсенді позицияның символы болуы мүмкін. Көптеген зерттеушілер хиджабты әйелдердің өзін-өзі анықтау құралы және феминистік дискурс элементі ретінде де қарастырады [3].

Осы маңызды әдебиеттердің бастысы ретінде Хир-Аллахтың (Khir-Allah, 2021) «*Framing hijab in the european mind*» атты кітабын атауға болады. Бұл кітапта автор Ислам құндылықтарының Еуропада еуропалық таным-түсінік тұрғысынан ғана бағаланатынын, ал мұсылмандар Стюарт Холлдың «өзгелер» концепциясымен бейнелетініне тоқталады. «Еуропа мұсылмандарға қатысты дискурсты қолданған кезде, оларды «жау» контексінде қарастырады. Ал «жауларды» фреймдеген кезде «әділдік» қағидаттары ұмытылады. Сол себепті де олардың портреті «жағымсыз» тұрғыдан қалыптасты [4]. Леттинганың [5] пікірінше бұған дейін хиджаб тақырыбындағы мақалалар көбінде мемлекеттердің мұсылман әйелдерінің бас киіміне қатысты ұстанатын саясаттарын талдайтынын айтады. Алайда, ол мақалаларда мәселенің нақты қалай және қандай мақсатпен фреймделетініне назар аударылмайды дейді ол. Әрі жүйелі зерттеудің жоқтығынан әлеуметтік институттардың саяси дебаттарға қатысу мүмкіндігі мен олардың соңғы нәтижесіне әсер ету қабілеттері талқыланбайды дейді ол. Ал америкалық басылым New York Times пен ұлыбританиялық Guardian газеттеріндегі хиджаб тақырыбындағы мақалаларға салыстырмалы, сапалық контент анализ жасаған Касире (Kasirye, 2024) басылымдардың мұсылман әйелдерінің портретін көбінде экстремист және радикалист ретінде бейнелейтінін айтады. «12 жылдық мақалаларында New York экстремист және радикалистер деген айдарды үдете пайдаланған. Әсіресе, 2001 жылғы 9/11 оқиғасынан кейін 2001-2005 жылдар аралығында мұсылман бас киімі бар әйелдер террористер ретінде сипатталып келді»[6]. Экстремист, радикалист болуымен қатар, мұсылман әйелдері оқымаған, қаржылық қиындық көрушілер, отбасындағы әйелдер және еркектер үшін тек сексуалды объект ретінде сипатталады дейді ол. Рахман мен Қамар [7] мұсылман әйелдерінің әлемдік БАҚ-тағы сипаттамасы Исламофобиямен тікелей байланысты екендігін айтады. Хиджабтың жиі исламдық радикализм, қауіп төндіру, әлеуметтік артта қалу ұғымдарымен сипатталып жататынын Macdonald (2005); Droogsma (2007); Shirazi & Mishra (2010) қатарлы зерттеушілер де жазады.

Бұл еңбектерде медиа хиджабты көбіне “қауіп-қатер”, “еркіндіктің шектелуі” сияқты мағыналарға ие етіп көрсетеді. Францияда хиджаб көбіне зайырлылық қағидаларын бұзатын элемент ретінде қабылданады. Bowen [8] өз зерттеуінде француз ақпарат құралдары мұсылман әйелдерінің орамал тағуын қоғамдық қауіп немесе мәдени интеграцияға кедергі ретінде сипаттайтынын көрсеткен. Ал Германияда Kunz [9] исламдық киім элементтері көбіне мұсылман қауымының “бейімделу деңгейімен” байланыстырылады. Бұл елдердегі медиа хиджабты ұлт бірегейлігіне «қайшы» белгі ретінде ұсынады. Бұл ғылыми ұстанымдар Қазақстандағы ахуалмен де үндеседі. Мұнда хиджаб киетін мектеп оқушылары “мектеп формасына бағынбайтындар”, “тәртіпке сай келмейтіндер”, кейде тіпті “діншіл радикалдар” ретінде ұсынылып жатады. Дегенмен, мұндай репрезентациялардың медиа мәтінінде қалай құрылатыны, қандай тілдік нормалар қолданылатыны, қандай риторикалық құралдар арқылы бейнеленетіні – жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Иранда хиджабты кию заң жүзінде міндетті, сондықтан мемлекеттік медиада ол ұлттық және діни бірегейлікті білдіретін рәміз ретінде ұсынылады [10]. Ал Мысырда жағдай басқаша. Mahmood [3,1] хиджабтың кейде әйелдер үшін діни сенім емес, саяси ұстаным не азаматтық қарсылық нышаны болатынын сипаттайды. Жергілікті БАҚ бұл көріністерді әртүрлі фреймдер арқылы ұсынған. Түркияда бір кезеңдерде хиджабқа тыйым болғанымен, кейінірек бұл шектеулер жойылды. Göle [11] көрсеткендей, түрік

медиасында хиджаб ұзақ уақыт бойы артта қалғандықпен байланыстырылған. Алайда қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде бұл киім үлгісі әйел болмысының бір бөлігі ретінде ұсынылып келеді. Индонезияда да ұқсас жағдай байқалады. Baulch & Pramiyanti [12] зерттеуінде Instagram желісінде хиджаб сән мен тұлғалық еркіндіктің бір элементіне айналғаны айтылады.

Қазақстандағы медиа және дін қатынасы посткеңестік кеңістікте ерекше зерттеу саласы болып табылады. Бұл бағытта отандық ғалымдар тарапынан бірнеше маңызды еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, Айтмұхамбетова медиа жүйесі мен қоғамдық сана арасындағы байланысты зерттей отырып, ақпарат құралдарының діни мәселелерді саясиланған және идеологиялық шеңберде беру үрдісіне назар аударады. Оның пайымдауынша, Қазақстанда діни тақырыптар медиада көбінесе қауіп факторы немесе бақылау нысаны ретінде ұсынылады, бұл өз кезегінде аудиторияда сенімсіздік пен бөгделену сезімін қалыптастырады [13].

Ғалым Қыдырәлі ақпарат кеңістігінде ислам бейнесін қалыптастырудағы тарихи және мәдени контекстің маңызын атап көрсетеді. Оның еңбектерінде дінге қатысты медиа репрезентациялар дәстүрлі және заманауи дискурстардың түйісуі арқылы жасалатыны айтылады. Яғни, ислам бір жағынан – ұлттық болмыстың бір бөлігі ретінде, екінші жағынан – сырттан енген ықпал ретінде ұсынылады. Қыдырәлі дін тақырыбына қатысты БАҚ-тағы бейтараптықтың жиі бұзылатынын, ақпараттық теңгерімнің сақталмауы кейде әлеуметтік шиеленіске себеп болатынын ескертеді [14].

Ал Тоқмурзина дін және медиа саласын мәдениет аралық коммуникация контекстінде қарастырады. Ол өзінің зерттеулерінде қазақстандық медиада ислам бейнесінің екіұшты сипатта ұсынылатынын жазады: бір жағынан, ислам – мәдени құндылық, екінші жағынан – реттеуді қажет ететін әлеуметтік феномен ретінде көрініс табады. Бұл жағдай медианың қоғамдық пікірге әсер ету тетігі ретіндегі рөлін көрсетеді және дінге қатысты тақырыптарды бейтарап баяндаудың қажеттілігін алға тартады [15]. Осы ғалымдардың еңбектерінде ортақ пікір – Қазақстан медиасында исламға қатысты репрезентация әлі де бірізді, бейтарап әрі плюралистік емес деген тұжырым. Ақпарат құралдары көбіне ресми дискурсты басым пайдаланып, діни тәжірибеге қатысты азаматтық ұстанымдарды көрсетуге жеткілікті мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай хиджаб сияқты жеке сенім мен қоғамдық талап тоғысатын мәселелерде медианың қоғамдық пікірді қандай фрейммен қалыптастыратынын терең түсінуді қажет етеді.


А.Прниязова мен А.Волков [3, 139 б.] су ресурстарын интеграциялық басқаруға қатысты даулы мәселелерді қарастырып, бұл тақырып БАҚ-та негізінен мемлекетаралық

қайшылықтар аясында талқыланатынын көрсетеді. Мұндай мазмұн қоғамдық пікірде сенімсіздік пен ұлттық оқшаулануды күшейтеді.

Кенжеғали Ж. және бір топ ғалым [4] су мен энергетикалық қатынастардың тарихи дамуына шолу жасайды. Осы зерттеудің контекстінде, БАҚ-та су жанжалдарының тарихи жадының қалай көрініс табатыны, олардың қазіргі саяси дискурсқа әсері ерекше маңызды екені атап көрсетіледі.

С.Курбаниязов, М.Мамадияров [5] Орта Азия елдері арасындағы саяси-географиялық келісімдерді саралап, мемлекеттік БАҚ арқылы таратылатын ресми баяндаулардың рөлін ашып көрсетеді. Авторлар ақпараттық саясат көп жағдайда басқарудағы тиімсіздік пен су тапшылығы мәселелерін бүркемелейтінін атап өтеді.

Д.Куланова және оның әріптестері [6] судың энергетикалық кешендерін тиімді дамыту жолдарын қарастырады. Бұл тұрғыда БАҚ-та заманауи шешімдер мен технологияларды насихаттайтын кәсіби медиакоммуникацияның маңыздылығы баса айтылған.

Кейбір зерттеулерде [2, 7 б.] ұлттық БАҚ-та су қауіпсіздігі мәселелерінің тұрақты түрде көтерілетіні көрсетілген, бұл өңірлік ақпараттық саясаттың күн тәртібінің қалыптасқанын білдіреді.

Ж.Орынбаевмен Т.Тұмашбай [8] су қауіпсіздігін ұлттық қауіпсіздік контекстінде қарастырып, медианың осы қатерлерді экзистенциалды қауіп ретінде көрсетуге ықпал ететінін көрсетеді.

З.Ералина [9] «Бір белдеу – бір жол» бастамасының коммуникациялық қырларын контент-талдау арқылы зерттеген. Бұл жұмыс тікелей су қауіпсіздігіне арналмағанымен, трансшекаралық медиадискурсты зерттеуде қолданылатын әдістемелерімен құнды болып табылады.

Л.К. Махмудова мен С.Қ. Әлімқұлов [10] форсайт-зерттеу әдісі арқылы су қауіпсіздігінің негізгі аспектілері мен болашағын қарастырып, ғылыми негізделген болжамдарды таратуда цифрлық медианың рөлін атап өтеді.

А.Ж. Жунусбекова [11] трансшекаралық су ресурстарын құқықтық реттеу мен өңірлік ынтымақтастық мәселелерін көтеріп, бұл келісімдердің медиада қалай бейнеленетінін, сонымен қатар БАҚ-тың құқықтық бастамаларға қолдау көрсету рөлін сипаттайды.

Жалпы, ғылыми әдебиеттерге талдау жасау нәтижесінде Орталық Азиядағы су қауіпсіздігіне қатысты БАҚ-тың қоғамды ақпараттандырудан бөлек, қауіп-қатердің маңыздылығын көпшілікке жеткізу, саяси шешімдерді заңдастыру және мемлекетаралық қайшылықтарды не ушықтыруда, не жұмсартуда белсенді рөл атқаратыны анықталды. Сонымен қатар медиадағы ақпараттар мазмұнының басым бөлігі мемлекеттік құрылымдармен қалыптастырылатыны байқалды, ал тәуелсіз сараптамалық журналистика әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған. Бұл жағдай қоғамдық пікірдің бұрмалануына және трансшекаралық су мәселелерінде өзара бірлескен ортақ шешімдерге қол жеткізу үдерісінің күрделенуіне ықпал етуі мүмкін.

Зерттеулер арасындағы басты айырмашылық медианың рөлін бағалау деңгейінде байқалады, мысалы, А.Прниязова мен А.Волков [3, 141 б.] БАҚ-тың су ресурстарын басқару бойынша елдер арасындағы шиеленістерді күшейте алатынын алға тартады. Олар медиадаулы мәселелерді біржақты, ұлттық призмадан көрсетіп, көп жағдайда конструктивті диалогқа емес, саяси қарсыластыққа итермелейді деп есептейді. Ал, Д.Куланова, Г.Абдикеримова, Э.Сатыбекова [6], керісінше, медианың мүмкіндіктерін жақсы сипатта бағалайды. Авторлар БАҚ-тың жаңа технологиялар мен шынайы шешімдер туралы

қоғамдық білімді арттырып, су және энергетикалық кешеннің дамуында оң пікір қалыптастыруы мүмкін екенін көрсетеді. З.Ералинаның [9] зерттеуінде су қауіпсіздігі тақырыбы тікелей қарастырылмаса да, коммуникация теорияларын қолдана отырып, медиадискурсты талдаудың әдіснамалық негіздерін ұсынады. Бұл зерттеу БАҚ-пен жұмыс істеу тәсілдерін өңірлік деңгейде үйлестіру қажеттілігін көрсетеді. Ж.Кенжеғали бастаған ғалымдар [4] сумәселесінің шығу тегін талдай отырып, қазіргі медиадискурста тарихи жадының қалай қолданылатынын сипаттайды. Бұл авторлар БАҚ-тағы тарихи риторика кейде өткен жанжалдарды қайталауға себеп болуы мүмкін деп ескертеді.

Шетелдік ғалымдар С. Матар мен Н.Намдан [12, 3 б.] бұқаралық ақпарат құралдарының су дағдарысына байланысты тараптардың ұстанымдарын жариялауда белсенді рөл атқаратынын атап өтсе, келесі зерттеушілер «Су – адам өмірін сақтаудың маңызды табиғи ресурсы» дей келе, «бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар халықтың қауіп-қатер туралы түсініктерін қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады және су ресурстарын сақтау және денсаулықты нығайту саласындағы мінез-құлыққа тікелей әсер етуі мүмкін» – деп есептейді [13, 926 б.].

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, авторлар су қауіпсіздігі мәселесінде БАҚ-тың ақпарат таратушы ғана емес, саяси дискурсты қалыптастырушы күш ретіндегі маңызды рөлін мойындайды. Бірқатар зерттеулерде БАҚ-тың сенсацияға ұмтылуы мен ұлттық риторикаға басымдық беруі сынға алынса, басқа авторлар оны ақпараттық серіктес және ғылыми шешімдерді насихаттаушы ретінде көреді. Бұл әртүрлі көзқарастар медиалық саясатты тиімді ұйымдастыру қажеттігін, сондай-ақ медиасауаттылық пен тәуелсіз сараптамалық журналистиканың маңызын айқындайды.

## Әдіснама

Арнайы репортаждар, сарапшы мамандармен сұхбаттар, деректі фильмдер және әлеуметтік желілердегі жазбалар арқылы БАҚ халыққа мәселенің ауқымы мен әрекетсіздіктің ықтимал салдары туралы түсінік қалыптастырады. Ең маңыздысы – ақпараттық кампаниялар адамдардың суды үнемдеп тұтынуына және су ресурстарына ұқыпты қарауға және жеке жауапкершілікті ұғынуына көмектеседі. БАҚ-тағы білім беру жобалары мен жергілікті бастамаларды жариялау азаматтарды су проблемаларын күнделікті деңгейде шешуге тартуға ықпал етеді.

Қазақстан сияқты дамушы демократия елдерінде су қауіпсіздігіне қатысты саяси дискурсты қалыптастыру азаматтық қоғамның белсенділігіне және шынайы ақпаратқа қолжетімділікке тікелей байланысты. Журналистік зерттеулер, сыни мақалалар және телеарна мен интернеттегі қоғамдық талқылаулар мемлекеттік құрылымдар күн тәртібіне әсер ете алады. Олар су ресурстарын басқару саласындағы реформаларға, инфрақұрылымға инвестиция салуға, жаңа заңдарды қабылдауға немесе халықаралық су платформаларына қатысуға түрткі болуы мүмкін.

Су қауіпсіздігіне деген қызығушылық артқанына қарамастан, қазақстандық БАҚ-тар бірнеше кедергілерге тап болады: деректерге қолжетімділіктің шектеулілігі, мүдделі топтардан қысым, салалық журналистердің жетіспеушілігі және экологиялық журналистиканың қаржыландырылуының жеткіліксіздігі. Сонымен қатар су тақырыбы жиі саяси сипат алады, бұл мәселені шынайы және жан-жақты негізде жариялау ісін қиындатады.

## Нәтижелер мен талқылау

Су қауіпсіздігі – Орталық Азиядағы орнықты дамудың негізгі мәселелерінің бірі. Аймақ климаттық өзгерістер мен трансшекаралық ынтымақтастықтың тиімсіздігіне байланысты су ресурстарының тапшылығына тап болып отыр. Осындай жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары қоғам пікірін және саяси дискурсты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, бұл өз кезегінде мәселені кең аудиторияның қабылдауына және ұлттық әрі өңірлік деңгейдегі шешім қабылдауға ықпал етеді.

Қазіргі әлемде бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамдық пікір қалыптастырудың ең пәрменді құралы. Ақпарат құралдары туралы сөз қозғалса, бұл белгілі бір миссияны атқаруды меңзейтін түсінікке айналды.

БАҚ – адамдардың күнделікті шешім қабылдауына ықпал ететін ақпарат пен білім көзі. Байланыс пен телекоммуникация құралдарының даму нәтижесінде әлем біртұтас «ғаламдық ауылға» айналғанымен, біз сыртқы ортамыз туралы, оның үнемі өзгеріп тұратындығына және негізінен болжауға келмейтіндігіне байланысты, әлі де шектеулі ақпаратқа иеміз, бұл жағдайды біз белгісіз орта деп атаймыз. Осындай белгісіз ортада шешім қабылдау, яғни экологиялық ластану және оны жою жолдары, сондай-ақ оны қолданбалы жобалардың негізінде іске асыру қажетті де елеулі мәселе.

БАҚ-тың негізгі атқарар міндеті – бүгінгі күннің ең өзекті құндылықтарына адал болу, бұл мақсатқа азаматтық қоғам тәуекелге баруға дайын болғанда, оның қажеттілігін түсінгенде және осы рөлді атқара алатын институттарды қолдағанда ғана қол жеткізуге болады.

Дүниежүзілік банк су ресурстарын басқаруды «ауыз судың тазалығын сақтау мен тазалық сақтаудың қарапайым ережелерін қамтамасыз ету, азық-түлік өндіру, энергия өндіру, ішкі су көлігі және судағы демалыс үшін жеткілікті көлемде сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ суға тәуелді экожүйелердің саулығын сақтау және көлдер, өзендер мен өзен сағаларының эстетикалық және рухани құндылықтарын қорғау» ретінде сипаттайды [14].

Қазіргі таңда қоршаған орта және оған қатысты мәселелер негізгі проблемаларға айналғанымен, бұл мәселелер туралы қоғамның хабардар болу деңгейі жеткілікті деңгейде емес.

Су ресурстарын басқару мәселесі туралы қоғамның түсінігін арттыруда бұқаралық және тұлғааралық коммуникацияның маңызын асыра бағалау қиын. Алайда, алдыңғы зерттеулерде БАҚ экологиялық проблемалар туралы қоғамның жеткіліксіз хабардар болуына кінәлі деп танылған. Контент талдаушылар көп жағдайда БАҚ-тағы ақпараттар құрылымдық мәселелерге емес, тек ірі оқиғаларға арналып әрі үстірт жазылатынын және адамдық және экономикалық мүдделерге бағытталатынын анықтаған. Осы кемшіліктерге қарамастан, аталған мәселелердің БАҚ-та кеңінен жариялануы мүлдем тиімсіз деп айтуға келмейді. Күн тәртібін қалыптастыруға бағытталған зерттеулер БАҚ-тағы жаңалықтардың, кем дегенде ішінара, экологиялық мәселелерге адамдардың назарын аударуға әсер ететінін көрсетеді.


Соңғы 20 жылда су ресурстарын басқару саласы түбегейлі өзгеріске ұшырады. Су ресурстарын басқаруға жауапты адамдар климаттың өзгеруі мен адам әрекеттерінің салдарынан күрделене түскен ортада жаңа қиындықтарға тап болуда. Мұндай жағдайда жеке және мемлекеттік ұйымдар бүкіл су айналымын басқарудың жаңа тәсілдерін бірлесе әзірлеуі тиіс.

БАҚ су қауіпсіздігі тақырыбын талқылауға арналған шекті белгілейді, яғни қоғам назарына қандай мәселелер ұсынылатынын анықтайды. Қазақстанда және басқа да көршілес елдерде экологиялық проблемаларды, оның ішінде сумен жабдықтау, өзендер мен көлдердің ластануы, экожүйелердің тозуы және трансшекаралық қақтығыстар мәселелерін үзік-үзік, жүйесіз жариялау байқалады. Алайда, проблемаға ерекше назар аудару, ақпаратты белсенді жеткізу және талдау жүргізу арқылы БАҚ тек жаңалық көзі ғана емес, сондай-ақ саясаткерлерге қысым көрсететін және қоғамды әрекетке итермелейтін дискурс қатысушысы бола алады.

Қазақстан трансшекаралық су ресурстары бойынша осал жағдайда тұр, әсіресе Сырдария және Іле өзендері бассейндерінде. Көптеген ірі өзендердің бастаулары ел аумағынан тыс жерден басталады, бұл Қазақстанды көрші елдердің су саясатына тәуелді етеді. Осындай жағдайда қазақстандық БАҚ мемлекет пен халық арасында дәнекерші рөлін атқарып, халықаралық келісімдер, келіссөздер және су пайдалану жобалары туралы ақпарат жеткізеді. Мұндай материалдар «Kazinform», «Tengrinews», «Хабар24» сияқты ірі басылымдарда және экологияға бағытталған арнайы ақпараттық порталдарда жарияланады.


Қазақстанда және Орталық Азияда, жалпы БАҚ су қауіпсіздігі мәселелері бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олардың әлеуеті мемлекет, халықаралық ұйымдар және азаматтық қоғам тарапынан қолдау көрсету арқылы едәуір арта түсуі мүмкін. Тәуелсіз экологиялық журналистиканы дамыту, халықтың медиасауаттылығын арттыру және ашық диалогқа арналған алаңдар құру – өңірлердің су саясатын неғұрлым ашық, тұрақты жүргізуіне және ұзақмерзімді кешенді жоспар құруға мүмкіндік береді.

Су қауіпсіздігі бағытында автор Қазақстан Республикасы тұрғындары арасында эмпирикалық зерттеу жүргізді. Дереккөз анонимді сауалнама негізінде жүргізілді. Зерттеуге 100 респондент қатысты [15].




**1-сурет. Респонденттердің жасы**

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі 40 жасқа дейінгі жастар мен ересектер (75%). Бұл су қауіпсіздігі мәселесі негізінен белсенді және әлеуметтік қатысатын жас топтарына қызығушылық танытатынын білдіреді. Бұл сонымен қатаринтернетті және бұқаралық ақпарат құралдарына қолжетімділікті жиі қолданатындар.



2-сурет. Қызмет түрлері

Студенттермен жеке сектор қызметкерлерінің жоғары үлесі бұл тақырып жастарды да, экономикалық белсенді халықтыда қызықтыратынын көрсетеді. Ғылыми саламамандарының төмен өкілдігі осы тақырып бойынша қоғамдық коммуникацияларға мамандардың жеткіліксіз қатысуын көрсетеді.




3-сурет. Сіз БАҚ-та су қауіпсіздігі туралы ақпаратты қаншалықты жиі кездестіресіз?

Тек үштен бірі ғана мұндай ақпаратпен үнемі бетпе-бет келеді. Бұл медиа кеңістікте су қауіпсіздігі тақырыбының әлсіз болуын көрсетеді. Мәселені бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды арттыру қажет.



4-сурет. Мұндай ақпаратты қандай арналар арқылы аласыз?

Цифрлық арналар: интернет-БАҚ және әлеуметтік желілер көш бастап тұр. Бұл онлайн ортада экологиялық ақпараттың белсенді болу қажеттілігін көрсетеді. Теледидар, әсіресе, аға буын өкілдері үшін әлі де маңызды.



5-сурет. Сіз су қауіпсіздігі мәселелері бойынша БАҚ ақпаратына сенесіз бе?

Тек 20%-ы БАҚ-қа толық сенеді. Негізгі бөлігі – «ішінара сену», бұл ашық, сапалы ақпараттың жетіспеушілігін көрсетеді. Бұл медиа жарықтандырудың тиімділігіне нұқсан келтіреді.



6-сурет. Қазақстандағы су ресурстарының мәселелері туралы қаншалықты хабардарсыз?

Респонденттердің үштен бірі ғана өздерінің хабардарлығына сенімді. Бұл су қауіпсіздігі мәселелері бойынша мемлекет пен БАҚ тарапынан ақпараттық науқанның жеткіліксіздігін көрсетеді.



7-сурет. Сіз су қауіпсіздігі мәселесінің Сіздің өміріңізге тікелей қатысы бар деп санайсыз ба?

Респонденттердің 78 пайызы мәселенің маңыздылығын мойындайды. Бұл ақпарат тиімді берілсе, қоғамдық жұмылдырудың жоғары әлеуетін көрсетеді.



**8-сурет. Мемлекет халықтың су қауіпсіздігі туралы білімін жетілдіру үшін БАҚ-ты белсенді пайдалануы керек пе?**

Сауалнамаға қатысушылар білдірген бірауызды пікір – мемлекет бұл бағытта бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді пайдалануы керек. Бұл мемлекеттің экологиялық ағарту саласындағы белсенді ұстанымына әлеуметтік сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Келесі кезекте «Сіз үшін ақпарат берудің қандай түрлері тиімді?» деген сауалнама жүргізілді және оның қорытындысы төмендегідей:

- Деректі фильмдер мен репортаждардың тиімділігі жоғары – 52 адам;
- Әлеуметтік желілердегі қысқа видеосюжеттер – 60 адам;
- Ғылыми-көпшілік мақалалар – 38 адам;
- Сарапшы мамандардың сұхбаты – 35 адам;
- Инфографикалық мәліметтер – 40 адам.

Бұл пікір қорытындысынан қысқа видеосюжеттер мен визуалды мазмұндағы сараптамалардың ақпарат тұтынушыларға деген әсері жоғары екенін көруге болады. Бұдан шығар қорытынды, яғни жұртшылықтың экологиялық сауаттылығын арттыру бағытында қазіргі заманғы медиа тұтыну әдеттеріне ақпарат беру формасын бейімдеу қажеттігін көрсетеді.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу Қазақстан халқының су қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі ақпараттық тұтынушылық деңгейі әлі де жеткіліксіз екенін көрсетті. Респонденттердің тек үштен бірі ғана «су қауіпсіздігі» ұғымын нақты түсіндіре алды, ал қатысушылардың басым бөлігі ақпарат көзі ретінде әлеуметтік желілер мен телебағдарламаларды атады. Бұл біздің еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарының

қоғамдық пікір қалыптастырудағы өздерінің жоғары әлеуетін толық деңгейде пайдалана алмай отырғандығын танытады.

Сондай-ақ, респонденттердің 60%-дан астамы сумен қамту проблемалары жөнінде тек төтенше жағдайлар болғанда ғана (құрғақшылық, ауыз суды беруді тоқтату, судың ластануы және т.б.) ақпарат алатындарын айтты. Экологиялық тақырыптарды үнемі бақылап отырамыз дегендердің үлесі небәрі 25%-дан аз. Ал 18% ғана БАҚ-та су ресурстары тақырыбы жеткілікті деңгейде қамтылады деп санайды. Бұл Қазақстан медиасында бұл мәселенің үзік-үзік әрі үстірт баяндалатынын көрсетеді.

Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылардың айтарлықтай бөлігі егер олар өз әрекеттерінің маңыздылығын түсінсе және жауапкершілік сезінсе, суды үнемдеп пайдалану бастамаларына қатысуға дайын екенін білдірді. Бұл ақпараттық-ағартушылық кампаниялардың маңызын, сондай-ақ экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттігін көрсетеді.

Су қауіпсіздігі мәселесі соңғы жылдары Қазақстан мен Орталық Азия елдері үшін стратегиялық маңызы бар тақырыптардың бірі болып отыр. Бұл мәселе тек экологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылықпен тығыз байланысты. Осы тұрғыда мемлекеттік және жекеменшік бұқаралық ақпарат құралдарының су қауіпсіздігі тақырыбын ұсыну тәсілдерін салыстыру маңызды. Төмендегі кестеде «Хабар» (мемлекеттік арна) мен «Атамекен бизнес» (жекеменшік арна) материалдарының мазмұны мен бағыты талданады.

Кесте – 1. Су қауіпсіздігі мәселесінің БАҚ-та көрініс табуы: салыстырмалы талдау

| Көрсеткіштер           | «Хабар» арнасы (мемлекеттік)                                                       | «Атамекен бизнес» арнасы (жекеменшік)                                 |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|
| Тақырыптық басымдық    | Су ресурстарын тиімді басқару, мемлекет аралық келісімдер, үкіметтік бағдарламалар | Су тапшылығының экономика мен бизнестегі салдары, өңірлік проблемалар |
| Ақпарат көзі           | Министрліктер, халықаралық ұйымдар, ресми баяндамалар                              | Сарапшылар пікірі, кәсіпкерлер, жергілікті қоғам өкілдері             |
| Жаңалықтың форматы     | Ресми жаңалықтар, қысқаша ақпараттық сюжеттер                                      | Талдамалық бағдарламалар, пікірталас форматтары                       |
| Тон және риторика      | Нейтралды, ресми, позитивті                                                        | Сыни, сараптамалық, нақтымысалдарғасүйенген                           |
| Коммуникациялық мақсат | Мемлекеттің бастамалары мен жетістіктерін көрсету                                  | Қоғамдық талқылау тудыру, шешу жолдарын ұсыну                         |
| Қоғамдық әсер          | Ақпараттандыру, мемлекеттік позицияны нығайту                                      | Сын тұрғысынан ойлауға итермелеу, қоғамдық жауапкершілікті арттыру    |

Салыстырмалы деректер көрсеткендей, мемлекеттік арналар көбіне ресми риторикаға сүйеніп, су қауіпсіздігі мәселесін үкімет саясатының бір бөлігі ретінде қарастырады. Бұл ақпараттың сенімділігін арттырғанымен, қоғамдық пікір алуандығын шектейді.

Керісінше, жекеменшік БАҚ тақырыпты әлеуметтік және экономикалық контексте, нақты мысалдар арқылы қарастыруға бейім. Мұндай тәсіл аудиторияның қатысуын арттырып, су қауіпсіздігі мәселесін көпқырлы қоғамдық диалог деңгейіне көтереді.

Бұл айырмашылық медиа кеңістіктегі коммуникациялық стратегияның толық дамымағанын аңғартады. Су қауіпсіздігі тақырыбына арналған материалдар саны артып келе жатқанымен, олардың басым бөлігі фрагментті сипатта, жүйелі сараптамалық зерттеулермен және ғылыми негізделген талдаулармен толық қамтамасыз етілмеген.

2023-2024 жылдар аралығында су қауіпсіздігі тақырыбы бойынша отандық телеарналарда жарияланған материалдар санына талдау жүргізілді. Нәтижесінде, «Хабар» телеарнасында осы тақырыпқа қатысты шамамен 25 сюжет, ал «Атамекен бизнес» арнасында 41 материал жарық көргені анықталды.

Бұл айырмашылық жекеменшік арналардың экологиялық және су қауіпсіздігі тақырыбына деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді, яғни жекеменшік БАҚ көбіне мәселенің әлеуметтік және экономикалық салдарына, экологиялық дағдарыс тәуекелдеріне және аймақтық су тапшылығы мәселелеріне назар аударады.

Ал мемлекеттік арналардағы материалдар санының салыстырмалы түрде аз болуы – су қауіпсіздігі мәселесінің әлі де ресми жаңалықтар деңгейінде ғана қарастырылатынын, қоғамдық пікір тудыру немесе талдау жүргізу бағытында толық дамымағанын көрсетеді. Сондықтан бұл деректер су қауіпсіздігі тақырыбының толық жүзеге асырылмағандығын және оның отандық медиада жеткілікті деңгейде жүйелі түрде көтерілмей отырғанын дәлелдейді.

## **Қорытынды**

Мақаланы жазу барысында су қауіпсіздігі тақырыбының еліміздің БАҚ-тарындағы көрініс табуына орай жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде бұл мәселенің отандық медиадағы көтерілу деңгейі қанағаттанарлық деңгейде деген тұжырым жасалынды.

БАҚ-та су қауіпсіздігі жайлы ақпарат берілгенімен, ол көбіне ресми сипатта қалып, тақырыптың әлеуметтік-экологиялық және ғылыми қырлары жеткілікті ашылмай отыр.

Елімізде су қауіпсіздігі мәселесінің маңыздылығын көпшілікке түсіндіру және қоғамдық деңгейде талқылауда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі маңызды екені мәлім болса да, алайда бұл бағытта мемлекеттік ақпарат тарату саласында жүйелі жұмыстар атқарылмай отыр. Нақтыласақ, су қауіпсіздігін сақтау бағытында отандық БАҚ тарапынан жүйелі әрі сапалы жұмыстар жүргізілуі қажет, мысалы: қоғам өмірінде орын алған проблемаларды тұрақты түрде жариялау, сараптамалық материалдар дайындау, сарапшы мамандармен сұхбаттар өткізу, ең бастысы жұртшылықтың экологиялық білімін жетілдіруге күш салу. Сонымен қатар жүргізілген сауалнама нәтижелері тұрғындардың медиа және экологиялық сауаттылығын арттыру қажеттігін, сондай-ақ журналистер, ғалымдар және бұл бағыттағы мемлекеттік құзырлы органдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту әрі жүйелеу керек екенін көрсетіп берді.

Жаһандық деңгейде күшейіп келе жатқан экологиялық сын-қатерлер жағдайында ақпараттандырылған қоғам ғана су қауіпсіздігіне бағытталған тұрақты шешімдер мен оң өзгерістердің қозғаушы күшіне айнала алатыны дәлелденбес қағида.

## **Авторлардың қосқан үлесі.**

**Қыдырмолданова І.** – мақаланың тұжырымдамасына немесе рәсімделуіне елеулі үлес; зерттеу нәтижелерін жинау, талдау немесе түсіндіру; мәтін жазу және / немесе оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау;

**Ошанова О.** – жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту; жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапты болуға келісім беру, деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына байланысты мәселелерді дұрыс зерттеу және шешу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Прниязова А.Е., Далелхан А., Гусеинова Х. Орталық Азиядағы су қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шешімдер қабылдау мәселелері. Bulletin of the LN Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series. – 2024. – Т. 149. – № 4. – С. 53–70.
2. Сарқытқан Қ., Қабылғазы Қ., Тоқан Р. Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі: экологиялық сын-қатерлер және Қош Тепа каналы. Казахстанское востоковедение. – 2025. – Т. 13. – № 1.
3. Прниязова А., Волков А. Орталық Азиядағы су ресурстарын интеграциялық басқару жөніндегі даулы мәселелер және оларды шешу жолдары. – 2024.
4. Кенжеғали Ж. и др. Орталық Азиядағы су-энергетикалық қатынастар тарихы: табиғи фактор. Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. – 2024. – Т. 11629. – № 4. – С. 52–59.
5. Курбаниязов С., Мамадияров М. Орта Азия мемлекеттерінің су ресурстары бойынша саяси-географиялық келісімдері және олардың шешімдері. 3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация. – 2023. – № 2. – С. 126–135.
6. Куланова Д., Абдикеримова Г., Сатыбекова Э. Орталық Азия су-энергетикалық кешені: одан әрі тиімді даму мәселелері мен шешімдері. Статистика, учет и аудит. – 2023. – Т. 91. – № 4. – С. 21–29.
7. Сарқытқан Қ., Қабылғазы Қ., Тоқан Р. Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі: экологиялық сын-қатерлер және Қош Тепа каналы. Казахстанское востоковедение. – 2025. – Т. 13. – № 1.
8. Орынбаев Ж., Тұмашбай Т. Ұлттық қауіпсіздік контексіндегі су қауіпсіздігі. Қоғам және дәуір. – 2022. – Т. 76. – № 4.
9. Yeralina Z. Y. Коммуникативные особенности проекта «Один пояс – один путь»: контент-анализ. Bulletin of the LN Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series. – 2019. – Т. 129. – № 4. – С. 45–53.
10. Махмудова Л. К., Әлімқұлов С. Қ. Су қауіпсіздігі: форсайт-зерттеулер призмасы арқылы негізгі аспектілер мен перспективалар. Гидрометеорология и экология. – 2024. – № 3 (114). – С. 114–128.
11. Жунусбекова А. Ж. Трансшекаралық су ресурстарын пайдалану бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің өзара әрекет ету мәселелері мен даму болашағы және оларды құқықтық реттеу. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Наука и жизнь Казахстана. Science and Life of Kazakhstan.
12. Soad Matar, Nahla Namdan. Media, Communication and Water Security Crisis. Contemporary Arab Affairs Journal. – 2024. – [Электронды ресурc]. – URL: [https://www.academia.edu/122007374/Media\\_Communication\\_and\\_Water\\_Security\\_Crisis](https://www.academia.edu/122007374/Media_Communication_and_Water_Security_Crisis) (өтініш берген күні: 10.10.2025).
13. Alyssa M. Mayeda, Amanda D. Boyd, Travis B. Paveglio & Courtney G. Flint. Media Representations of Water Issues as Health Risks. Environmental Communication. – 2018. – Vol. 13. – Issue 7. – P. 926–942. – [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/17524032.2018.1513054> (өтініш берген күні: 15.08.2025).
14. Water Resource Management: Our Essential Guide to Water Resource Management Objectives, Policy & Strategies. Aquatech Trade – Water Treatment News. – 2023. – Published on August 1, 2023. – [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.aquatechtrade.com/news/water-treatment/water-resource-management-essential-guide>(өтініш берген күні: 01.09.2025).

15. Су қауіпсіздігі және БАҚ-тағы ақпарат. Сауалнама. <https://forms.gle/9bV55w3qpsX7Xjr26> (өтініш берген күні: 15.12.2025).

**И.С. Кыдырмолданова\*, О.Ж. Ошанова**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

### **Роль СМИ в формировании общественного мнения о водной безопасности в Центральной Азии**

**Аннотация.** Основная цель написания этой статьи выявить влияние средств массовой информации на обсуждение вопросов водной безопасности в странах Центральной Азии. В настоящее время в этих регионах на повестку дня стали ставиться вопросы ограничения водных ресурсов, изменения климата и выхода на передний план трансграничного характера рек, в таких условиях СМИ должны стать инструментом продвижения экологического просвещения, влияния на политику и мобилизации гражданского общества. По этой причине, опираясь на метод анализа контента и результаты социологического опроса, выявлены основные тенденции написания темы водной безопасности в масс-медиах Казахстана. В этой статье также показано, что развитие экологической журналистики и повышение медиаграмотности населения станет предпосылкой для устойчивого решения проблем водной безопасности. Практическим значением исследовательской работы можно назвать использование научных выводов и данных в ходе исследования, а также при написании научных работ и проектов на экологические темы.

**Ключевые слова:** медиа, страны Центральной Азии, водная безопасность, общественное мнение, дискурс, влияние

**I. Kydyrmoldanova\*, O. Oshanova**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **The role of media in shaping public opinion on water security in Central Asia**

**Abstract.** The main purpose of writing this article is identify the influence of the media on the discussion of water security issues in Central Asian countries. Currently, in these regions, issues of limiting water resources, climate change and bringing the transboundary nature of rivers to the fore have begun to be put on the agenda. In such conditions, the media should become a tool for promoting environmental education, influencing politics and mobilizing civil society. For this reason, based on the method of content analysis and the results of a sociological survey, the main trends in writing the topic of water security in the mass media of Kazakhstan have been identified. This article also shows that the development of environmental journalism and the improvement of media literacy among the population will be a prerequisite for a sustainable solution to water security problems.

The practical significance of research work can be called the use of scientific conclusions and data in the course of research, as well as in writing scientific papers and projects on environmental topics.

**Key words:** media, Central Asian countries, water security, public opinion, discourse, influence

## References

1. Prniyazova A.E., Dalelkhan A., Guseinova Kh. Problemy prinyatiya resheniy po obespecheniyu vodnoy bezopasnosti v Tsentral'noy Azii [Issues of decision-making on ensuring water security in Central Asia], Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series, 149(4), 53–70 (2024). [in Russian]
2. Sarkytkan K., Kabylgazy K., Tokan R. Vodnaya bezopasnost' v Tsentral'noy Azii: ekologicheskie vyzovy i kanal Kosh Tepa [Water security in Central Asia: environmental challenges and the Kosh Tepa canal], Kazakhstanskoe vostokovedenie, 13(1) (2025). [in Russian]
3. Prniyazova A., Volkov A. Spornye voprosy integratsionnogo upravleniya vodnymi resursami v Tsentral'noy Azii i puti ikh resheniya [Controversial issues of integrated water resource management in Central Asia and ways to solve them] (2024). [in Russian]
4. Kenzhegali Zh. et al. Istoriya vodno-energeticheskikh otnosheniy v Tsentral'noy Azii: prirodnyy faktor [History of water-energy relations in Central Asia: the natural factor], Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriya. Filosofiya, 11629(4), 52–59 (2024). [in Russian]
5. Kurbaniyazov S., Mamadiyarov M. Politiko-geograficheskie soglasheniya gosudarstv Sredney Azii po vodnym resursam i ikh resheniya [Political-geographical agreements of Central Asian states on water resources and their solutions], 3i: intellect, idea, innovation, 2, 126–135 (2023). [in Russian]
6. Kulanova D., Abdikerimova G., Satybekova E. Vodoenergeticheskiy kompleks Tsentral'noy Azii: voprosy dal'neyshego effektivnogo razvitiya i resheniya [Water-energy complex of Central Asia: issues and solutions for further effective development], Statistika, uchet i audit, 91(4), 21–29 (2023). [in Russian]
7. Sarkytkan K., Kabylgazy K., Tokan R. Vodnaya bezopasnost' v Tsentral'noy Azii: ekologicheskie vyzovy i kanal Kosh Tepa [Water security in Central Asia: environmental challenges and the Kosh Tepa canal], Kazakhstanskoe vostokovedenie, 13(1) (2025). [in Russian]
8. Orynbayev Zh., Tumashbay T. Vodnaya bezopasnost' v kontekste natsional'noy bezopasnosti [Water security in the context of national security], Obshchestvo i epokha, 76(4) (2022). [in Russian]
9. Yeralina Z.Y. Kommunikativnye osobennosti proekta «Odin poyas – odin put'»: kontent-analiz [Communicative features of the “One Belt – One Road” project: content analysis], Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series, 129(4), 45–53 (2019). [in Russian]
10. Makhmudova L.K., Alimkulov S.K. Vodnaya bezopasnost': osnovnye aspekty i perspektivy cherez prizmu forsayt-issledovaniy [Water security: key aspects and prospects through the prism of foresight studies], Gidrometeorologiya i ekologiya, 3(114), 114–128 (2024). [in Russian]
11. Zhunusbekova A.Zh. Problemy i perspektivy vzaimodeystviya gosudarstv Tsentral'noy Azii po ispol'zovaniyu transgranichnykh vodnykh resursov i ikh pravovoe regulirovanie [Problems and prospects of cooperation among Central Asian states on the use of transboundary water resources and their legal regulation], Nauka i zhizn' Kazakhstana. Science and Life of Kazakhstan (no date). [in Russian]
12. Soad Matar, Nahla Namdan. Media, Communication and Water Security Crisis // Contemporary Arab Affairs Journal. – 2024. Available at: [https://www.academia.edu/122007374/Media\\_Communication\\_and\\_Water\\_Security\\_Crisis](https://www.academia.edu/122007374/Media_Communication_and_Water_Security_Crisis)(accessed 10 Oct 2025).
13. Alyssa M. Mayeda, Amanda D. Boyd, Travis B. Paveglio & Courtney G. Flint. Media Representations of Water Issues as Health Risks // Environmental Communication. – 2018. – Vol. 13. – Issue 7. – P. 926–942. Available at: <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/17524032.2018.1513054>(accessed 15 Aug 2025).
14. Water Resource Management: Our Essential Guide to Water Resource Management Objectives, Policy & Strategies // Aquatech Trade – Water Treatment News. – 2023. – Published on August 1, 2023.

Available at: <https://www.aquatechtrade.com/news/water-treatment/water-resource-management-essential-guide> (accessed 01 Sep 2025).

15. Water Security and Media Information. A Survey. Available at: <https://forms.gle/9bV55w3qpsX7Xjr26> (accessed 15.12.2025)

### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Қыдырмолданова І.С.** – хат-хабар авторы, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының докторанты, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы қ., Қазақстан.

**Ошанова О.Ж.** – қауымдастырылған профессор, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы қ., Қазақстан.

### **Сведения об авторах:**

**Кыдырмолданова И.С.** – автор для корреспонденции, докторант кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, факультет Журналистики, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, г. Алматы, Казахстан.

**Ошанова О.Ж.** – ассоциированный профессор, заведующая кафедрой ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, факультет журналистики, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, г. Алматы, Казахстан.

### **Information about the authors:**

**Kydyrmoldanova I.** – corresponding author, PhD student, Department UNESCO Chair in Journalism and Communication, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Kazakhstan.

**Oshanova O.** – Associate Professor, Head of Department UNESCO Chair in Journalism and Communication, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Kazakhstan.



XFTAP19.01.07  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-93-104>

## Copywriting and Rewriting in Digital Media: Professional Differences and Ethical Issues

G.S. Amangeldiyeva<sup>\*1</sup>, N.M. Abikeyeva<sup>2</sup>, G.K. Yertassova<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan

(E-mail: \*gulmirasabyr8@gmail.com, botawkan@mail.ru, guljaz-1105@yandex.kz)

**Abstract.** This article examines copywriting and rewriting as professional practices in the digital media landscape, emphasizing their functional distinctions, methodological attributes, and ethical considerations. The study examines the historical evolution of copywriting, the transformation of textual production in the context of social media and digital platforms, and the growing role of rewriting in contemporary content markets. Using qualitative analysis, comparative methods, and normative evaluation, the research identifies key distinctions between original authorial writing and text transformation based on existing sources. The findings demonstrate that copywriting functions as a strategic and creative form of persuasive communication, whereas rewriting primarily serves adaptive and technical purposes related to content accessibility and optimization. At the same time, professional rewriting requires a high level of language skill and goes beyond just changing the text. Special attention is given to ethical challenges associated with rewriting practices, including issues of authorship, content duplication, misleading advertising, and the use of artificial intelligence in text generation. The results contribute to clarifying professional boundaries between copywriting and rewriting and emphasize the importance of ethical standards and transparency in digital communication.

**Keywords:** copywriting, rewriting, digital media, social media, ethics, professional practices

### Introduction

Journalistic research and persuasive, audience-oriented writing became closely interconnected beginning in the 1920s. However, according to major historical studies, the origins of copywriting can be traced back to 1605. This period marked the emergence of mass printing processes for periodicals. Newspapers began to be produced in large quantities and sold on street corners, significantly expanding public access to printed information. As a result, the range of regions and audiences available for analytical observation and research increased,

Received: 26.11. 2025; Accepted: 16.12. 2025; Available online: 31.12.2025

since these groups were able to obtain newspapers with relative ease. With the widespread diffusion of the Internet in the late 1990s, copywriting experienced a renewed phase of development. Digital technologies made the dissemination of information and the promotion of products and services more accessible, efficient, and convenient. Consequently, copywriting evolved alongside the digital era and re-entered contemporary communication practices. Nevertheless, due to limited attention to its historical roots, copywriting is often mistakenly perceived as a professional activity that emerged only within the last two decades.

Today, copywriting has become an established professional field with a defined structure and multiple specialized directions. It includes both core and auxiliary areas of practice that continue to expand in response to technological innovation and market demand. According to Google Trends data, global search queries related to “neurocopywriting” increased by approximately 50 percent between 2020 and 2023 [1, 242].

Filling a website with content is a crucial and indispensable stage in website development. There are numerous ways to obtain unique textual content, some of which require significant time investment, while others involve considerable financial costs. In this context, alongside copywriting, rewriting has emerged as a widely used practice. Scholars note that “rewriting involves the creation of content designed primarily for search engines. This process entails rewriting source material through the use of alternative linguistic tools. However, the task is far from simple, as the level of textual uniqueness and quality depends not only on the client’s requirements but also on the professional competence of the performer” [2]. In the process of preparing this article, an in-depth examination of widely applied copywriting and rewriting methods was conducted, drawing upon established theoretical frameworks. Through the comparison and analysis of various methodological approaches, five core formulas for text creation were identified, accompanied by relevant definitions and illustrative examples. Based on analytical methods, the key structural components of commercial texts were determined. Each of these copywriting formulas can be commissioned and implemented through copywriting exchanges.

## Methodology

This study applies a qualitative research design to examine the professional distinctions between copywriting and rewriting in the context of digital media. The methodology is based on content analysis and comparative analysis, enabling the identification of functional, structural, and stylistic differences between original and transformed texts. The empirical material consists of selected digital media texts produced for websites, social networks, and copywriting platforms. Text samples were analyzed according to their communicative purpose, degree of originality, and persuasive intent. Comparative analysis was used to assess differences in narrative structure, semantic modification, and authorial presence. In addition, a normative-analytical approach was employed to address ethical aspects of rewriting, including issues of authorship, copyright, and information reliability. The combination of analytical and evaluative methods ensures the validity of the findings and their relevance to contemporary digital communication research.

## Literature Review

Copywriting research primarily conceptualizes the field as a strategic form of persuasive communication aimed at influencing audience behavior and shaping brand perception. Kot

[1] stresses that copywriting is based on psychology and values and that it helps build trust and emotional connections. Kennedy and Welsh-Phillips [2] extend this perspective to digital environments, demonstrating how copywriting operates as a core instrument within social media marketing and audience engagement strategies. Historical and professional perspectives on copywriting are presented in *The Copy Book* [3], which frames copywriting as a creative discipline shaped by advertising culture and evolving media technologies. Schultz's integrated marketing model positions copywriting as a unifying element within coordinated branding and communication systems. Recent studies address the impact of generative artificial intelligence on copywriting practices, noting shifts in professional expectations and emerging ethical challenges [4]. Sugarman's foundational work remains influential in defining core principles of persuasive advertising writing, including clarity, emotional appeal, and behavioral motivation [5]. Despite extensive research on copywriting, rewriting remains insufficiently examined, particularly with regard to its ethical and professional differentiation in digital media.

## Results and Discussion

Copywriters generally operate according to two distinct professional approaches. The first approach involves strict compliance with a predefined technical brief. In such cases, clients or partners provide detailed technical instructions—commonly referred to in professional practice as a technical task (TT)—which the copywriter is required to follow precisely. This model leaves no room for deviation or strategic interpretation, as considerations related to communicative goals, content placement, or the persuasive role of the text are excluded from the copywriter's responsibilities. The second approach is based on independently addressing the client's broader objectives. Here, copywriting extends beyond text production to include increasing product or service sales, strengthening audience trust, and providing comprehensive responses to user needs [6]. Copywriters working within this framework are responsible for motivating specific user actions, such as purchasing a product, following hyperlinks, subscribing to a platform, or engaging with branded content. Effective text production further requires adherence to structural principles, including word count limitations and the use of short, clearly segmented paragraphs. Concise presentation and logical division of information facilitate systematic comprehension and improve information retention among readers.

Copywriters can be classified into several categories according to technical requirements (Table 1).

**Table 1. Areas of Copywriters' Professional Activity**

|                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Agency Copywriters    | Agency copywriters work full-time and provide services to multiple clients. They are involved in complex and creative projects aimed at developing a distinctive brand voice for each client. Such copywriters typically work across a wide range of projects, including social media posts, advertising copy, and website content. |
| Corporate Copywriters | Corporate copywriters typically hold permanent positions and focus on writing about the products or services offered by the corporation they represent. These roles are generally more consistent in subject matter and require a lower degree of creative variation. In this capacity, corporate copywriters work in close         |

|                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|-----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                       | collaboration with marketing, product development, and sales departments to ensure alignment with the company's branding and strategic objectives. Unlike agency copywriters, their texts are less diverse and primarily oriented toward promoting the company's own products and services.                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Freelance Copywriters | Freelance copywriters enjoy a high degree of autonomy in terms of topic selection, project type, and time allocation. Their work schedules are highly flexible, allowing them to manage workload independently. Depending on professional experience, freelance copywriters can set their own rates, choose flexible working arrangements, and collaborate with clients from diverse industries. This autonomy facilitates the development of a strong professional portfolio, which in turn increases opportunities to work with higher-paying clients. |

A rewriter is a professional engaged in rewriting activities. The primary responsibility of a rewriter is to reproduce a text while maintaining content quality and complying with originality requirements. Rewriters may work across various sectors, including marketing, journalism, and digital media. Unlike copywriting, rewriting does not involve introducing the author's personal interpretations, judgments, or opinions into the text.

Rewriting assignments are typically based on multiple source materials obtained from online or external resources rather than a single original text. In most cases, the length of the rewritten text corresponds to that of the source material, although expanded versions may be permitted, which facilitates content development through the use of additional references.

Basic rewriting techniques include transforming direct speech into indirect speech, restructuring sentence patterns, employing synonyms, rearranging sentences and paragraphs, and eliminating redundant lexical elements to improve clarity and readability (Table 2).

**Table 2. Rewriting is generally classified into two main types: simple rewriting and complex rewriting.**

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Simple Rewriting  | Simple rewriting refers to the substitution of words in the source text with synonyms in order to increase formal textual uniqueness for search engines. This approach is primarily used to ensure that the generated text is recognized as original by automated systems. However, such content can hardly be considered professional, as the source text remains easily identifiable. Consequently, reputable platforms and content owners generally avoid this type of rewriting. |
| Complex Rewriting | Complex (in-depth) rewriting, by contrast, involves the transformation of an existing text while preserving its core ideas and conceptual structure. In some cases, textual originality is enhanced through the use of multiple source materials rather than a single reference. This form of rewriting closely resembles copywriting; however, the key distinction lies in the absence of the author's personal opinions or interpretations.                                        |

### **Ethical Issues of Rewriting in the Media Environment**

Many marketing agencies and online stores in Kazakhstan rewrite and republish each other's product descriptions, advertising slogans, and service descriptions. On platforms such as OLV, Kolesa.kz, and Krishna.kz, product and service descriptions are sometimes repeated verbatim or in slightly modified, rewritten versions. In some marketing agencies (including SMM service sales and targeted advertising landing pages), the use of "similar" versions of texts taken from other agencies' websites is frequently observed.

This practice contradicts fair competition, as the work of the original author is not properly recognized.

Use of rewritten texts from competing brands

For example:

a) The beauty and cosmetics industry. Online cosmetic stores in Kazakhstan often take the official description provided by a manufacturer and rewrite it in their style; for instance, "moisturizes, nourishes, refreshes" → "deeply nourishes the skin and retains moisture for a long time."

Although this practice may not appear to violate copyright, it can mislead consumers, as unofficial and potentially inaccurate information is presented.

b) Competing SMM agencies. A claim published on one agency's website, such as:

"We increase sales threefold in 30 days."

may be rewritten by another agency as:

"We significantly increase sales within one month."

This constitutes misleading claims and represents an ethically sensitive issue.

Rewriting on marketplace platforms (Kaspi.kz / Wildberries / Lamoda)

Sellers on marketplace platforms often rewrite and reuse:

- the official text provided by the manufacturer;
- descriptions created by other sellers;
- texts taken from foreign websites.

As a result, false or distorted information about a single product may circulate, leading to the spread of misinformation and violations of copyright.

False "expert" advertising

A common situation in Kazakhstan involves one website publishing advertising-article texts such as "10 methods..." or "The best product..." while another website rewrites and republishes the same content.

Examples include:

- advertisements by financial advisors;
- weight loss products;
- cosmetic procedures;
- online courses.

Risks include:

- dissemination of information without scientific evidence;
- multiplication of fake reviews through rewriting;
- advertising based on non-authentic or misleading expert evaluations.

AI-generated rewriting (AI-generated advertisements)

Between 2023 and 2025, business owners in Kazakhstan increasingly began using ChatGPT to rewrite or generate advertising texts.

Resulting issues include:

- unclear origin of the source information;
- multiple companies using texts with an identical stylistic pattern;
- lack of copyright compliance;
- absence of fact-checking;
- violation of ethical standards of competition.

Several articles addressing this issue have been published in Kazakhstani media, including: “How Has Artificial Intelligence Changed Advertising?”, “Artificial Intelligence and New Journalism,” “How Artificial Intelligence Is Transforming Education,” “Let Us Beware of Appropriating Human Labor...,” and Copied Free Birds: Plagiarism Allegations Hit Kazakhstan’s Government Again. These publications contain analytical materials and expert opinions (KazGazeta, Ana Tili, Turkistan, Analitika.kz, The Diplomat.com, etc.).

The analyzed cases demonstrate that rewriting practices in digital media often extend beyond technical text adaptation and become instruments of ethical manipulation. Rewritten advertising claims, modified product descriptions, replicated marketplace content, and AI-generated texts reveal a systematic tendency toward semantic distortion while formally preserving textual uniqueness. Such practices blur the distinction between legitimate content adaptation and misleading communication [7]. The findings indicate that the ethical risks of rewriting are most pronounced in advertising-driven environments, where competitive pressure incentivizes exaggerated promises and content duplication. The absence of transparent authorship, reliable fact-checking, and clear source attribution undermines trust in digital media and challenges principles of fair competition. Moreover, the increasing use of artificial intelligence amplifies these risks by obscuring responsibility for content accuracy and originality.

Overall, the examined cases confirm that rewriting should be evaluated not only through technical originality metrics but also through ethical criteria, including transparency, accountability, and respect for intellectual property [8]. Without these standards, rewriting practices may contribute to the erosion of information credibility in digital communication.

When a client provides clear technical requirements (TT) for a text and explains in detail the desired style of presentation, the work process becomes more efficient. Search engine indexing rules specify that a text should contain at least three thousand characters; the title must include a keyword; and the first paragraph should contain the keyword and not exceed 250 characters [9].

### **Copywriting and Rewriting: Conceptual Distinctions and Professional Practices**

The classical definition of copywriting refers to the creation of an original authorial text based on personal knowledge, professional expertise, and life experience. Copywriting requires an individual authorial voice and entails strategic decision-making concerning audience engagement, persuasion, and communicative intent. As a result, copywriting is traditionally associated with creativity, originality, and responsibility for the final communicative effect of the text. Rewriting, by contrast, is defined as the process of reproducing any text–based on one or more information sources–using alternative linguistic forms while preserving its semantic content. Rewriting has become very popular among website owners and digital content creators because it is easier to get and cheaper than other services [10]. The widespread use of rewriting is largely driven by the need to ensure textual uniqueness for search engines while maintaining informational relevance. A fundamental distinction between rewriters and copywriters lies in income level, text quality expectations, and professional experience. Due to the lower entry

threshold, beginners often start their careers in rewriting, performing tasks such as synonym substitution, sentence reordering, and surface-level textual modification. However, specialists emphasize that rewriting should not be regarded as an inferior form of content production. On the contrary, professional rewriting requires advanced linguistic competence and analytical skills and may be valued no less highly than original authorial writing [11]. In practice, the primary objective of rewriting is to enhance readability and comprehension, particularly when complex or technical information must be presented in accessible language. This task becomes especially challenging when the target audience lacks relevant background knowledge, thereby placing significant responsibility on the rewriter. Experienced professionals are capable of transforming a source text to such an extent that its rewritten version is not recognizable even to the original author. For this reason, qualified rewriters are highly valued in the digital content market. Professional copywriters argue that the key difference between copywriting and rewriting lies not in the quality of output but “solely in the method of article creation” [12].

Another essential distinction is that rewriting involves producing a new, unique text based on an existing article. Depending on the thematic focus and source material, the rewritten text may differ substantially from the original version. In most cases, clients provide the source text themselves, which simplifies the technical aspect of the task. However, clients may also request professional rewriting, which implies a more profound transformation of the text rather than mere synonym substitution. In such cases, the rewriter is expected to preserve meaning while fundamentally restructuring the content. Professional rewriting typically relies on working with multiple sources simultaneously. Articles synthesized from three or four texts tend to be more informative and demonstrate a higher level of originality. As researchers note, “although rewriting may appear to be an effortless task, without a rich command of language it yields no meaningful results” [11]. From a methodological perspective, rewriting employs three core techniques. The first is shallow rewriting, also referred to as synonymization, which involves replacing lexical units with their synonyms. This method is the least expensive and often results in minimal transformation. The second technique involves reordering words, sentences, and paragraphs, allowing for the creation of more engaging and structurally distinct texts. The third and most advanced method is paraphrasing while preserving the core idea of the article. This method necessitates meticulous examination of the source material, judicious exclusion or inclusion of information, and the conversion of direct speech into indirect speech, culminating in the creation of a novel text.

The rewriting process itself must comply with several quality requirements. High-quality rewritten content should demonstrate a high degree of originality, avoid unsupported assumptions and excessive “water” (content without semantic value), and contain no factual inaccuracies. For improved readability, texts should have a clear structure, divided into subheadings and organized through numbering or bullet points. Only by mastering these professional competencies can a rewriter produce content that meets both technical and qualitative standards. When restructuring an article, it is essential to conduct a thorough analysis of the source material to determine which elements can be modified. This may include merging similar or overly brief subheadings, eliminating repetitive information, and reorganizing the internal structure of the text. Prior to making such changes, the client’s preferences should be clearly established. In many cases, particularly for SEO, high-frequency keywords are retained in titles and subheadings, as preserving original keyword placement contributes to search engine visibility.

Copywriting in social media has several distinctive features. In particular, an effective message encourages a potential client to perform specific goal-oriented actions. In other words, an entrepreneur may not necessarily need to create a corporate website or an online store: a well-promoted account on Instagram (or any other popular platform) can successfully convert its audience into buyers of products or services. An experienced author works not only with text input but also with graphic editors, settings, and metrics used to monitor user engagement. The services of versatile copywriters are naturally more expensive than those of basic content writers; however, these costs are justified by the high-quality results delivered by professional content marketers. The effectiveness of advertising campaigns on social media largely depends on selecting the appropriate social media platform. A competent copywriter-marketer or rewriter, being familiar with the specific characteristics of each major social network or messenger, is able not only to produce text but also to adapt it to a particular channel. Such work is always oriented toward a clearly defined target audience. Entrepreneurs who choose to develop their business through social media should understand that copywriting and SMM, despite their similarities, are not identical concepts.

Social media copywriting represents only one tool within a broader marketing strategy. Its effective use largely depends on the involvement of qualified and experienced SMM specialists. Copywriting activity is particularly intensive within Facebook communities. In these spaces, significant engagement can be achieved not through visual content but by expressing a concise opinion on a socially relevant issue, which encourages comments and sharing. James Caan, whose current income exceeds 100 million dollars, attributes his success to his father's advice: "Observe what the majority is doing and act in the opposite way" [2]. This strategy aims to provoke discussion. According to Sarah Sal, who has collaborated with Agorapulse, AdEspresso, AdWeek, Blitzmetrics, Copyhackers, and John Loomer, promoted companies such as Strategyzers, ClickFunnels, AdEspresso, and Hootsuite, and participated in Perry Marshall's Facebook advertising webinars, Facebook advertising copy should be extremely concise. If a copywriter is able to reduce a prepared text by an additional 10–50 percent, they can be considered a truly professional copywriter.

An ideal business development platform for the SMM Facebook copywriter. Unlike Instagram, there is an expanded list of features here. Facebook and Instagram posts. If short texts are better suited for Instagram, you can create long messages on Facebook. Surveys, sweepstakes, promotions, and other events work well.

«Every time when says, «my campaign (a business campaign that targets Facebook) has become less effective, Facebook must have changed its algorithms!» I say, «If I had even 1 dollar, I would be rich, drinking Teguanyin tea every day! Although this type of Chinese oolong tea sells for \$3,000 per kilogram!»- says Sarah Sal, a Facebook advertising expert, professional copywriter, and targetologist [12]. The idea here is that even if Facebook or another platform changes its algorithm, a professional copywriter can post their ads. For information, in a campaign that sends targeted ads to Facebook, you must pay at least \$1 per 1 day for each ad. Hence, the fact that Sarah Sal says, «If I have 1 dollar».

Facebook's algorithm imposes restrictions on copywriters in numerous instances. A copywriter does not become targeted, even if it is written in accordance with the requirements (hidden advertising text), or collects fewer comments if it is written as a simple post (opinion is central to a copywriter's Facebook text). In this situation, Facebook has an alternative text recording feature. In this alternative, with a neatly made tool, everyone, even visually impaired people, has the opportunity to share notes. So, what is an alternative text? This is a hidden

description of the image that readers on the screen can read. This description helps blind or visually impaired people understand the text of the image. By adding alternative text, a copywriter can make their content more accessible to a wider audience, as well as provide a great experience, demonstrating that the brand is responsible for a social issue.

The practice of rewriting advertising texts is widespread in Kazakhstan's digital market and raises significant concerns regarding media ethics and information reliability. Repetitive content across platforms, the reuse of manufacturers' texts without modification, or identical advertising claims by competing websites may mislead audiences and increase the risk of consumer rights violations. In such cases, the legal responsibility of advertisers and agencies becomes increasingly relevant, as the unauthorized use of authorial texts may violate intellectual property norms. Misleading or manipulative advertising undermines public trust in information and hinders the development of high-quality content production. Therefore, ethical rewriting—based on transparency and legal compliance—constitutes a fundamental condition for the fair and responsible development of advertising communication. The professional activities of copywriters and rewriters have emerged as a result of contemporary demands for sales-oriented textual content. The operation of various content exchanges has not only accelerated the development of this field but has also created a competitive professional environment. This, in turn, has contributed to the enhancement of qualifications among copywriting and rewriting specialists and has opened up broader professional opportunities.

## **Conclusion**

The analysis demonstrates that copywriting and rewriting occupy different yet complementary positions within the digital content production ecosystem. Copywriting is primarily oriented toward originality, persuasion, and strategic audience engagement, relying on the author's expertise, creativity, and responsibility for communicative outcomes. Rewriting, in contrast, focuses on semantic transformation, accessibility, and technical adaptation of existing texts, often serving the needs of search engine optimization and content scalability. Despite its perception as a less complex activity, rewriting requires high levels of linguistic proficiency, analytical thinking, and ethical awareness, particularly when multiple sources are involved. Professional rewriting extends far beyond superficial text modification and may involve deep structural transformation while preserving original meaning. Because of this, rewriting should be seen as a professional skill rather than just a technical task. The study also shows that the common use of rewriting in social media, marketplaces, and advertising settings raises serious moral issues. Content duplication, misleading claims, and AI-generated rewriting practices challenge principles of authorship, transparency, and fair competition. These issues highlight the growing need for regulatory awareness and ethical responsibility among content producers, agencies, and digital platforms. In general, the results show that it is important to make a clear distinction between copywriting and rewriting in both academic research and professional practice. Strengthening ethical standards, enhancing professional competencies, and critically assessing the role of artificial intelligence are essential conditions for the sustainable development of digital communication and content production in contemporary media environments.

## **The contribution of the authors:**

**Amangeldieva G.S.** – article writing, in-depth analysis of the research, comparative study with scientific sources, and supplements.

**Abdikeyeva N.M.** – data collection, sociological research, results analysis, and data visualization.

**Yertassova G.K.** – critical review of the article, bibliographic analysis, and adaptation to technical requirements.

## References

1. Kot D. PRO kopirajting «Kak prodats' kots» [Like D. PRO copywriting "How to sell a corner"]. (Piter, 2022, 220 p.) [in Russian].
2. Kennedy Dan, Welsh-Phillips Kim. Hard SMM. Get the most out of social media. Entrepreneur Media, Inc., 344 (2015).
3. D&AD. The Copy Book. Taschen. 544(2024).
4. Don E. Schultz. Integrated Marketing Communications: Putting It Together & Making It Work 1st Edition. 218 p.
5. Vicsek, Lilla, Pinter, RobertbSend mail to Pinter R. Bauer, Zsófia. Shifting job expectations in the era of generative AI hype – perspectives of journalists and copywriters. International Journal of Sociology and Social Policy. 45. (2025). <https://doi.org/10.1108/IJSSP-05-2024-0231>
6. Joseph Sugarman. The Adweek Copywriting Handbook: The Ultimate Guide to Writing Powerful Advertising and Marketing Copy from One of America's Top Copywriters. Paperback. 368(2006).
7. Michael Masterson, Mike Palmer. Copy Logic! The New Science of Producing Breakthrough Copy. by American Writers & Artists Inc. 119(2009).
8. Fernández-Cavia, José, Playing With Words: The Use of GenAI by Advertising Copywriters. AI Impacts on Branded Entertainment and Advertising. 191(2025). <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-3799-8>
9. Robles, Vincent D. Caveat Emptor: How Lay Technical and Professional Communicators Sell Technical Products in C2C E-Commerce. // IEEE Transactions on Professional Communication. 384(2019). <https://doi.org/10.1109/TPC.2019.2946940>
10. Gnezdilova E.V., Selezneva L.V. Copywriting in Online Education. Proceedings of the 2019 IEEE International Conference Quality Management, Transport and Information Security, Information Technologies IT and QM and IS. 603(2019). DOI:<https://doi.org/10.1109/ITQMIS.2019.8928290>
11. Nomen A. Rewriting as a business. How to become an online marketing shark. Ridero. (2017).
12. Jesse Stricciola, Eric Enge, Stefan Spencer. The Art of SEO: Mastering Search Engine Optimization (3ed) 816(2020).

**Г.С. Амангелдиева<sup>1</sup>, Н.М. Әбікеева<sup>2</sup>, Г.Қ. Ертасова<sup>3</sup>**

<sup>1,3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,  
Қарағанды, Қазақстан

## Цифрлық медиадағы копирайтинг пен рерайтинг: кәсіби айырмашылықтар және этикалық мәселелер

**Аңдатпа.** Бұл мақалада цифрлық медиа кеңістігіндегі копирайтинг пен рерайтинг кәсіби тәжірибелер ретінде қарастырылып, олардың функционалдық айырмашылықтары, әдіснамалық ерекшеліктері және этикалық мәселелері талданады. Зерттеуде копирайтингтің тарихи қа-

лыптасуы, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар жағдайындағы мәтін өндірісінің трансформациясы, сондай-ақ қазіргі контент нарығындағы рерайтингтің рөлі сарапталады. Зерттеу барысында сапалық талдау, салыстырмалы әдіс және нормативтік бағалау тәсілдері қолданылды. Нәтижелер копирайтингтің стратегиялық әрі креативті ықпал ету құралы екенін, ал рерайтингтің негізінен мәтінді бейімдеу мен техникалық оңтайландыру функцияларын атқаратынын көрсетеді. Сонымен қатар кәсіби рерайтинг жоғары тілдік құзыреттілікті талап ететінін және оны механикалық мәтін өңдеумен шектеуге болмайтынын дәлелдейді. Мақалада рерайтингке қатысты авторлық құқық, контенттің қайталануы, жалған жарнама және жасанды интеллект арқылы мәтін генерациялау мәселелері секілді этикалық тәуекелдерге ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижелері цифрлық коммуникация саласында копирайтинг пен рерайтингтің кәсіби шекараларын айқындауға және этикалық стандарттардың маңызын күшейтуге бағытталған.

**Түйін сөздер:** копирайтинг, рерайтинг, цифрлық медиа, әлеуметтік желілер, этика, кәсіби тәжірибе

**Г.С. Амангелдиева<sup>1</sup>, Н.М. Абикеева<sup>2</sup>, Г.К. Ертасова<sup>3</sup>**

<sup>1,3</sup>*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

<sup>3</sup>*Карагандинский национальный исследовательский университет*

*им. академика Е.А. Букетова, Казахстан, Караганда*

### **Копирайтинг и рерайтинг в цифровых медиа: профессиональные различия и этические проблемы**

**Аннотация.** В статье рассматриваются копирайтинг и рерайтинг как профессиональные практики в цифровом медиапространстве, анализируются их функциональные различия, методологические особенности и этические аспекты. Исследование охватывает историческое развитие копирайтинга, трансформацию производства текстового контента в условиях социальных сетей и цифровых платформ, а также роль рерайтинга на современном рынке контента. В ходе исследования применялись методы качественного анализа, сравнительного подхода и нормативной оценки. Полученные результаты показывают, что копирайтинг функционирует как стратегический и креативный инструмент persuasive-коммуникации, тогда как рерайтинг в основном выполняет адаптивные и технические функции, связанные с доступностью и оптимизацией контента. Вместе с тем профессиональный рерайтинг требует высокого уровня языковой компетентности и не может сводиться к механической переработке текста. Особое внимание уделяется этическим проблемам, связанным с практиками рерайтинга, включая вопросы авторства, дублирования контента, вводящей в заблуждение рекламы и использования технологий искусственного интеллекта при генерации текстов. Результаты исследования способствуют уточнению профессиональных границ между копирайтингом и рерайтингом и подчеркивают значимость соблюдения этических стандартов в цифровой коммуникации.

**Ключевые слова:** копирайтинг, рерайтинг, цифровые медиа, социальные сети, этика, профессиональная практика

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Амангелдиева Г.С.** – хат-хабар авторы, PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Әбікеева Н.М.** – аға оқытушы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан.

**Ертасова Г.Қ.** – аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Сведения об авторах:**

**Амангелдиева Г.С.** – автор для корреспонденции, PhD, и.о.доцента, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Абикеева Н.М.** – старший преподаватель, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

**Ертасова Г.К.** – старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Information about the authors:**

**Amangeldieva G.S.** – corresponding author, PhD, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Abikeeva N.M.** – Senior Lecturer, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan.

**Yertassova G.K.** – Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



XFTAP 14.15.07

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-105-119>

## Интерактивті оқыту стратегиясын жүзеге асыру жолдары: журналистика, филология және техникалық мамандықтар үлгісінде

А. Сайлауқызы\*<sup>1</sup>, Л.С. Сыздықова<sup>2</sup>, Г.Б. Түсіпова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>Maqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Алматы Технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: \*alma.sailaukyzy@gmail.com, laila.ss1973@gmail.com, gulshat.bakyt24@gmail.com)

**Аңдатпа.** Интерактивті оқыту стратегиясы – соңғы онжылдықта білім беру саласының барлық түрінде белсенді қолданылып жатқан кең мағыналы ұғым. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру процесінің әдістерін заманға сай үздіксіз жаңарту, жетілдіру, дамыту және толықтыру – білікті маман даярлау арқылы қоғам дамуының талабына сай болудың маңызды шарты. Заманауи педагогика арқылы кәсіби білім беру құралдарының бірі – инновациялық технологиялар, ендеше оқытушылар мен студенттердің өзара қарым-қатынасының жаңа тәсілдері мен әдістері толассыз ізденісті, сараптауды және зерделеуді талап ететіні анық. Мультимедиялық, интерактивті, цифрлық және коммуникациялық технологиялар дәуірінде халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындау және олар оқитын білім бағдарламаларының сапасын арттыру бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды. Ғылыми мақалада оқытудың дәстүрлі формаларына негізделіп отырып жетілдірілген, сондай-ақ цифрлық технологияның дамуымен бірге пайда болған инновациялық және интерактивті оқыту әдістерінің сипаты, мақсаты мен ерекшеліктері сарапталады. Журналистика, филология және технология мамандықтарын меңгеріп жатқан білім алушыларға қолданылатын тиімді әдістер сараланып, салыстырыла пайымдалады. ХХІ ғасыр талап етіп отырған сыни ойлай білу, оперативтілік, өндіріске бағытталу, креативтілік сынды қасиеттерді студенттердің бойында шыңдау барысында оқытушыға да қойылатын талап-шарттар, заманға сай дағдылар сипатталады.

**Түйін сөздер:** интерактивті оқыту, педагогикалық инновация, заманауи әдістер, стратегиялар, жаңа технологиялар.

### Кіріспе

Жоғары білім саласы тұрақты ізденіс пен үздіксіз толықтыруды енгізуге негізделген сипатқа ие десек, соңғы жылдардағы цифрлық тың мүмкіндіктердің арқасында бұл кеңістікке әлеуметтік-коммуникациялық қыры айқын, ұйымдастыру мен басқару мазмұны

Түсті: 6.11.2025; Мақұлданды: 17.12.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

өзгерген, техникалық және технологиялық жаңалықтар қарқынды еніп жатқанын байқаймыз. Әлеуметтік инновацияның бір түрі – педагогикалық инновация. Сол арқылы қоғамның жас өкілдері заманға сай білім алып, білікті кадр болып шыға алады.

Педагогикалық инновация – осы саладағы жаңалық, білім беру ортасы мен оның жеке құрамдас бөліктеріне тың серпіліс элементтерін әкелетін мақсатты прогрессивті өзгеріс. Ол білім беру жүйесінің меншікті ресурстары есебінен де (интенсивті даму жолы), сонымен қатар инвестицияның көмегімен жаңа құралдарды, техникаларды және технологияларды тарту арқылы да (дамудың экстенсивті жолы) жүзеге асырылуы мүмкін.

Педагогикалық жүйелерді дамытудың интенсивті және экстенсивті жолдарының үйлесуі түрлі сипатта жүзеге асып жатады [1, 102]. Әртүрлі деңгейлі педагогикалық ішкі жүйелердің түйіскен жерінде құрылған біріктірілген инновациялар да бар. Педагогикадағы инновацияның негізгі бағыттары мен объектілері келесідей деп сипаттауға болады: а) білім беру мен білім беру мекемелерін дамытудың тұжырымдамалары мен стратегияларын әзірлеу; ә) білім беру мазмұнын жаңарту; оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын өзгерту және дамыту; б) ЖОО-ларды және жалпы білім беру жүйесін басқаруды жетілдіру; в) оқытушылардың біліктілігін арттыру; г) оқу процесінің жаңа үлгілерін жобалау, әсіресе интерактивті әдістерді кеңінен енгізу; ғ) студенттердің психологиялық, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; д) білім беру мен тәрбиелеудің үйлесімділігін қамтамасыз ету; е) жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және т.б. [2, 108]

Осы ғылыми мақалада соңғы жылдары дендей еніп, теория мен практиканы ұштастыра отырып, жас буынның ақпарат пен білімді қабылдау ерекшелігін ескеретін интерактивті әдістерді бірнеше мамандық студенттерінің мысалында талқылаймыз.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Инновациялық технологиялар мәселесімен бұған дейін біршама ғалымдар мен педагогтар айналысқан. Олардың қатарында В.И.Андреев, И.П.Подласай, профессор, педагогика ғылымдарының докторы К.К.Колин, педагогика ғылымдарының докторы В.В.Шапкин, В.Д.Симоненко, В.А.Сластенин, педагогика ғылымдарының докторы Н.А.Оразақынова және т.б. бар. Ал оқытушының білім беру технологиялары хақында өзекті ұсыныстарымен көзге түскен ғалымдар ішінде Е.Т.Эммер, Е.Ж.Саборни, С.М. Эвертсон, С.Уейнштейн, В.Джонес Р.Марзаноны айтуға болады. Олардың әсіресе білім алушылар аудиториясын басқару (Classroom Management) ұғымына қатысты зерттеулер мен ұсыныстары гаджетпен бәсекеге түскен оқытушы-профессорлық құрам үшін тың ой қосары сөзсіз.

Сондай-ақ қазіргі заман контексіндегі журналистік білім туралы зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар ішінде А.Б. Әлжанова, Қ.Ә. Әуесбай, А.А. Әбдірасілов, Р.К. Айжанова, А.С. Әлқожаева бар. Мәселен, олардың пікірінше, жоғары білім берудің бірыңғай платформасында айтарлықтай ерекшеленетін еліміздің журналистік білім саласында қазіргі таңда 43 бакалавриат бағдарламасы болса, оның кейбірі логикалық тәсілге назар аударады, келесі бірі теориялық көзқарасқа, тарихқа, этикаға, заңдарға, журналистің құқықтарына ден қояды, ал басқалары оқыту дағдыларына немесе практикалық тәсілге толығымен бейім. [3] Осыған орай журналистерді электронды оқыту технологияларын

зерттеп жүрген келесі бір зерттеушілер тобы (Е.И. Дудинова, М.О. Негізбаева, Н.Т. Шыңғысова, Ә.А. Нұршайықова) инновациялық SC Training (EdApp) платформасын енгізу тәжірибесін сөз еткенде, авторлар негізгі және қосымша ақпаратты сегменттеудің әмбебап әдістерін, педагогикалық формалардың ойын аспектілерін және инновациялық цифрлық ресурстарды пайдаланудың өзіндік тәжірибесін қалыптастырғаны жөн екенін айтады. [4]

Прогрессивті инновациялар жоғары білім берудің кез келген мамандығы үшін өзекті дей аламыз. Мейлі ол журналистика, филология немесе технологияны оқыту саласы болсын, тың әрі тиімді педагогикалық технологиялар ғылыми негізді бекітіп, тиімді, өміршең тәжірибенің молаюына ықпал етеді. Соңғы жылдары педагогика ғылымында іргелі және маңызды бағыт – инновациялық процестер теориясы пайда болды. Білім берудегі реформалар – жалпы алғанда білім беру мекемелерінің кей қағидаларын өзгертуге, толықтыруға, жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға бағытталған инновациялар жүйесі.

Зерттеу нәтижесінде авторлар мобильді форматтар арқылы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдеріне жоғары сұраныстың бар екеніне көз жеткізіп, студенттердің инновациялық, интерактивті ойын түріндегі білім беру ресурстарына оң реакциясын айқындап, курстың сыйымдылық, динамизм және жас аудиторияның сұраныстарына жақындығын есепке алып, онлайн ресурстарды ұтымды қолдану білім беру саласын дамытудың кезек күттірмейтін өзекті бағыты екендігін анықтады. Бұл ғылыми мақалада журналистика, филология және технология мамандықтарын оқытудағы инновациялық әдістердерді енгізу мүмкіндіктері мен интерактивті тәсілдердің тиімділігі талданатын болады. Оны талдау кезінде индукция, дедукция, гипотеза құру, аксиоматикалық әдіс, салыстыру және анализ қолданылды. Бір айта кетерлігі, алдыңғы екі мамандық бір-біріне ұқсайтындықтан, үшінші мамандық ұқсамайтындықтан, айырмашылықтарды саралап көрсете алу үшін таңдалып алынды.

### **Талқылаулар мен нәтижелер**

Әдетте инновациялық әдістердің ЖОО-ның жүйесіне еніп, қолданысқа түсіп жатуында белгілі бір айқын жүйе бар сияқты көрінбеуі мүмкін. Алайда, осы саладағы кей зерттеушілердің пікірінше, педагогикалық жаңалықтар белгілі бір алгоритм бойынша жүзеге асырылады. П.И. Пидкасисті педагогикалық инновацияларды әзірлеу мен енгізудің келесідей кезеңдерін бөліп көрсетеді:

1. Әр ЖОО-да реформаға жататын педагогикалық жүйе жағдайының критериялды аппараты мен көрсеткіштерін жасау.

2. Педагогикалық жүйенің сапасын жан-жақты тексеру және бағалау, оны реформалау қажеттілігін арнайы құралдар мен білікті сарапшылардың көмегімен анықтау.

3. Педагогикалық шешімдердің жетілдірілген заманға сай тиімді үлгілерін іздеу және инновацияларды қолданбалы етіп модельдеу.

4. Өзекті педагогикалық мәселелердің шығармашылық шешімін қамтитын ғылыми әзірлемелерді жан-жақты талдау.

5. Инновацияларды тәжірибеге енгізу алгоритмін құру. Мәселен: ғылымның тәжірибесі мен деректерін талдау негізінде эксперименттік бағдарлама жасау, оның нәтижелерін бақылау, қажетті толықтыруды енгізу, қорытынды жасау.

6. Педагогикалық инновацияны псевдоинновациядан қорғау. Инновациялардың мақсаттылығы мен негізделуі де аса маңызды. Тарих көрсеткендей, кейде орасан зор күш-жігер, материалдық құралдар, әлеуметтік және интеллектуалдық күштер қажетсіз, тіпті зиянды білім реформаларына жұмсалып жатады. Жаңашылдыққа ғана еліктейтін жалған инновациялар ретінде келесі мысалдарды келтіруге болады: оқу орындары маңдайшаларының ресми түрде өзгеруі; ескі дүниені жаңа ретінде көрсету; педагог-новатордың шығармашылық әдісін оның шығармашылық өңдеуінсіз көшіру және т.б. [5]

Дегенмен, инновациялық процестер үшін нақты кедергілер де жоқ емес. Зерттеуші И.Н.Андреев мыналарды бөліп көрсетеді:

- Оқытушылардың белгілі бір бөлігінің консерватизмі (оқу орындарының әкімшілігі мен білім беру органдарының консерватизмі әсіресе зиянды);
- «Біз бәрін де жақсы істеп жатырмыз» деген ұрандағы соқыр ұстаным;
- Педагогикалық инновацияларды қолдау және ынталандыру үшін қажетті педагогикалық кадрлар мен қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі;
- Кейбір оқу орындарының қолайсыз әлеуметтік-психологиялық жағдайы және т.б. [6, 204]

Педагогикадағы инновациялардың айқын қажеттілігіне қарамастан, оларды оқу-тәрбие процесіне енгізуге кедергі келтіретін бірқатар себептер бар, бұл педагогиканың дамуын белгілі бір дәрежеде тежейтіні сөзсіз. Ал И.П.Подласыйдың пікірінше, егер білім беру процесі қоршаған ортаны қорғау принципіне негізделсе; педагогикалық жүйе гуманистік бағытта дамып жатса; оқу процесін ұйымдастыру студенттер мен оқытушылардың шамадан тыс жүктемесіне әкелмесе; оқу процесінің жақсарған нәтижесіне тың жолды пайдалану арқылы қол жетсе, білім беру мекемесі инновациялық болып табылады [7, 92]. Бұл сонымен қатар қымбат және заманауи медиа жүйелерді енгізуді де білдіреді.

Жоғарыда айтылған бұл критерийлер атауына қарамастан, кез келген оқу орнының жаңашылдық дәрежесін нақты анықтауға мүмкіндік береді деуге болады. Инновациялық білім беру мекемесінің ерекшеліктерін дәстүрлі оқу орындарымен салыстырып анықтауға болады (1-кесте). Бұл салыстыру инновациялық білім беру мекемесінің іргелі ұстанымдары ізгілендіру, демократияландыру, даралау және саралау жүйесіне жүгінетінін көрсетеді.

**1-кесте. Дәстүрлі және инновациялық білім беру мекемелерінің салыстырмалы сипаттамасы**

| <b>Педагогикалық процестің салыстырмалы параметрлері</b> | <b>Білім беру институттары</b>                                               |                                                                     |
|----------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
|                                                          | <b>Дәстүрлі</b>                                                              | <b>Инновациялық</b>                                                 |
| Мақсат                                                   | Білім, дағды және онымен байланысты білім беру, әлеуметтік тәжірибені дамыту | Тұлғаның өз жолын табуға және өмірлік позициясын бекітуге ықпал ету |
| Бағдарлау                                                | Қоғамның және өндірістің қажеттіліктеріне қарай                              | Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай              |

|                                    |                                                                       |                                                               |
|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|
| Принциптер                         | Идеологиялық тұрғыдан түрленген                                       | Ғылыми, объективті                                            |
| Білім беру мазмұны                 | Пәнаралық байланыстары әлсіз көрсетілген, бір-бірінен алшақ нысандар  | Гуманизацияланған және тұлғаға бағытталған мәдени құндылықтар |
| Жетекші әдістер мен формалар       | Ақпараттық-репродуктивті                                              | Креативті, белсенді, жеке-дара                                |
| Оқыту мен оқудағы қарым-қатынастар | Субъект-объект                                                        | Субъект-субъективті                                           |
| Оқытушының рөлі                    | Білім көзі және бақылаушы                                             | Кеңесші-көмекші                                               |
| Негізгі нәтижелер                  | Тұлғалық және кәсіби даму деңгейі, өзін-өзі дамыту және өз жолын табу | Білім мен әлеуметтенудің деңгейі                              |

Оқытудың инновациялық технологияларына: интерактивті оқыту технологиялары, жобалық оқыту технологиясы және компьютерлік технологиялар жатады. Оқытудың психологиялық теориясында адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясына негізделген оқыту түрін интерактивті деп атайды. [8, 57] Интерактивті оқыту технологиялары оқу-іс-әрекетінің субъектілері ретінде оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу процесінде білімді меңгеру мен дағдыларды қалыптастыру жолы ретінде қарастырылып жүр. Олардың мәні тек қабылдау, есте сақтау, зейін процестеріне ғана емес, сондай-ақ креативті және өнімді ойлауға, мінез-құлыққа, қарым-қатынасқа сүйенетіндігінде. Интерактивті оқыту технологияларында нұсқаушы рөлі (ақпарат беруші рөлінің орнына – үйлестіруші рөлі) және тыңдаушылардың рөлі (әсер ету объектісінің орнына – өзара әрекеттесу субъектісі), сондай-ақ ақпараттың рөлі айтарлықтай өзгереді. [9, 65] Ал тамақ өнімдерін өндіру технологиясы саласында интерактивті оқыту стратегиясы студенттердің кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық ойлауын және өндірістік жағдайларда шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Интерактивті оқыту технологияларының кейбір формалары мен әдістерін қарастырар болсақ, проблемалық лекция түйінді жағдайды назарға қоюды және оларды кейіннен шешуді қамтиды. Проблемалық лекция нақты өмірдегі қайшылықтарды теориялық түсініктерде көрсету арқылы елестетеді. Бұл дәрістің негізгі мақсаты – студенттердің білімді тікелей және тиімді қатысуы арқылы меңгерту [10]. Модельденетін мәселелердің ішінде оқу материалының нақты мазмұнына байланысты ғылыми, әлеуметтік, кәсіптік мәселелер болуы мүмкін. Мәселені қою студенттерді ойлау әрекетіне белсенді түрде тартуға, сұраққа өз бетінше жауап беруге бейімдеуге, берілген материалға қызығушылықты оятуға жол ашады. Осы әдісті журналистика мамандықтарының студенттеріне қолданар болсақ, оның жарқын мысалы «Журналистік этиканы сақтай отырып, ақпарат тарату түйткілдері» деген тақырып болар еді. Ал филология мамандықтарының студенттеріне ондай үлгі-мысалы «Қазақ тілін латын графикасына көшірудің филологиялық аспектілері» деген мәселе алынуы мүмкін.

Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы мамандықтарының студенттері үшін де проблемалық лекция тақырыбын таңдау және оны дұрыс модельдеу өте маңызды, себебі ол студентті нақты өндірістік, ғылыми және экологиялық мәселелерді шешуге бағыттайды. Мысалы, өндірістік және технологиялық бағытта мынадай тақырыптарды

ұсынуға болады: «Консерві өнімдерінің сапасына жылулық өңдеу режимінің әсері», яғни студенттер өнімді өңдеу кезіндегі әртүрлі пастерлеу және стерилдеу температураларын салыстырып, олардың өнім сапасына ықпалын зерттейді. Сондай-ақ «Вакуумдық буландыру кезінде өнімнің органолептикалық қасиеттерін сақтау жолдары», мұнда дәстүрлі буландыруда өнімдегі тағамдық зат мөлшерінің (витамин, түсі мен иісі) көп мөлшерде жойылып кететінін ескеріп, вакуумдық буландырудың артықшылықтары талданады. Ал экологиялық және қауіпсіздік мәселелері бойынша проблемалық лекция тақырыптары мынадай болуы мүмкін: «Тамақ өндірісіндегі қалдықтарды қайта өңдеу мүмкіндіктері» - мұнда көкөніс шикізатын өңдеу кезінде түзілетін көкөніс қабықтарын немесе тұқымдарын биоқоспа ретінде пайдалану жолдарын қарастыру. [11]

Сонымен қатар ғылыми-зерттеу және инновациялық бағытта талқылауға болатын маңызды мәселенің бірі – «Табиғи антиоксиданттарды қолдану арқылы өнімнің сақтау мерзімін ұзарту жолдары» тақырыбы. Бұл тақырыптың өзектілігі – өнімдерді сақтауда қолданылатын химиялық тағамдық қоспаларды адам ағзасына пайдалы табиғи қоспалармен (мысалы, шырғанақ, итмұрын экстракты) алмастырудың тиімділігін айқындауда [12]. Яғни әрбір саладағы мәселені дұрыс қою студентті тек дайын ақпарат алушы емес, ойланушы және шешім ұсынушы деңгейіне көтереді.

Семинар-пікірсайыс әдісі қойылған мәселені оның шешу жолдарын анықтау мақсатында ұжымдық талқылауды қарастырады. Ол жоғары ақыл-ой белсенділігін қабылдайды, полемика жүргізуге, мәселені талқылауға, өз көзқарасы мен сенімін қорғауға, өз ойын қысқа және нақты айта білуге баулиды. Семинар-пікірсайыстағы студенттердің функциясы әртүрлі болуы мүмкін. Бұл аталған әдіс кез келген мамандықтың білім алушыларына қолайлы деуге болады. Өйткені, біріншіден, тіл байлығы мен коммуникативті ортасы семинар-пікірталасты жоғары дәрежеде атқаруға жол ашады. Екіншіден, өткен тақырыпты сыни ойлауға жол ашатын түрлік тараптың дәйектері арқылы бекітуге қол жеткізеді. 2-кестеде екі топқа бөліну арқылы дәріс тақырыбын жан-жақты талдау және бекітуде таптырмас құрал болатын пікірсайыс қарарларының үлгілері берілген.

**2-кесте. Түрлі мамандық (журналистика, филология, технология) студенттері үшін дәрісті талдауға және бекітуге арналған пікірсайыс тақырыптарының (қарар) үлгілері**

| <b>Журналистика<br/>студенттері үшін</b>                                 | <b>Филология<br/>студенттері үшін</b>                                                          | <b>Технология<br/>студенттері үшін</b>                      |
|--------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| <u>Пәннің тақырыбы:</u> «Қазақ медиаиндустриясының тарихы»               | <u>Пәннің тақырыбы:</u> «Аударма тарихы»                                                       | <u>Пәннің тақырыбы:</u> «Табиғи антиоксиданттарды қолдану»  |
| <u>Пікірсайыс үшін қарар<br/>(резолюция үлгілері):</u>                   | <u>Пікірсайыс үшін қарар<br/>(резолюция үлгілері):</u>                                         | <u>Пікірсайыс үшін қарар<br/>(резолюция үлгілері):</u>      |
| 1. Алаш арыстары журналистиканың мүмкіндіктерін толықтай пайдалана алды. | 1. "Алаш қозғалысының өкілдері "мәдениет" ұғымын еуропалық "culture" түсінігіне сай қабылдады. | 1. Антиоксиданттар тағам өнімдерінің тұрақтылығын арттырады |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                   |                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|
| 2. Кеңес дәуірінде отандық журналистика дамыды.                                                                                                                                                                                                                                                                   | 2. Алаш арыстары қазақ мәдениетін жоспарлады.                                     | 2. Химиялық консерванттар адам денсаулығына зиян |
| 3. Тәуелсіздік алған соң Қазақстан журналистикасы әлемдік стандарттарды ұстанып келеді.                                                                                                                                                                                                                           | 3. Алаш зиялылары аударма барысында идеяны таратудың маркетинг заңдарын қолданды. | 3. Табиғи антиоксиданттардың артықшығы көп       |
| <i>Ескерту: қай мамандық болмасын, студенттер бекітілген қарар бойынша <b>дебат жасауға</b> алдын-ала дайындық жасап келуі тиіс. Резолюция бекіген соң, топтарға бөлініп, Американдық-парламенттік форматпен пікірсайыс жасайды. Оның төрешілері де студенттер арасынан тақ санды құрайтындай етіп таңдалады.</i> |                                                                                   |                                                  |

Келесі бір интерактивті әдіс – ортақ талқылау әдісі. Ол проблемалық оқыту тәсілдерінің бірі болып табылады. Мәселен, жағдайды талдауда, сұраққа қарапайым және бір мәнді жауап беру қажет болғанда қолданылады, ал балама жауаптар қатары да сол жерде болжанады. Зерттеушілер талқылауға қатысқандардың барлығын тарту үшін бірлескен оқыту әдісін (білім беру кооперациясын) қолданған жөн екенін айтады. [13] Бұл оқытудың негізгі идеясы қарапайым: студенттер ортақ тапсырманы орындау немесе ортақ мақсатқа жету үшін (мысалы, мәселенің шешімін табу үшін) өздерінің интеллектуалдық күштері мен энергиясын біріктіреді. Осы интерактивті әдісте оқу тобының жұмыс технологиясы келесідей болуы мүмкін:

1. Мәселені тұжырымдау;

2. Шағын топтар (5-7 адам) құру, оларды рөлге бөлу, талқылаудан шығатын түйін туралы оқытушының түсіндірмесі;

3. Шағын топтарда мәселені талқылау;

4. Талқылау нәтижелерін бүкіл тренинг тобына ұсыну;

5. Түйін жасау және қорытындылау.

«Ой шабуылы» мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтауды, ойлау инерциясынан босатуды, шығармашылық ойлауды белсенді етуді, қойылған мәселені шешуде таптаурын болған пікірлерді жеңуді көздейді. «Ой шабуылы» тренинг тобында жаңа идеяларды тудыру тиімділігін айтарлықтай арттыруға болады. Бұл әдістің негізгі қағидасының бірі сол, қатысушыларға ұсынған идеяларды сынауға абсолютті түрде тыйым салынады. Журналистика мамандықтарының студенттеріне осы әдісті қолдану әдетте жоғары нәтиже береді, өйткені білім алушының іштей сыни ойлай білу қабілетін едәуір арттыруға, дәйек түзуге, кез келген уәжге күмәнмен қарап, қайта тексере түсуге, түрлі тарапты тыңдап үйренуге жол ашады. Сондай-ақ тамақ өнімдерін өндіру саласында да бұл интерактивті әдіс студенттердің тамақ өнімдерін өндіруде адам ағзасына пайдалы шикізаттарды пайдалану, олардың ассортиментін қалыптастыруда адамның физиологиялық ерекшелігіне мән беру, тамақ өндірісінде пайда болатын қалдықтардың түрлерін білу, оларды қайта өңдеу және тиімді пайдалану, қалдықтардың қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау, т.с.с. маңызды мәселелерді бірлесе талқылауға және шешімін табуға мүмкіндік береді.

Имитациялық ойын процесінде тыңдаушы өзінің кәсіби жолында кезігуі мүмкін әрекетке ұқсас іс үлгісін орындауы керек. Нәтижесінде білімді жинақтау, өзектендіру және дағдыға айналдыру, жеке тәжірибені жинақтау және оны дамыту жүзеге асады

[14]. Бұл әдіс әсіресе технология мамандықтарының білім алушылары үшін икемді дей аламыз, себебі белгілі бір технологиялық процесті жүзеге асыруы кезінде зертханаларда жүргізетін тәжірибелерін жасап көру, оны дағдыға айналдыру – өте өзекті қадам.

Модельдеу жаттығулары әртүрлі техникалық құрылғылармен жұмыс істеу үшін белгілі бір кәсіби дағдыларды пысықтау барысын қамтиды. Өндірістегі кәсіптік қызмет жағдайы имитацияланады, ал техникалық құрылғының өзі (имитаторлар, аспаптар және т.б.) «үлгі» қызметін атқарады. Бұл әдіс те жоғарыда аталған технология мамандықтарының студенттеріне техникалық құрылғы арқылы білім бекітуге жол аша түседі. Бұл – тәжірибелік қызмет, оның барысында инженерлік, конструкторлық, технологиялық, әлеуметтік және басқа да жоба түрлері ойын жағдайында шынайы жағдайды барынша елестетуге мүмкіндік пайда болады. Егер оның нәтижесі нақты практикалық мәселені шешуді көздеп, процестің өзі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның шарттарына немесе оқу шеберханаларына ауысар болса, оның кейін өндірісте жүзеге асуы ықтималдығы жоғарылайды. Мысалы, кәсіпорындардың тапсырысы бойынша өнім шығару, студенттік шеберханалар мен оқу зертханасындағы жұмыс және т.с.с.

Топқа ортақ жобаны құру, бір жағынан, жобалау процесінің технологиясы бойынша арнайы білімді қажет етсе, екінші жағынан, кәсіби мәселелерді шешу мақсатында қарым-қатынасқа түсу және тұлғааралық қарым-қатынасты сақтау қабілетін талап етеді. Дәл осы сипаттамаларына орай ол әдісті техникалық та, гуманитарлық та мамандық студенттеріне қолданса болады [15].

Жылдамдық пен кәсібилік алғашқы орындарға шыққан бүгінгі заман талабына сай, журналистика мамандығында оқитын студенттер үшін имитация мен шынайылықтың, жеке үлес пен топтық ортақ жоба балансын ұстайтын үлгі деп MNU-дағы Newsroom шеберханасын айтуға болады. АҚШ-тың Мичиган университетінің моделінен алынған бұл жүйенің мақсаты – болашақ журналиске шынайы редакциялық ортадағы жауапкершілік пен жылдамдықты сезіндіру. Newsroom форматының басты ерекшелігі – оқу процесінің нақты редакция жұмысын қайталауы. Мәселен, ол жерде студенттерді “редактор”, “журналист”, “жаңалық жүргізуші”, “контент-продюсер”, “SMM – әлеуметтік желі менеджері” сияқты рөлдерге бөледі. Сондай-ақ дәрістерде нақты кезеңдегі жаңалықтар тақырыбы, жедел жаңалық жазу, фактчекинг және этикалық шешім қабылдау тәжірибесі қолданылады. Newsroom арқылы әрі жеке, әрі ұжымдық жауапкершілік, коммуникациялық дағдылар дамиды. [16].

Бұл әдістегі ең басты нәтижелер: 1) Студенттер дедлайнға бағынып, “breaking news” жағдайында, яғни аса шұғыл шешім қабылдап, сапалы ақпарат өндіруді үйренеді. 2) Оқытушының рөлі редактор ретінде болғандықтан, материалдың сапасы, дәлдігі, теңгерімділігі және этика талаптарына сай екені қадағаланады: кәсіби стандарт пен жауапкершілік мәдениеті қалыптаса бастайды. Сондай-ақ студенттер фактчекинг және peer review (өзара тексеру) жасауды ұмытпайды. 3) Қазіргі Newsroom – интеграцияланған медиа кеңістік, сол себепті материалдар мәтін, видео, аудио, инфографика сияқты бірнеше форматта дайындалып, медиажурналистикадағы кроссмедиялық сауаттылық артады. 4) Newsroom дәрістерінің соңында әр топ рефлексиялық талдау жасайды, сол арқылы өзін-өзі бағалау мәдениеті қалыптасады. 5) Студенттер дәріс барысында Google Docs, Trello, Slack, Notion сияқты командалық құралдарды, ашық платформалар мен фактчек ресурстарын қолданады, сондықтан заманауи журналистің технологиялық сауаты жетіле түседі. [17]

Бүгінгі таңда ең қарқынды дамып жатқан интерактивті оқыту әдістеріне әрине, компьютерлік оқыту технологияларын жатқызамыз. Ол – компьютер арқылы білім алушыға ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және сіңіру процестері. ЖОО-дағы оқыту үрдісінде бір-неше сипатта қолданылады:

- білім беру мақсатында студенттерге оқу материалын беру құралы;
- қосымша ақпарат көзі ретінде білім беру үдерістерін ақпараттық қамтамасыз ету жолы;
- білім деңгейін анықтау және оқу материалын меңгеруді бақылау құралы;
- білімді практикалық қолдану дағдыларын меңгеруге арналған әмбебап жаттықтырушы;
- зерттелетін пән бойынша оқу эксперименттері мен іскерлік ойындарды өткізуге арналған құрал;
- тыңдаушының болашақ кәсіби қызметінің маңызды элементтерінің бірі.

Қазіргі таңда Қазақстан ЖОО-ларындағы интерактивті оқыту талабына сай сайттар мен әлемдік платформалардың ішінен төмендегілерді ерекше атап өтуге болады:

1. <https://interacty.me/ru> - Интерактивті контент пен геймификация платформасы
2. <https://www.educaplay.com/types-of-activities/> – Куиз, тест, сәйкестендіру форматтары арқылы білімді бекіту платформасы
3. <https://app.diffit.me/#topic> – Әдебиетті оқу мен түйін жасауға (Reading&summary) мүмкіндік беретін платформа
4. <https://gemini.google.com/?hl=en-GB/////> <https://www.magicschool.ai/> – Жасанды интеллекттің көмегімен ақпаратты бейнелеуге, өңдеуге, жазуға (storytelling), құруға жол ашатын платформалар [18]

Алайда жаңа технологиялардың дендеп енуімен бірге студенттердің назарын ұстап тұру, олардың ойын негізгі тақырыпқа қарай шоғырландыру деген жаңа челлендж пайда болды. Осы орайда, әлем ғалымдары classroom management – оқытушының кәсіби құзыреттілігі оның пәндік білімінен бөлек, оқу процесін басқару дағдыларымен де өлшенетінін алға тартады. Аудиториядағы тәртіп пен ынта оқу сапасының басты факторларының бірі екені рас. Осы тұрғыда classroom management ұғымы оқытушының оқыту кеңістігін ұйымдастыру, студенттердің мінез-құлқын реттеу және жағымды оқу ортасын қалыптастыру қабілеттерін біріктіреді [19]. Marzano бастаған топ жүргізген зерттеулер көрсеткендей, тиімді classroom management жүйесі мұғалімнің сабақ жоспарын, коммуникациясын, эмоционалдық тұрақтылығын және көшбасшылық стилін қамтиды [20]. Онлайн мүмкіндіктерін қолдану арқылы <https://www.gynzy.com/en> сияқты арнайы платформалары classroom management дағдыларын шебер, тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Түйіндеп айтар болсақ, classroom management – бұл оқыту процесін ұйымдастыру мен тәртіпті сақтаудың біртұтас жүйесі. Evertson және Weinstein бұл ұғымды студенттердің мінез-құлқына әсер ететін, тиімді және қолайлы оқу ортасын құруға бағытталған стратегиялар жиынтығы деп түсіндіреді [21]. Олардың ұғымындағы оқытушының мақсаты – тәртіп орнату ғана емес, студенттердің белсенді қатысуын ынталандыру.

### 3-кесте. Оқытушының classroom management дағдылары

|    | Негізгі компоненттер      | Компонент сипаты                                                                       |
|----|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Ұйымдастырушылық дағдылар | Дәріс құрылымын жоспарлау, уақыт менеджменті, ережелер жүйесін орнату                  |
| 2. | Коммуникативтік дағдылар  | Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас тәсілдері, студенттермен ашық диалог орнату. |
| 3. | Мотивациялық дағдылар     | Ішкі және сыртқы ынталандыру әдістерін қолдану.                                        |
| 4. | Тәртіпті реттеу           | Конфликт жағдайларын басқару, әділ шешім қабылдау.                                     |
| 5. | Рефлексия                 | Дәріс соңындағы өзіндік талдау, студенттердің пікірін ескеру.                          |

Айта кетерлік бір жайт, психологиялық тұрғыдан classroom management студенттердің эмоционалдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және топшілік қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған [22]. Оқытушының эмоциялық интеллектісі, сабырлылығы және эмпатиясы – аудиториядағы ахуалды тұрақтандыратын негізгі факторлар. Оның басқарушылық дағдылары неғұрлым жоғары болған сайын, оқу үлгерімі де соғұрлым жоғары болатыны тәжірибе жүзінде дәлелденген [23]. Жоғарыда сөз болған Newsgroom форматы – теория мен практиканы біріктіретін, журналистік ойлау мен кәсіби рефлексияны дамытатын, сонымен бірге оқытушының да міндетін ерекше әрі тиімді ететін және заманауи цифрлық технологияларды жетік меңгеруге жол ашатын инновациялық оқыту үлгісінің жарқын мысалы дей аламыз.

### Қорытынды

Студенттерге болашақ мамандығының мәнін көрсететін, маманның кәсіби қасиеттерін қалыптастыратын оқытудың инновациялық технологиялары студенттердің кәсіби дағдыларды нақтыға жақын жағдайда пысықтауға мүмкіндік беретін өзіндік сынақ алаңы деуге болады. Қоғамдағы білім беру рөлінің өзгеруі инновациялық процестердің маңыздылығы мен мазмұнын анықтай бастады. Әлеуметтік институттардың да, тұлғаның да білім беру әлеуеті жаңартылуда.

Бұрын Қазақстандағы білім берудің сөзсіз тірегі тұлғаның қоғамға бейімделу қабілеті ретінде түсіндірілетін, өмірге дайындығын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдыны қалыптастыру еді. Қазіргі уақытта білім беру әлеуметтік және жеке қажеттіліктер арасындағы тепе-теңдік қамтамасыз етілетін, өзін-өзі дамыту механизмін іске қосу арқылы тұлғаның жеке даралығын және қоғамдағы өзгерістерді жүзеге асыруға дайындайтын осындай технологиялар мен әсер ету тәсілдерін жасауға көбірек көңіл бөлінуде.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың негіздемесі, жақын және ұзақ мерзімді бағдарламаларын айқындау жаңашыл әрекет пен кең заманауи ойлауды қажет етеді. Педагогика әдістерін үнемі дамытудың, жетілдірудің нәтижесі инновациялық технологиялар, соның арқасында білім берудің жаңа идеяларының интеграциялық процесі жүреді.

Алайда, мұндай технологияларды енгізу бірқатар қиындықтарды (қаржылық қаражат, жасанды интеллект ережелерінің әлі де толық бекітілмегені, білім беру саласындағы кейбір консерватизм элементтері, технологиялық құралдардың заманға сай жаңарып отырмауы) қамтиды. Сонымен қатар, педагогикалық инновацияның айқын қажеттілігіне қарамастан, оларды сақтықпен енгізу керек. Әйтпесе, жан-жақты түбегейлі

ойластырылмаған жаңашылдық білім жүйесін дағдарысқа алып келуі мүмкін. Дегенмен, заманға сай тың оқыту әдістерін, оны енгізудегі ЖОО мен оқытушы жауапкершілігін, ықтимал әсерлерді, зерттеу міндетін жоғары білім беру жүйесін жетілдіру үшін қажет екенін түсіну аса маңызды.

### Авторлардың қосқан үлесі

**Сайлауқызы А.** – хат-хабар авторы, бақылау және ұсыныс беру, мақсат-міндетті анықтау, жалпы ғылыми аппаратты басқару, деректерді сұрыптау, редакциялау.

**Сыздықова Л.С.** – өз саласына қатысты ақпаратпен қамтамасыз ету, әдебиетпен жұмыс, материалды жинау, негізгі бөлімді жазу.

**Түсіпова Г.Б.** – материалды жинау, өз саласына қатысты ақпаратпен қамтамасыз ету, кестелермен жұмыс, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Педагогика. Учебник для студентов педагогических университетов и педагогических колледжей / Под ред. П.И. Пикасисты. – Москва: Педагогическое общество России, 2004. – 608 с.
2. Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений. – Ростов-на-Дону: Изд-во «Феникс», 1998. – 544 с.
3. Алжанова А.Б., Ауесбай К.А., Абдрасилов А.А., Айжанова Р.К., Алкожаева А.С. Журналистское образование Казахстана в условиях современных реалий // Вестник. Серия журналистика. – 2025. – № 1 (75). – С. 32–39. – DOI: <https://doi.org/10.26577/HJ202575103>
4. Дудинова Е.И., Негизбаева М.О., Шынгыссова Н.Т., Нуршаихова А.А. Технологии электронного обучения для журналистов: опыт интеграции платформы SC training (edapp) // Вестник журналистики. – 2025. – № 1 (75). – С. 40–50. – [Электронды ресурс]. – URL: <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1969>
5. Пикасисты И.И. Педагогика: учебник / И.И. Диш. – Москва: Российское педагогическое агентство, 1995. – С. 49–54
6. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого самосовершенствования. – Казань, 2000. – 440 с.
7. Подласий И.П. Педагогика: новый курс: учебник для студентов высших учебных заведений: В 2 кн. Кн. 1: Общие принципы. Учебный процесс. – Москва, 2003. – 376 с.
8. Бадмаев Б.Т. Методы обучения психологии: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – Москва, 2001. – 254 с.
9. Современные способы повышения эффективности обучения: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / Т.С. Панина, Л.Н. Вавилов; ред. Т.С. Панина. – Москва: Издательский центр «Академия», 2006. – 176 с.
10. Кларин М.В. Интерактивное обучение как инструмент освоения нового опыта // Педагогика. – 2000. – № 7. – С. 32–35
11. Равиндран Р., Джайсвал С., Джайсвал А.К. Valorisation пищевых отходов: обзор технологий переработки, продуктов и применения // Journal of Cleaner Production. – 2018. – 180. – С. 28–42
12. Шахиди Ф., Амбигаипалан П. Фенолы и полифенолы в продуктах питания, напитках и специях: антиоксидантная активность и влияние на здоровье // Journal of Functional Foods. – 2015. – 18. – С. 820–897
13. Шаюсупова А.А. Педагогические технологии и методы в учебном процессе // International Journal of Academic Pedagogical Research (IJAPR). – 2021. – Vol. 5, Issue 5. – С. 344–345

14. Фарберман Б.Л., Мусина Р.Т., Джумабоева Ф.А. Современные методы обучения в высшей школе. – Ташкент, 2002
15. Хаитова А., Боймуродов Н. Использование нетрадиционных уроков и интерактивных методов в обучении. – Ташкент: Новое поколение, 2006. – С. 81
16. Prato Co. 12 способов использования ИИ журналистами в редакции, 2025. – [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.twipemobile.com/12-ways-journalists-use-ai-tools-in-the-newsroom/> (өтініш берген күні: 25.08. 2025)
17. Borchardt A. Краткое руководство по инновациям в редакциях – для журналистов, 2025. – [Электронды ресурс]. – URL: <https://en.ejo.ch/media-economics/business-models/a-brief-guide-to-newsroom-innovation-for-journalists> (өтініш берген күні: 25.08. 2025)
18. Amplify Educator Impact. Раскройте потенциал учащихся. Самая любимая, безопасная и надежная платформа ИИ для педагогов и студентов, 2025. – [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.magicschool.ai/> (өтініш берген күні: 25.08. 2025)
19. Emmer E.T., Sabornie E.J. (Eds.). Handbook of Classroom Management (2nd ed.). – Routledge, 2015
20. Marzano R.J., Marzano J.S., Pickering D.J. Classroom Management That Works: Research-Based Strategies for Every Teacher. – ASCD, 2003
21. Evertson C.M., Weinstein C.S. (Eds.). Handbook of Classroom Management: Research, Practice, and Contemporary Issues. – Lawrence Erlbaum Associates, 2006
22. Jones V., Jones L. Comprehensive Classroom Management: Creating Communities of Support and Solving Problems. – Pearson Education, 2016
23. Гаррай В.Б. Подготовка учителей в США и Великобритании: интерактивная модель // Педагогика. – 2004. – № 3. – С. 45–52

А. Сайлауқызы<sup>1</sup>, Л. Сыздыкова<sup>2</sup>, Г. Тусупова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>*Maqsut Narikbayev University, Астана, Казахстан*

<sup>2</sup>*Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан*

### **Пути реализации стратегии интерактивного обучения на примере журналистики, филологии и технических специальностей**

**Аннотация.** Стратегия интерактивного обучения является широким понятием, которое активно используется во всех формах обучения в последнее десятилетие. Постоянное обновление, совершенствование, развитие и дополнение методов процесса высшего образования в Республике Казахстан в соответствии с современными вызовами является важным условием удовлетворения требований развития общества посредством подготовки квалифицированных специалистов. Одним из средств профессионального образования посредством современной педагогики являются инновационные технологии, поэтому очевидно, что новые подходы и методы взаимодействия преподавателей и студентов требуют постоянного исследования, анализа и изучения. В эпоху мультимедиа, интерактивных, цифровых и коммуникационных технологий подготовка международно-конкурентоспособных квалифицированных специалистов и повышение качества образовательных программ, по которым они осваиваются, стали сегодня актуальной проблемой. В научной статье анализируются сущность, назначение и особенности инновационных и интерактивных методов обучения, усовершенствованных на

основе традиционных форм обучения, а также тех, которые появились с развитием цифровых технологий. Анализируются и сравниваются эффективные методы, используемые студентами, обучающимися по специальностям журналистика, филология и технологии. Описываются требования и современные навыки, необходимые учителю в процессе развития у учащихся качеств, востребованных в XXI веке, таких как критическое мышление, производственная ориентация и креативность.

**Ключевые слова:** интерактивное обучение, педагогические инновации, современные методы, стратегии, новые технологии.

**A. Sailaukyzy<sup>1</sup>, L. Syzdykova<sup>2</sup>, G. Tussupova<sup>3</sup>**

<sup>1,3</sup>*Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan*

### **Ways to implement interactive learning strategies using journalism, philology, and technical specialities as examples**

**Abstract.** Interactive learning has become a prominent strategy across all sectors of education over the past decade. In the Republic of Kazakhstan, continuously updating and enhancing higher education methods to meet contemporary challenges is vital for preparing qualified specialists who can support societal development. Innovative technologies are now integral to professional education within modern pedagogy; accordingly, new approaches to teacher-student interaction require sustained research and evaluation. In the era of multimedia, interactive, digital and communication technologies, the task of training internationally competitive graduates and improving the quality of the programmes they complete is increasingly urgent. This article examines the essence, aims and characteristics of innovative and interactive teaching methods – both those that evolve from traditional instruction and those that have emerged with digital technologies. It compares effective methods used by students in journalism, philology and technology. Finally, it outlines the requirements and contemporary competencies expected of teachers as they cultivate in students the twenty-first-century attributes most in demand, including critical thinking, production orientation and creativity.

**Keywords:** interactive learning, pedagogical innovations, modern methods, strategies, new technologies.

### **References**

1. Pedagogika. Uchebnik dlja studentov pedagogicheskikh universitetov i pedagogicheskikh kolledzhej / Pod red. P.I. Pikasisty.[Pedagogy. Textbook for students of pedagogical universities and teacher colleges. Ed. P.I. Pikasisty A pimple of the sour]. (Moscow, 2004. 608 p.)
2. Psihologo-pedagogicheskij slovar' dlja uchitelej i rukovoditelej obshheobrazovatel'nyh uchrezhdenij [Psihologo-pedagogical dictionary for teachers and heads of general educational institutions]. (Rostov on Don, 1998. 544 p.)
3. Alzhanova A.B., Auyesbay K.A., Abdrassilov A.A., Aizhanova R.K., Alkozhaeva A.S. Zhurnalistskoe obrazovanie Kazahstana v uslovijah sovremennyh realij // Vestnik. Serija zhurnalistika [Kazakh journalism education in the context of modern realities. Herald. Journalism series]. 1(75). 32-29(2025). <https://doi.org/10.26577/HJ202575103>
4. Dudinova Ye.I., Negizbayeva M.O., Shyngyssova N.T., Nurshaikhova A. A. Tehnologii elektronnoho obuchenija dlja zhurnalistov: opyt integracii platformy SC training (edapp) // Vestnik zhurnalistiki

[Technologies of e-learning for journalists: experience of integrating sc training platform (edapp). Herald of Journalism]. 1(75). 40-50(2025). <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1969>

5. Pidkasisty I. I. Pedagogika: uchebnik / I.I. Dish. [Pedagogy: Textbook / I.I. Dish is sour]. (Moscow, 1995, 54 p.)

6. Andreev V. I. Pedagogika: uchebnyj kurs dlja tvorcheskogo samosovershenstvovaniya [Pedagogy: A Training Course for Creative Self-Development / V. I. Andreev]. (Kazan, 2000, 440 p.)

7. Podlasiy I. P. Pedagogika: novyj kurs: uchebnik dlja studentov vysshih uchebnyh zavedenij: V 2 kn. Kn. 1: Obshhie principy. Uchebnyj process [Pedagogy: New course: A textbook for stud. supreme. training. Institutions: In 2 books]. (Moscow, 2003, 376 p.)

8. Badmaev B. T. Metody obuchenija psihologii: uchebnoe posobie dlja studentov vysshih uchebnyh zavedenij [Methods of teaching psychology: Proc. allowance for stud. supreme. training. Institutions]. (Moscow, 2001, 254 p.)

9. Sovremennye sposoby povysheniya jeffektivnosti obuchenija: uchebnoe posobie dlja studentov vysshih uchebnyh zavedenij / T.S. Panina, L.N. Vavilov; red. T.S. Panina [Modern ways of enhancing learning: Proc. Allowance for stud. supreme. Textbook. Institutions / T.C. Panina, L.N. Vavilov; Ed. T.S. Panina]. (Moscow, 2006. 176 p.)

10. Clarin M.V. Interaktivnoe obuchenie kak instrument osvoeniya novogo opyta // Pedagogika [Interactive learning is a tool for mastering a new experience / / Pedagogy]. 7. 32-35(2000).

11. Ravindran R., Jaiswal S., Jaiswal A. K. Valorisation pishhevyh othodov: obzor tehnologij pererabotki, produktov i primeneniya // Journal of Cleaner Production [Food waste valorisation: A review on the processing technologies, products and applications. Journal of Cleaner Production]. 180. 28-42(2018).

12. Shahidi F., Ambigaipalan P. Fenoly i polifenoly v produktah pitaniya, napitkah i specijah: antioksidantnaja aktivnost' i vlianie na zdorov'e // Journal of Functional Foods [Phenolics and polyphenolics in foods, beverages and spices: Antioxidant activity and health effects. Journal of Functional Foods]. 18. 820-897(2015).

13. Shayusupova A. A. Pedagogicheskie tehnologii i metody v uchebnom processe // International Journal of Academic Pedagogical Research (IJAPR) [Pedagogical Technologies And Methods In The Teaching Process. International Journal of Academic Pedagogical Research]. 5. 344-345(2021).

14. Farberman B. L., Musina R.T., Jumaboyeva F. A. Sovremennye metody obuchenija v vysshej shkole [Modern methods of teaching in higher education]. (Tashkent, 2002).

15. Hayitov A. Boymurodov N. Ispol'zovanie netradicionnyh urokov i interaktivnyh metodov v obuchenii [The use of non-traditional lessons and interactive methods in education]. (Tashkent, 2006, 81 p.)

16. Prato Co. 12 sposobov ispol'zovaniya II zhurnalistami v redakcii [12 Ways Journalists Use AI Tools in the Newsroom]. Available at: <https://www.twipemobile.com/12-ways-journalists-use-ai-tools-in-the-newsroom/> (accessed 25.08.2025)

17. Borchardt A. A. Kratkoe rukovodstvo po innovacijam v redakcijah – dlja zhurnalistov [Brief Guide to Newsroom Innovation – for Journalists]. Available at: <https://en.ejo.ch/media-economics/business-models/a-brief-guide-to-newsroom-innovation-for-journalists> (accessed 25.08.2025)

18. Amplify educator impact. Raskrojte potencial uchashhihsja. Samaja ljubimaja, bezopasnaja i nadezhnaja platforma II dlja pedagogov i studentov [Unlock student potential. The most loved, secure, and trusted AI platform for educators and students]. Available at: <https://www.magicschool.ai/> (accessed 25.08.2025)

19. Emmer E. T., Sabornie E. J. Handbook of Classroom Management (2nd ed.). Routledge. (2015).

20. Marzano R. J., Marzano J. S., Pickering D. J. Classroom Management That Works: Research-Based Strategies for Every Teacher. ASCD. (2003).

21. Evertson C. M., Weinstein C. S. (Eds.). Handbook of Classroom Management: Research, Practice, and Contemporary Issues. Lawrence Erlbaum Associates. (2006).
22. Jones V., Jones L. Comprehensive Classroom Management: Creating Communities of Support and Solving Problems. Pearson Education. (2016).
23. Gargay V. B. Podgotovka uchitelej v SShA i Velikobritanii: interaktivnaja model' // Pedagogika [Teacher training in the United States and Great Britain: an interactive model // Pedagogy]. 3. 45-52(2004).

#### **Авторлар туралы ақпарат:**

**Сайлауқызы А.** – хат-хабар авторы, PhD, Maqsut Narikbayev University (MNU) Халықаралық журналистика мектебінің Adjunct Assistant профессоры, Астана, 010000, Қазақстан.

**Сыздықова Л. С.** – техника ғылымдарының кандидаты, «Алматы технологиялық университеті» АҚ доценті, «азық-түлік технологиясы» кафедрасының ассоциирленген профессоры, Алматы, 050000, Қазақстан.

**Түсіпова Г.** – филология ғылымдарының кандидаты, Maqsut Narikbayev University (MNU) Жоғары гуманитарлық мектебінің Teaching профессоры, Астана, 010000, Қазақстан.

**Сайлауқызы А.** – автор для корреспонденции, PhD, Adjunct Assistant профессор Международной школы журналистики Maqsut Narikbayev University (MNU), Астана, 010000, Казахстан.

**Сыздықова Л.С.** – кандидат технических наук, ассоциированный профессор, АО «Алматинский технологический университет», асс.профессор кафедры «Технология продуктов питания», Алматы, 050000, Казахстан.

**Тусупова Г.** – кандидат филологических наук, Teaching профессор Высшей гуманитарный школы Maqsut Narikbayev University (MNU), Астана, 010000, Казахстан.

**Sailaukyzy A.** – Corresponding author, PhD, Adjunct Assistant Professor, School of International Journalism, Maqsut Narikbayev University (MNU), Astana, 010000, Kazakhstan.

**Syzdykova L.S.** – Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Almaty Technological University, Associate Professor, Department of Food Technology, Almaty, 050000, Kazakhstan.

**Tussupova G.** – Candidate of Philological Sciences, Teaching Professor, Higher Humanitarian School, Maqsut Narikbayev University (MNU), Astana, 010000, Kazakhstan.



XҒТАР 19.19.21  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-120-136>

## Жаңа медиа туралы дәрістерде нейрондық желілерді пайдалану әдістемесі

Б.К. Сердәлі<sup>ID</sup>

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: bekzhigit.serdaly@ayu.edu.kz)

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу нейрондық желілерді (бұдан әрі – нейрожелілер) «Журналистика және репортерлік ісі» білім беру бағдарламалары аясында оқытылатын пәндерде интерактивті білім беру ортасын қалыптастырудың инновациялық тәсілі ретінде пайдалану мүмкіндіктерін айқындау мақсатын көздейді. Мақалада жаңа медианы оқыту процесінде нейрожелілерді қолданудың замануи әдістері жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда, нейрожелілердің оқу контентін әзірлеу мен оқу үдерісін жеке-лендіру ісіндегі рөліне, сондай-ақ, оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту мүмкіндіктеріне назар аударылады. Зерттеу барысында журналистика факультеттеріндегі дәстүрлі сабақ құрылымындарын қайта қарастыра отырып, нейрожелілерді қолдану негізінде сабақтың технологиялық құрылымын құрудың практикалық тәсілдері ұсынылады. Бұл тәсілдер білім алушылардың цифрлық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – жаңа медианы оқыту үдерісіне нейрожелілерді енгізу арқылы оқу мақсаттарын құруға бағытталған сабақтың технологиялық құрылымын әзірлеуге мүмкіндік беретін, әдістемелік ұсынымдардың алғаш рет тұжырымдалуында. Аталған ұсынымдар журналистика бағытында білім беру мазмұнын жаңғыртуға және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Зерттеу нәтижелері нейрожелілердің оқыту үдерісінде айтарлықтай әлеуетке ие екенін көрсетті. Олар оқытушының көмекші құралы бола отырып, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда, сондай-ақ, креативтік сыни ойлау, командада жұмыс істеу секілді «жұмсақ дағдыларды» (soft skills) жетілдіруде тиімді цифрлық ресурс ретінде бағаланады.

**Түйін сөздер:** цифрлық медиадидактика, коммуникативті-іскерлік дағды, іскерлік құзырет, жасанды интеллект, нейрондық желілер, жаңа медиа.

### Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасының дамуындағы басым бағыттардың бірі жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) технологияларын өмірдің түрлі салаларына енгізу

Түсті: 21.11.2025; Мақұлданды: 9.12.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

болып табылады. Осыған байланысты, ЖИ-дің білім беру саласында қолданыла бастауы заңды құбылыс ретінде қарастырылады. Өйткені, қазіргі маман өмір сапасын арттыру үшін ЖИ-мен тиімді әрі өзара әрекеттесу дағдыларына ие болу қажет. Бұл өз кезегінде әртүрлі міндеттерді анағұрлым жылдам шешуге мүмкіндік береді. Бұл турасында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны цифрлық өзгерістер арқылы шешу” атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын ба-рынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет» деуі мәселенің өзекті екенін көрсетіп отыр. “Менің тапсырмаммен жүз мыңға жуық студентті жоғарғы технологиялық жобаларға тартуды көздейтін AI-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады”, – деді Президент. Алайда, жасанды интеллекттермен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни жоғары оқу орнында қолға алынуы тиіс. Оқытушылардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да ертерек қалыптастырған жөн [1].

Осыған орай, жоғары білім беру жүйесінің алдына студенттердің жасанды интеллект жүйелерімен жұмыс істеуге қажетті цифрлық құзыреттерін қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Аталған міндетті жүзеге асыру оқытушылардан қосымша біліммен қатар, ЖИ-ді күнделікті дәрістерде кеңінен қолданысқа енгізу міндеттері де тұр. Бұл мәселенің өзекті екендігін және онымен дұрыс қарым-қатынас орната білу қажеттігін өзектендіреді.

Соңғы бір жыл ішінде “Журналистика және репортерлік ісі” білім беру бағдарламаларында жаңа медианы оқыту әдістемесінде елеулі өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер ЖИ технологияларын, оның ішінде нейрожелілерді оқыту тәжірибесін енгізумен тығыз байланысты. Нейрожелілерді оқу континентінің әртүрлі форматтағы түрлерін жасау құралы ретінде жоғары білім беру саласында белсенді қолдануға болады. Бұған бірқатар жоғары оқу орындарындағы журналистика факультеттері білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарларына ЖИ және нейрожелі пәндерін негізгі контент ретінде енгізе бастауы дәлел. Мәселен, жуырда ғана ҚазҰУ-де “Жасанды интеллект және медиа” бағдарламасы іске қосылды [2]. Жаңа білім беру бағдарламасы аясында болашақ медиа мамандарға жасанды интеллект, нейрожелі, үлкен деректермен жұмыс істеу, Data Scient, Python бағдарламалау тілі сияқты пәндер оқытылады. Бұл пәндерді меңгерту үшін IT факультетінің оқытушылары да оқу процесіне тартылады. Сонымен қатар, білім алушылар оқу орнының супер компьютерлік ресурстарын да пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Дегенмен, нейрожелілер қазір білім беру жүйесі мен журналист кәсібінің болашағына қатысты пікірталастардың нысанына айналып отыр. Білім беру процесіне өзгеріс енгізудің қажеттілігі, оқытушылар мен білім алушыларға нейрожелілерді қолдануға рұқсат беру мәселелері бойынша түрлі көзқарастар қалыптасуда. Кейбір білім беру ұйымдары нейрожелілерді қолдануға тыйым салса, енді бірі оны қолдап отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жаңа медиа дәрістерінде нейрондық желілерді инновациялық құрал ретінде пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу, олардың оқыту процесіндегі тиімділігін анықтау және білім беру сапасын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеумен ерекшеленеді.

Мақаланың ғылыми жаңалағы – нақты нейрондық желілерді қолдану тәсілдері арқылы сарапталып, нейрондық желілердің жаңа медиа дәрістерінде қолданылуының инновациялық тәсілдері алғаш рет кешенді түрде зерттелді. Оларды оқытудың интерактивтілігі жекелендірілген білім беру мүмкіндіктері арқылы кеңейіп, айтарлықтай

жақсартатыны дәлелденді. Сонымен қатар, мақалада зерттеу барысында қол жеткізілген нейрондық желілерді қолданудың тиімділігін арттыруға арналған жаңа әдістемелік модульдер ұсынылды.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды ескере отырып, зерттеу *тақырыбының өзектілігін* келесі факторлармен негіздей аламыз:

- 1) білім беру үдерісіне ЖИ технологияларын жаппай енгізуге болады;
- 2) жаңа медиа сабағының тәсілдеріне нейрожелілерді интерактивті білім беру ортасын құру құралы ретінде енгізуге болады;
- 3) нейрожелілер арқылы алынған контентті, верификациялау тетіктерінің болмауына байланысты, туындап жататын интерактивті тәсілдермен сабақтастыруға болады;
- 4) білім беру үдерісінде, соның ішінде жаңа медианы оқытуға жасанды интеллект технологияларын енгізудің ғылыми негіздемесін әзірлеуге болады.

Ал, *зерттеу мақсаттарына* сәйкес келесі міндеттер айқындалды:

- 1) ғылыми және оқу әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде білім беру саласына ЖИ құралдарын енгізудің негізгі бағыттарын анықтау;
- 2) ЖИ-ды пайдалана отырып, жаңа медианы оқытудың педагогикалық міндеттерін анықтап, нейрожелі тақырыбының мысалында білімгерлердің көмегімен оқыту сабағының технологиялық құрылымын әзірлеу.

*Зерттеу материалы* ретінде нейрожелілер (“Looka”, “Dream”, “Skybox”, “D-id”) арқылы жасалған суреттер мен бейнесюжеттер, сондай-ақ студенттердің нейрожелімен жұмыс істеу барысында алған мәтіндер қолданылды. Зерттеудің *теориялық негізін* ЖИ технологияларын білім беру саласына енгізу бойынша жоғарғы оқу орындарында жинақталған ғылыми зерттеулер, атап айтқанда: Ai-Sana бағдарламасы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жасанды интеллект медиа зертханасының, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің нейрондық желілер негізінде адамның бетәлпет эмоциясын табу тәжірибесінің, Сәтбаев университеті ғалымдарының білім беруде нейрожелілерді қолдану әдістеріне қатысты зерттеулері, Muratuly, Denisova, Krak, 2022; Прохоров, 2023 зерттеулері, оның ішінде Кузнецовтың, Аксеновтың, Михайловтың, Рублевтің, Наргестің еңбектері де бар, пайдаланылды.

*Зерттеу әдістері* ретінде ЖИ-ды білім беру саласына енгізу мәселелеріне арналған ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау, оның ішінде жаңа медианы оқытуда ЖИ-ды қолдану бойынша әдістемелік материалдарды зерделеу, нейрожелілердің сандық медианы оқытудағы тәжірибесін жүйелеу және қорытындылау, шетелден келген студенттерді нейрожелілермен жұмыс істеу тәсілінде оқытудағы тәжірибелік жұмысы, білімгерлердің нейрожелілермен жұмыс істеу барысын бақылау, олардың жаңа әдіске қызығуы, коммуникативтік құзыреттілігі мен “жұмсақ дағдылардың” дамуын зерттеу тәжірибелері қамтылды.

Зерттеудің *практикалық маңызы* – нейрожелілерді қолдану арқылы әзірленген оқу материалдары бойынша кәсіптік пәндер үшін әдістемелік негіз ретінде пайдалану мүмкіндігін, апробация нәтижелерін болашақта оқыту практикасына нейрожелелермен қатар жұмыс істеу әдістемесімен бірге пайдалану мүмкіндігін береді.

## Әдебиеттерге шолу

Нейрожелілерді қолдаудың негізгі дәлелі – олардың интернет желісіндегі кең көлемді ақпарат көздеріне сүйеніп, сұраныстарға жедел жауап беруге қабілеттілігінде. Бұл

сілтемелер мен әдебиеттер оқу контентін құруға кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді. Ал зерттеулердегі қарсы пікірлердің негізі – бұл жүйелердің барлық қолжетімді деректерді тексерусіз қолдануы, нәтижесінде шындыққа сәйкес келмейтін немесе қате контенттің пайда болу қаупі. Бұл тұрғыда С.М.Аяпованың зерттеулері маңызды. Өйткені ол жасанды интеллекттің әртүрлі медиа материалдарды өндіруде қаншалықты қолданылатынын анықтауға көмектеседі. Алынған мәліметтерге сүйенсек, қазіргі уақытта журналистикада жасанды интеллектті қолдану семантикалық жүктемені және материалды объективті бағалауды қажет етпейтін жаңалықтар мақалаларын қолданумен шектеледі [3].

Зерттеуші С.П.Фурс та білім берудегі жасанды интеллект жайында маңызды пікірлер ұсынған. “ЖИ білім беру үдерісінде белгілі бір орынды иеленіп отыр, сондықтан бұл үдерістің даму келешегін, сондай-ақ ЖИ-дің қазіргі және болашақтағы функцияларын талдау маңызды” [4, 41].

Дегенмен, қазіргі уақытта білім беру үдерісіне ЖИ-ді енгізудің теориясы мен әдістемесіне арналған іргелі ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Негізінен, жоғары білім беру саласында ЖИ-ді қолдануға арналған жекелеген практикалық зерттеулер, ірі корпорациялардың ЖИ-дің білім беру үдерісіне әсеріне қатысты аналитикалық шолулары, сондай-ақ, “жасанды интеллект” ұғымының мәнін айқындауға, ЖИ дамуының тарихына арналған еңбектер ғана бар [5].

Аталған оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалы іріктеледі. Оған келесі мазмұндағы бірліктер енгізілді: ББ-лар атауы, жаңа технологиялар тізбегі, ақпарат алу сұрақтарының қолданылуы (не? қайда? қашан?), модаль сөздермен құрылған құрылымдар (білетін + не істеу керек, тиіс/тиісті + не істеу керек, білуі тиіс + не істеу керек); өз көзқарасын білдіретін құрылымдар (менің ойымша т.б.), кеңес беру (керек + не істеу керек, қажет, қажет болу, үшін қажет т.б.).

#### Кесте1. Нейрондық желілерде қолданылатын оқу материалдарының бейнересурстары

| Әлеуметтік порталдар   | Нейрондық бейнересурстар                                                                                                                                                                                                                                 |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>www.youtube.com</b> | “Нейрожелілер. Фото қалай сөйлейді?” // <a href="https://www.youtube.com/watch?v=JKEgymNIHhQ&amp;list=PLEgVbxcGJ6uqaZPFlxaYX_22TUUV0hv8d;">https://www.youtube.com/watch?v=JKEgymNIHhQ&amp;list=PLEgVbxcGJ6uqaZPFlxaYX_22TUUV0hv8d;</a>                  |
| <b>www.youtube.com</b> | “Әлемдік ұстаздардың ең топ платформасы” // <a href="https://www.youtube.com/watch?v=dCrSQCw1Q3w&amp;list=PLwhOb2d53M8l-KQoV0rfX7i6lyd25_SjX;">https://www.youtube.com/watch?v=dCrSQCw1Q3w&amp;list=PLwhOb2d53M8l-KQoV0rfX7i6lyd25_SjX;</a>              |
| <b>www.youtube.com</b> | “Жасанды интеллект дос па, дұшпан ба?” // <a href="https://www.youtube.com/watch?v=iLcyYNdD6-I;">https://www.youtube.com/watch?v=iLcyYNdD6-I;</a>                                                                                                        |
| <b>www.youtube.com</b> | “Фотоны қалай сөйлетеміз? Нейросеть. Жасанды интеллект” // <a href="https://www.youtube.com/watch?v=vS1R_fjm7ms&amp;list=PLpKEXHsVgJm6v5Ijp5IV3qmrM_ztllprz">https://www.youtube.com/watch?v=vS1R_fjm7ms&amp;list=PLpKEXHsVgJm6v5Ijp5IV3qmrM_ztllprz</a> |

#### Әдіснама

Мақалада жаңа медиа дәрістерінде нейрондық желілерді инновациялық құрал ретінде пайдалану мүмкіндіктерін анықтау және бағалау мақсаты көзделді. Осы мақсатты жүзеге

асыру үшін нейрондық желілердің теориялық негіздері мен жаңа медиа саласындағы қолдану ерекшеліктері зерттеліп, ЖИ дәрістерінің мазмұны мен форматы талданды. Сонымен қатар, нейрондық желілерді енгізудің тиімді жолдары анықталып, олардың инновациялық құрал ретінде қолданылу тәжірибесі қарастырылып, артықшылықтары мен шектеулері бағаланды. *Зерттеу объектісі* ретінде жаңа медиа саласындағы білім беру процесі, ал *пән ретінде* жаңа медиа дәрістерінде нейрондық желілерді қолдану әдістері мен технологиялары таңдалды. Әдістемелік тұрғыдан зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. *Теориялық әдістер* қатарында әдеби шолу, талдау, синтез және салыстыру әдістері арқылы нейрондық желілердің негізі принциптері мен олардың жаңа медиа саласындағы қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. *Эмпирикалық әдістер* ретінде сауалнама, интервью және бақылау тәжірибелері зерделеніп, жаңа медиа дәрістерін жүргізуші мамандар мен студенттердің пікірлері жинақталды. Сондай-ақ, зерттеу аясында нейрондық желілерді енгізудің пилоттық жобасы эксперимент түрінде ұйымдастырылып, оның тиімділігі бағаланды. Осы тақырыптағы ғылыми зерттеулерге айрықша мән берілді [6]. Деректерді жинау барысында сауалнама арқылы нейрондық желілердің қолданылу деңгейі мен әсері анықталса, интервью көмегімен мамандар мен тәжірибешілердің пікірлері терең зерттелді. *Бақылау әдісі* дәрістердің видеожазбалары мен онлайн платформадағы материалдарды талдау үшін қолданылады. Жиналған деректер сандық және сапалық әдістер арқылы өңделді. Мұнда сауалнама нәтижелері статистикалық тәсілдермен, ад интервью мен бақылау материалдары мазмұндық талдау арқылы зерттелді. Нәтижелерді интерпретациялау кезінде нейрондық желілердің білім беру үдерісіндегі инновациялық рөліне ерекше назар аударылды. Зерттеу барысында қатысушылардың құпиялылығы сақталып, олардың атсалысуы алдын ала келісім алынған ерікті негізде жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері мақалада әділ және объективті түрде ұсынылды.

### Талдау мен нәтижелер

Жасанды интеллект технологиялары белгілі бір жағдайларда адамның қызметін алмастыра алады. Бұл адамның когнитивтік функцияларын имитациялайтын (соның ішінде өзін-өзі оқыту және алдын ала берілмеген алгоритмдер арқылы шешім іздеу) технологиялық шешімдер кешенін құрайды. Ол тапсырмаларды орындау кезінде кем дегенде адамның интеллектуалды қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты ЖИ технологияларына кең ауқымды бағдарламалық өнімдер, мысалы, медиадағы нейрожелілер, цифрлық медиа т.б. еніп жатыр. Нейрондық желілер – бұл үлкен көлемдегі және әртүрлі форматтағы құрылымсыз күрделі деректер жиындарын өңдеуге арналған жасанды интеллект түрі. Нейрожелілер негізінде тану немесе генерациялау қабілетіне ие оқытуға болатын бағдарламалар әзірленеді.

### Кесте 2. Нейрондық желілердің классификациясы

| Генераторлар        | Нейрондық желі атаулары                 |
|---------------------|-----------------------------------------|
| Мәтін генераторлары | “ChatGPT”, “Perplexity” және “GigaChat” |

|                                        |                                         |
|----------------------------------------|-----------------------------------------|
| <b>Анимациялық сурет генераторлары</b> | “Synthesia”, “Murf”, “D-id”             |
| <b>Музыка және видео генераторлары</b> | “Soundful”, “Runway”                    |
| <b>Презентация генераторлары</b>       | “Tome”                                  |
| <b>Сурет генераторлары</b>             | “Midjourney”, “Looka”, “Dream”, “Wepik” |

Ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесі бойынша, ЖИ-дың жоғары білім беру саласына енгізілуі дәрісті генерациялау бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Бұл бағытта ЖИ оқу курстарын, білім беру платформаларын және кросс-платформалық шешімдерді жасаудың Лукичев-Чекмарев тәжірибесі енгізілуде [7].

### Кесте 3. Дәрістерді генерациялау алгоритмі

| <b>Оқу үдерістері</b>                                  | <b>Нәтижелері</b>                                                                                                                                                       |
|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Білім беру үдерісін басқару</b>                     | ЖИ негізінде оқытуды жекелендіру алгоритмдері әзірленуде, білім беру мекемесінің барлық қызметіне талдау жүргізіледі, сондай-ақ оқыту сапасын бағалау жүзеге асырылады. |
| <b>Оқу курстарын жобалау және педагогикалық дизайн</b> | Нейрожелілер көмегімен оқытушылар сабақ жоспарларын құрастырады, оқу курстарының модульдерін қалыптастырады.                                                            |
| <b>Оқу контентін жасау</b>                             | Нейрожелілер мақсатты аудиторияның сұраныстарын ескере отырып және оқытудың жаңа талаптарына сай жаңа өзекті оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді.                |

ЖИ арқылы оқу контентін генерациялау келесі міндеттерді шешуде қолданылады:

а) материалды визуализациялау – сабақ талаптарына және оқытушының сұраныстарына сәйкес түпнұсқа суреттерді жасайды;

ә) оқу мәтіндерін, соның ішінде мультимедиа материалдарын жасау – сұраныс негізінде белгілі бір формамен нақты мазмұнға, мақсатты аудитория деңгейіне сәйкес генерациялайды;

б) дайын жаттығулар жүйесін құру – ЖИ пәні оқытушысының сұранысы бойынша әртүрлі сипаттағы жаттығуларды генерациялайтын дайын жүйелерді қалыптастырады, олардың құрамында оқытуға қажетті контент жасайды;

в) аралық және қорытынды бақылау тапсырмаларын генерациялау – нейрожелілер арқылы оқыту дағдыларының қалыптасуын бақылауға арналған тест тапсырмалары жасалады.

г) прокторинг арқылы ЖИ жүйелерінің көмегімен емтихан тапсырушылардың мінез-құлқы бақыланады;

ғ) оқытушылар тарапынан қолданылып жатқан нейрожелілер студенттердің жобалық және шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында өзара әрекеттесу құралы ретінде белсенді қолданылады;

д) оқыту практикасы аясында жоғарыда аталған ЖИ-ды қолдану тәсілдеріне қосымша ретінде қарым-қатынас жасауға бағытталған сөйлеу дағдыларын дамыту және ЖИ-ды жаңа медиа бойынша коммуникативтік тренажер ретінде пайдалану мүмкіндігі енгізіледі.

## Кесте 4. Заманауи технология трендтері

| ЖИ трендтері                                         | Қызметі                                                                                                                                                                                   |
|------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Жасанды интеллект (AI) және нейрондық желілер</b> | Дауыстық көмекшілер, стримминг қызметтер, әлеуметтік желілердегі ұсыныстар, алаяқтықты анықтау, ақылды іздеу, чатботтар және т.б.                                                         |
| <b>Метаверс</b>                                      | Веб-технологияны, цифрлық өнімді сынау, көру, беттеу мүмкіндігі                                                                                                                           |
| <b>Суперапптар</b>                                   | Қолданбалы платформа және экожүйе мәтіндері, банктік қызметтер, маркетплейс, мемлекеттік қызметтер, авиабилеттерді, өнімдерді сатып алу және онлайн төлемдер жасау жүйесін ақпараттандыру |

Соңғы екі жылда нейрондық желілер үлкен қадам жасап, AI технологиясын күнделікті өмірге енгізу жалғасуда. Жақын арада ғаламтор қазіргі маңыздылығын жоғалтып, оның орнына метаверс келуі мүмкін деген болжам бар. Мысалы, қарым-қатынас жасауға, мәтін құрауға, білім алуға, ақпарат жинауға және тіпті бизнес жүргізуге болатын жаңа вертуалды кеңістіктер пайда болады.

Мәселен, highrise – әлеуметтік желіге ұқсас ішкі маркетплейсі бар метаверс қарым-қатынас жасауға, іс-шаралар ұйымдастыруға, жер сатып алуға, ғимараттар салуға және кейіпкерлерді топтауға ыңғайлы. Highrise қолданбасын Google Play дүкенінен жүктеп алуға болады.

Ақпараттық қауіпсіздік те тренд болып табылады. Ол жеке деректеріңізді, құпия жазбаларыңызды және цифрлық мәліметтеріңізді қорғау мүмкіндігін береді, деректерге қол сұғатын сыртқы қауіптерден қорғай алады.

Айта кету керек, көптеген зерттеулерде жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу жекелеген жағдайлармен шектеледі. Мысалы, тек оқу контентін визуализациялау мақсатында немесе тек коммуникативтік тапсырмаларды орындауға арналған құрал ретінде. ЖИ-ды жаңа медиа дәрістерінде түрлі типтегі міндеттерді шешу үшін жүйелі түрде қолдану технологиясы іс жүзінде жоқ. Бұл міндеттер мына дағдылар арқылы шешіледі: 1) оқу міндеттері – интерактивті білім беру ортасын құру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру; 2) “жұмсақ дағдыларды” дамыту – креативтілік, сыни ойлау, топта жұмыс істей білу.

Осыған байланысты біз ЖИ-ды қолданатын сабақтың технологиялық құрылымдарына үңілдік. Аталған технологиялар құрамында ашық қолжетімділікке ие құралдардың ішінде негізінен нейрожелілер белсенді түрде жұмыс істейтіндіктен, олар жаңа медианы оқытуда негізгі құрал ретінде қолданылатынын байқадық.

Мақсатты аудитория қалыптастырушы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі білім беру үрдісін қалыптастыра бастаған цифрлық технологиялар мен әлеуметтік ғылымдар тоғысындағы пәнаралық бағытта жүзеге асатын жасанды интеллект зертханасын алуға болады. Жасанды интеллект зертханасындағы білім беру цифрлық технологиялар мен әлеуметтік ғылымдар тоғысындағы пәнаралық бағытта жүзеге асады. Соның арқасында нейрожелілердің озық тәжірибесі білім беру үрдісіне енгізіліп, деректі талдау, визуалды сторителлинг және үлкен тілдік модельдерді (LLM) біріктіруге жол ашылады. Зертхана жоғары сапалы кескіндермен және визуалды дерекпен жұмыс істеуге ыңғайлы заманауи LG Ultra Gear мониторларымен жабдықталған. Мұндағы ерекшелік:

- сабақтардың онлайн форматта өткізілуі;
- топтың полиэтникалық және жас ерекшелігі жағынан әртүрлі құрамы (бұл өз кезегінде кең ауқымды аудиторияға қызықты болатын оқу материалының қажеттілігін білдіреді);
- коммуникативтік қабілеттерін дамытуға студенттердің қызығушылығы;
- мақсатты аудиторияда жаңа медианың базалық деңгейінің болуы және студенттердің нейрожелілермен жұмыс алгоритмін түсінуге дайын болуы.

Мақсатты аудиторияның сұранысына сәйкес, мәселен, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде “Медиа дизайн” дәрісінде сабақ тақырыбы ретінде “Графикалық дизайн” критерийі таңдалды. Сабақтың стратегиялық мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, студенттердің нейро тілінде қарым-қатынас жасауға деген мотивациясын арттыру және коммуникация барысында психологиялық кедергілерді жою. Практикалық мақсат – “Графикалық дизайн” тақырыбы бойынша газет-журнал дизайнын жасауға қажетті коммуникативтік құрылымдарды меңгеру. Тәрбиелік мақсат – баспа мәдениетіне құрметпен қарау дағдысын қалыптастыру болса, дамытушылық мақсат – газет беттейтін графикалық бағдарламаларды негізгі коммуникациялық құрал ретінде, оның ішінде ЖИ арқылы қолдануға деген ынтаны арттыру. Сабақтың ұзақтығы – 4 академиялық сағат.

Бұл ресурстардың таңдалуы мақсатты аудиторияның қызығушылығы бойынша әртүрлі болуымен түсіндіріледі (газет-журнал беттеу, кітап мұқабасын әзірлеу, газеттің ішкі беттерінің дизайнын жасау т.б.). Сондықтан ұсынылған контент барлық қатысушыларға қызықты болуы тиіс.

